

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 1-сі



**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫ**

Түркістан, 2025

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 2-сі

Ғылыми кеңеспен бекітілді, 22 қаңтар 2025 ж. № 6 хаттама.

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша Университеттің білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1.	Жалпы ақпарат	5
2.	Қолданылған қысқартулар тізімі	6
3.	Қолданылған терминдер мен анықтамалар тізімі	7
4.	Нормативтік сілтемелер	12
5.	Университеттің сапаны қамтамасыз ету саясаты	13
6.	Университеттің академиялық адалдық саясаты	14
7.	Халықаралық ынтымақтастық	18
8.	Университеттің академиялық саясатының негіздері	20
8.1	Академиялық саясаттың мақсаты мен негізгі міндеттері	20
8.2	Академиялық саясат принциптері	21
8.3	Академиялық саясат ресурстары	22
8.4	Білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесі	23
8.5	Академиялық сапа жөніндегі кеңес	24
8.6	Академиялық комитет	27
9.	Негізгі ережелер	29
9.1	Құжаттарды қабылдау және білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау (бакалавриат)	29
9.2	Құжаттарды қабылдау және білім алушыларды жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларына қабылдау (магистратура)	31
9.3	Академиялық білім беру бағдарламасы	33
9.4	Білім алушылар мен магистранттардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	35
9.5	Бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру	36
9.6	Оқытудың кредиттік технологиясы	39
9.7	Оқытудан күтілетін нәтижелер	42
9.8	Академиялық күнтізбе (білім беру процесін жоспарлау)	43
9.9	Пәндерге тіркелу және жеке оқу жоспарларын қалыптастыру	44
9.10	Оқу сабақтарына қатысу	46
9.11	Білім алушылардың өзіндік жұмысы	47
9.12	Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы	47
9.13	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау	50
9.14	Оқу нәтижелерін бағалау, апелляция, емтихандарды қайта тапсыру	52
9.15	Кәсіби практикаларды ұйымдастыру және өту	55
9.16	Дуальды оқытуды ұйымдастыру және өткізу	56
10.	Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану	57
11.	Академиялық ұтқырлық және кредиттерді қайта есептеу	62
12.	Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқу үдерісін ұйымдастыру	63
13.	Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру	67

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 4-сі

14.	Қорытынды аттестаттау	70
15.	Білім алушыларды университеттен шығару және академиялық демалыс беру	73
16.	Курстан-курсқа ауыстыру, қайта және қосымша оқыту	74
17.	Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау	75
18.	Бос білім беру гранттарына ауыстыру	76
19.	Оқу ақысы	77
20.	Білім туралы құжат	77
21.	Түлектерді жұмысқа орналастыру	77

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 5-сі

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

1.1 «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамын (бұдан әрі – Университет) құру Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бекітілген. Оны құрудың мақсаты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында және «туристік өнімдер мен көрсетілген қызметтердің сапасын, қолжетімділігін арттыру» болды. 2020 жылғы 25 мамырда «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті» (бұдан әрі – ҚР БҒМ) Республикалық мемлекеттік мекемесі қызмет көрсету саласында кадрлар даярлау бағыты және жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша білім беру қызметін жүзеге асыруға №KZ05LAA00018250 мемлекеттік лицензия берілген.

2024 жылғы 9 қазанда Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының бұйрығына сәйкес «7М111 – Қызмет көрсету саласы» кадрларды даярлау бағыты бойынша Мемлекеттік лицензияға қосымша берілді.

Университет туристік сала мен қонақжайлылық индустриясы үшін кадрлар дайындайтын, өзінің білім беру бағдарламаларына дуальды оқыту элементтерін белсенді енгізетін жалғыз бейінді жоғары оқу орны болып табылады.

Университеттің миссиясы – қызмет көрсету саласы үшін Қазақстанның бірегейлігін нақты түсінетін, оның бай тарихын, мәдениетін, дәстүрлерін құрметтейтін және өз өмірін өз елін әлемдік деңгейде танымал етуге арнауға дайын жас мамандарды даярлау.

Университеттің ұраны: «Қазақстанның бірегейлігін өзің танып біл, оны әлемге көрсет!».

Университеттің негізгі құндылықтары: адалдық, жауапкершілік, теңдік, өзін-өзі жетілдіру және ашықтық.

Қазіргі уақытта Университетте 5 мектеп жұмыс істейді: Туризм мектебі, Қонақжайлылық мектебі, Дене шынықтыру және спорт мектебі, Гуманитарлық мектеп және Тіл мектебі. Олардың жұмысы кадрларды даярлаудың 3 бағыты бойынша жүргізіледі:

1) 6В111 – «Қызмет көрсету саласы»: «В091 – Туризм», «В093 Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі», «В092 – Тынығу»;

2) 6В014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау»: «В005 – Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау».

3) «7М111 – Қызмет көрсету саласы»: «М147 – Туризм».

1.2 Халықаралық туризм және меймандостық университетінің Академиялық саясаты (бұдан әрі – Академиялық саясат) білім алушыларға, оқытушы-профессорлар құрамына (бұдан әрі – ОПК), Университеттің құрылымдық бөлімдерінің басшылары мен қызметкерлеріне, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

1.3 Академиялық саясат Университеттің жарғысы мен даму бағдарламасына енгізілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) білім беру қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер, Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімдері өзгерген жағдайда қайта қаралады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 6-сі

1.4 Қызметкерлердің Университеттің академиялық саясатымен танысуына құрылымдық бөлімдердің басшылары; білім алушылар, ОПК және әдіскерлер – мектеп директорлары жауапты болады.

1.5 Университет басшылығы, құрылымдық бөлімдердің басшылары, мектептердің директорлары мен әдіскерлері, ОПК және білім алушыларға Академиялық саясат талаптарының орындалуына жеке жауапкершілік жүктеледі.

2. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

IUTH	International University of Tourism and Hospitality
ECTS	European Credit Transfer and Accumulation System / Еуропалық аударма және ұпай жинау жүйесі
ENQA	Жоғары білім берудегі сапа кепілдігінің Еуропалық қауымдастығы
EQF	Еуропалық біліктілік шеңбері
GPA	Үлгерімнің орташа балы
ААЖ	Автоматтандырылған ақпараттық жүйе
ДКК	Дәрігерлік-консультациялық комиссия
ЖОО	Жоғары оқу орны
АК	Аттестаттау комиссиясы
ББТ	Білім беру бағдарламаларының тобы
МЖБС	Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
ҚББ	Қашықтықтан білім беру
ҚББТ	Қашықтықтан білім беру технологиясы
ҚДБББ	Қос дипломды білім беру бағдарламасы
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тестілеу
ЖББП	Жоғары білімнің бірыңғай платформасы
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ТК	Таңдау компоненті
КТ	Кешенді тестілеу
ОКТ	Оқытудың кредиттік технологиясы
ҚР МСМ	Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігі
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ЖАОК	Жаппай ашық онлайн курстар
КеАҚ	Коммерциялық емес акционерлік қоғам
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы
ЖЖОКБҰ	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы
БББ	Білім беру бағдарламасы
ОПК	Оқытушы-профессор құрамы
АБ	Аралық бақылау
ОЖБ	Оқу жұмыс бағдарламасы
АСЖК	Академиялық сапа жөніндегі кеңес
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ББББ	Бірлескен білім беру бағдарламасы

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 7-сі

БӨЖ	Білім алушылардың өзіндік жұмысы
МӨЖ	Магистранттардың өзіндік жұмысы
ОБӨЖ	Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы
ОМӨЖ	Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы

3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

Академиялық еркіндік – білім беру процесінің субъектілеріне таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері бойынша білім мазмұнын дербес анықтау үшін, білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы.

Академиялық берешек – білім алушылардың аттестаттау процесінде алған қанағаттанарлықсыз бағалары. Білім алушының берешегі белгіленген мерзімге дейін жойылуы тиіс.

Академиялық күнтізбе – оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

Академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі.

Академиялық ұтқырлық – білім алушыларды өзі оқитын ЖОО-да оқуын жалғастыру шеңберінде – академиялық кредиттерді жинақтау мақсатында шетелге белгілі бір шектеулі оқу немесе тағылымдама кезеңіне орын ауыстыру (ұтқырлық кезеңінен кейін білім алушылар оқуды аяқтау үшін өздерінің білім беру ұйымдарына оралады);

Академиялық кезең – теориялық оқыту кезеңі: 15 аптаға созылатын семестр, 10 аптаға созылатын триместр.

Академиялық рейтинг – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушылардың пәндердің оқу бағдарламасын меңгеру деңгейінің сандық көрсеткіші.

Академиялық сағат – оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін) жасау кезінде қолданылады, оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өтілген оқу материалын жоспарлау мен есепке алуда, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есептеу кезінде пайдаланылады.

Апелляция – білім алушылардың білімін объективті емес бағалау жағдайларын анықтау және жою үшін жүргізілетін рәсім.

Асинхронды оқыту форматы – белгілі бір орын мен уақытқа байланысты емес білім беру үдерісіне қатысушылардың, оның ішінде ақпараттық жүйелердің және басқа байланыс құралдарының көмегімен өзара іс-қимылын болжайтын қашықтан оқыту немесе онлайн оқыту.

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 8-сі

оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі.

Бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі.

Blended Learning немесе аралас оқыту – білім алушы өз бетінше онлайн және оқытушымен бетпе-бет білім алатын білім беру тұжырымдамасы. Дәстүрлі әдістер мен өзекті технологияларды біріктіруге мүмкіндік береді.

Бітіруші мектеп – тиісті бейін бойынша кадрларды даярлауды және шығаруды жүзеге асыратын мектеп.

ЖОО компоненті – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖЖОКБҰ айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі.

Дескрипторлар – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы.

Дипломдық жұмыс (жоба) – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін білім алушының бітіру жұмысы;

Қашықтан оқыту – педагог пен білім алушылардың қашықтағы өзара әрекеттесуі кезінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту.

Қосымша білім беру бағдарламасы (Міног) – қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы.

Екі дипломдық білім беру – қос тең бағалы диплом немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом алу мақсатында, екі білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарлары бойынша оқу мүмкіндігі.

Оқу пәніне жазу – білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі.

Жеке оқу жоспары – білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модулдерінің көлемін және оқу қызметінің басқа түрлерін білім алушылардың игеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізілетін рәсім.

Қорытынды бақылау – аралық аттестаттау кезеңінде емтихан түрінде өткізілетін оқу пәнінің бағдарламасын игеру сапасын бағалау мақсатында білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау, егер пән бірнеше академиялық кезеңдерде оқытылса, онда қорытынды бақылау осы академиялық кезеңде оқытылған пәннің бөлігі бойынша

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 9-сі

жүргізілуі мүмкін.

Элективті пәндер каталогы – оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдерін) және күтілетін оқу нәтижелерін (игерілетін білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктерді) көрсете отырып, олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын таңдау компонентінің барлық пәндерінің жүйеленген, аннотацияланған тізбесі. Бұл құжатта әрбір оқу пәнінің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі.

Құзыреттілік – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті.

Таңдау компоненті – ЖОО ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі.

Кредит – білім алушының/оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі.

Оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу дәйектілігін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау – білім алушылардың білім деңгейін бақылаудың (ағымдағы, аралық және қорытынды) және аттестаттаудың әртүрлі нысандарымен тексеру.

Магистратура – кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі.

Жаппай ашық онлайн курс – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы.

Магистрлік диссертация – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе практикалық әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген бітіру жұмысы.

Магистрлік жоба – бейінді магистратура магистрантының таңдалған білім беру бағдарламасының өзекті проблемаларының қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бітіру жұмысы.

Модуль – дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері.

Білім беру бағдарламаларын модульдік негізде құрастыру – білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымын оқытудың мақсатына сай білім алушының кәсіби құзыреттілігінің жиынтығы болатын оқу үдерісін ұйымдастыру тұжырымдамасы негізінде кәсіптік оқыту мақсатына қол жеткізу құралы.

Формальды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 10-сі

асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып, жүргізілетін білім беру түрі.

Білім беру тағылымдамасы – білім алушының жеке жоспары немесе халықаралық (оның ішінде бірлескен) білім беру бағдарламасы негізінде оқыту, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау, онда отандық немесе шетелдік ЖОО-да зерделеу болжанатын пәндер көрсетіледі.

Міндетті компонент – МЖМС белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің, тиісті академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі.

Пәннің сипаттамасы – пәннің мақсаттары, міндеттері мен мазмұнын қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы.

Бейімдеу аптасы – білім алушыларды оқытудың кредиттік технологиясының негізгі қағидаларымен таныстыру үшін оқу жылының басталуының алдындағы апта.

Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) – негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы.

Тіркеу кеңсесі – білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін, оның академиялық рейтингісіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін академиялық қызмет.

Дипломға жалпыеуропалық қосымша (Diploma Supplement) – кез келген дәрежені немесе біліктілікті бағалау үшін қажетті толық ақпаратты қамтамасыз ететін құжат. Қосымша Еуропалық комиссияның, Еуропа Кеңесінің және ЮНЕСКО/СЕПЕС стандарттары бойынша әзірленген. Бұл құжат тек академиялық тану үшін қызмет етеді және білім туралы құжаттың ресми растауы болып табылмайды. Жоғары білім туралы дипломсыз жарамсыз.

Білім беру порталы – ҚБТ бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік ақпараты бар ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің желілік-ұйымдастыру өзара байланысқан жиынтығы.

Әріптес ЖЖОКБҰ (әріптес ЖОО) – білім және ғылым саласындағы бірлескен қызмет туралы университетпен шарт (келісім, меморандум) жасасқан шетелдік немесе Қазақстандық серіктес. Бірлескен білім беру бағдарламасы-бағдарламаны сәтті меңгерген түлектерге жоғары білім туралы тиісті құжаттарды (транскрипт, сертификаттар) бере отырып, екі (немесе одан да көп) ЖЖОКБҰ бірлескен дәрежелерін (біліктіліктерін) беруді көздейтін екі (немесе одан да көп) әріптестер (қазақстандық немесе қазақстандық және шетелдік) ЖЖОКБҰ әзірлеген және іске асыратын білім беру бағдарламасы.

Қайта тіркеу кезеңі – білім алушы бір курстан бас тартып, екіншісіне жазылу арқылы өзінің жеке оқу жоспарын өзгерте алатын кезең.

Пәнді қайта оқу – «қанағаттанарлықсыз» қорытынды баға алған жағдайда пәнді қайта оқу.

Пререквизиттер (Prerequisite) – пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 11-сі

Постреквизиттер (Postrequisite) – зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модулдер) және оқу жұмысының басқа түрлері.

Оқу нәтижелерін тану – білім алу тәжірибесенің нәтижелерін, құзыреттер мен білім жиынтығын формальдау процесі.

Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus) – оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның үйренуі тақырыбы мен ұзақтығын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімі.

Білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушының емтихан сессиясы кезеңінде бір пәннің толық көлемін немесе бір бөлігінің мазмұнын аяқтап болғаннан кейін оның игеру сапасын бағалау мақсатында өткізілетін рәсім.

Оқу жұмыс жоспары – мамандықтың және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде ЖОО дербес әзірлейтін құжат;

Аралық бақылау – бір оқу пәнінің бөлімі (модулі) аяқталғаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау. Бір оқу пәні шеңберінде бір академиялық кезең ішінде кемінде екі рет өткізіледі.

Оқыту нәтижелері – білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар.

Білім алушының өзіндік жұмысы – өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс;

Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы – ЖОО немесе оқытушының өзі айқындайтын жеке кесте бойынша жүргізілетін оқытушының жетекшілігімен білім алушының жұмысы.

Үлгерімнің орташа балы (Grade point Average – GPA) – таңдап алған бағдарлама бойынша белгілі бір оқу кезеңі ішінде білім алушының қол жеткізген білім деңгейінің орташа өлшемді бағасы (осы оқу кезеңі ішіндегі кредиттердің жалпы санына пәндер бойынша аралық аттестаттау бағалары балдарының сандық эквивалентіндегі кредиттердің жалпы сомасының қатынасы).

Білім алушылардың білім срезі – білім алушылардың академиялық оқу кезеңіндегі оқу жетістіктерін бағалау.

Синхронды оқыту форматы – білім алушылар ақпарат алатын, онымен өз бетінше немесе топтарда жұмыс істей алатын, оны басқалармен талқылай алатын ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі – АЖ) және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру үдерісіне қатысушылардың нақты уақытта тікелей байланысын (стриминг) көздейтін қашықтан оқыту немесе онлайн-оқыту қатысушылар мен оқытушылар кез келген жерден барлығы үшін бірыңғай уақыт кезеңінде.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау – оқытушының академиялық кезең ішінде аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда жүргізетін кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі тексеру.

Үлгілік оқу бағдарламасы – оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 12-сі

анықтайтын білім беру бағдарламасының жалпы білім беру пәндері цикліндегі пәннің оқу құжаты.

Транскрипт (Transcript) – кредиттер мен бағаларды көрсететін тиісті оқу кезеңі ішіндегі игерілген пәндер тізбесі мен оқу жұмысының басқа түрлерінен құралған құжат.

Формальді білім беру – техникалық, кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметіне лицензиясы бар ұйымдармен оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

Білім алушылардың оқу жетістіктері – білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері мен дағдылары, құзыреті.

Оқу модулі – білім алушылардың құзыреттіліктері тұтас немесе жартылай қалыптасатын олардың нақты оқыту нәтижелерін меңгеруіне бағытталған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі.

Цифрлық білім беру ресурсы – оқытуды интерактивті нысанда қамтамасыз ететін оқытылатын бағыттар және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық оқу материалдары.

Білім алушының цифрлық ізі – бұл LMS (Элэмэс) (оқытуды басқару жүйесі) және (немесе) өзге де платформаларда немесе ақпараттық жүйеде тіркелген Білім беру қызметінің нәтижелері туралы верификацияланған деректер жиынтығы

Эдвайзер (Advisor) – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.

Емтихан сессиясы – ЖОО білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңі.

4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 Академиялық саясат «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі (ҚР ҒЖБМ 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 13-сі

алып тастау негіздері (ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі нұсқаулық (ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы 2023 жылдың 04 мамырдағы №601 бұйрығы), Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидалары (ҚР ҒЖБМ 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында академиялық адалдық қағидастарын енгізу жөніндегі әдістемелік нұсқауы (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 587 бұйрығы), Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары (ҚР ҒЖБМ 2023 жылғы 27 шілдедегі № 361 бұйрығы) және ҚР ҒЖБМ басқа да нормативтік-құқықтық актілері, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қазіргі өзгерістер мен редакцияларға сүйене отырып әзірленді.

5. УНИВЕРСИТЕТТІҢ САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

2023-2029 жылдарға арналған «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ Даму бағдарламасына сәйкес Университеттің білім беру саясатының басты мақсаты – туризм, қонақжайлылық және бос уақытты тиімді ұйымдастыру саласында жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ету. Бұл мақсат білімнің іргелілігін сақтауға және жеке тұлға, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Бұл Саясат «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ мақсаттары мен міндеттерін айқындаудың негізі болып табылады.

Университеттің сапа саласындағы саясаты Қазақстандағы үздік мамандарды алдын ала даярлау жүйесін құруға бағытталған. Бұл мақсатқа бірегей оқу бағдарламалары мен академиялық ұтқырлық негізінде білім алушыларға оқу деңгейін, мазмұнын, формасы мен мерзімін таңдауда кең мүмкіндіктер беру арқылы қол жеткізіледі.

Осы саясатты іске асыру мыналарды көздейді:

- білім алушыларға ұлттық және халықаралық стандарттарға негізделген сапалы білім беру қызметтерін ұсыну;
- туризм, қонақжайлылық, тынығу және бизнес саласында оқытудың инновациялық әдістерін енгізу және жоғары білікті шетелдік және отандық мамандарды тарту арқылы студенттік орталықтандырылған оқыту;
- туризм, қонақжайлылық және тынығу саласындағы халықаралық жетекші жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- туризм, қонақжайлылық, тынығу және бизнес индустриясы үшін әртүрлі жабдықтармен және құралдармен жоғары технологиялық оқу зертханаларын құруды көздейтін Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту;
- іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамыту, олардың нәтижелерін өндіріске енгізу және коммерцияландыру;
- білім беру қызметтері мен ғылыми-зерттеу қызметінің деңгейін арттыруға бағытталған сапаны нығайту;
- өзара тиімді ғылыми-білім беру және өзге де жобаларды іске асыру, оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығы, сондай-ақ Университетте

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 14-сі

оқу үшін шетелдік азаматтарды тарту мақсатында шетелдік әріптестермен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;

- студент жастардың да, оқытушы-профессорлық құрамның да қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін үйлесімді дамуға және қажетті жағдайлар жасауға жәрдемдесу;

- Университеттің танымал брендин құру.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттың негізгі қағидаттары:

1) Студенттер мен басқа да мүдделі тұлғалар Университеттің сапа және стандарттар саласындағы саясаты мен тетіктерін қалыптастыруға негізгі үлес қосады;

2) Университеттің ОПҚ жеке де, топтарда да оқыту сапасын арттыру үшін жауапкершілікті өз мойнына алады, ал білім алушылар, ересек білім алушылар ретінде өз білімі үшін жауапкершілікті өз мойнына алады;

3) Ынтымақтастықты арттыру және озық тәжірибемен алмасу мақсатында жақсартудың әлеуетті салаларын анықтау үшін алқалы және қатаң сыртқы бағалау өте маңызды;

4) Университет процедураларында академиялық стандарттарды салыстыра талдау (бенчмаркинг) пайдаланылады;

5) Сапа мен стандарттарға қатысты университетішілік саясат пен рәсімдер – тез өзгеретін сыртқы және ішкі орта жағдайында олардың мақсаттар үшін тұрақты жарамдылығын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты шолу;

6) Жоғары басшылық менеджмент жүйесінің осы саясатқа сәйкестігін қолдау, осы жүйені үнемі жетілдіру, Университеттің жоғары әлеуметтік жауапкершілігін ескере отырып, қазіргі заманғы өзекті білім беру, ғылыми-техникалық әзірлемелерді назарға ала отырып, зияткерлік меншікті басқара отырып және мүдделі тараптардың талаптары мен үміттерін ескере отырып, оның барлық белгіленген заңнамалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті өзіне алады.

Сапаны қамтамасыз ету саясаты Университетті басқарудың ажырамас элементі және оның білім беру қызметін жоспарлаудың негізі болып табылады. Университет басшылығы барлық ұжымның осы саясатты тиімді іске асыруын қамтамасыз етуі тиіс. Университеттің әрбір қызметкері өз құзыреті шегінде өз жұмысының сапасы үшін дербес жауапты болады. Әркім Университеттің әл-ауқаты мен оның қызметкерлерінің әл-ауқаты тұтынушылардың жұмыс сапасына қанағаттану деңгейіне байланысты екенін түсінуі керек.

6. УНИВЕРСИТЕТТІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫ

6.1 Академиялық адалдық саясатының (бұдан әрі – Саясат) мақсаты – білім алушылар, оқытушы-профессорлық құрам және Университет қызметкерлері арасында адалдық қағидаттарын қалыптастыру, ашық, шынайы және сенімді қарым-қатынастарды дамыту, сондай-ақ өмірде адалдықты нығайтудағы жауапкершілікті арттыру.

6.2 Академиялық адалдық – Университеттің білім беру процесінде маңызды құндылықтардың бірі болып табылады.

6.3 Білім алушылардың барлық жазбаша жұмыстарын, оқытушы-профессорлық құрам мен қызметкерлердің оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерін тексеру тәртібі және қамтамасыз етілуі «Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын плагиатқа тексеру тәртібі

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 15-сі

туралы ереже» негізінде реттеледі, бұл процестер бағдарламалық қамтамасыз ету мен бейнемониторинг жүйелерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

6.4 Академиялық адалдықтың негізгі қағидаттары:

- **адалдық** – білім алушылардың оқу жұмыстарының бағаланатын және бағаланбайтын түрлерін адал, лайықты орындауы;
- **автордың және оның құқықтық мирасқорларының құқықтарын қорғауды жүзеге асыру** – бағаланатын жұмыстарда басқаның сөзін, ойын дұрыс беру және ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлық құқық объектісі болып табылатын туындылардың авторлығын және қорғалуын тану;
- **ашықтық** – өзара сенім, білім алушылар мен оқытушылар арасында ақпарат және идеялармен ашық алмасу;
- **білім алушылардың құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеу** – өз пікірлері мен идеяларын еркін білдіру құқығы;
- **теңдік** – әрбір білім алушы академиялық адалдық қағидаларының сақталуын және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілікті қамтамасыз етеді.
- **заңнаманы сақтау** – заңнаманың нормаларын ескере отырып әзірленген қолданыстағы заңнаманың және Университеттің ішкі құжаттарының талаптарын орындау;
- **әділеттілік** – қызметкерлерге, студенттерге және мүдделі тұлғаларға этикалық көзқарас;
- **айқындық** – Университет және оның жетістіктері мен қызметінің нәтижелері туралы ақпараттың барынша ашықтығына және сенімділігіне ұмтылу;
- **жауапкершілік** – алынған міндеттемелерге, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен белгіленген шарттық қатынастарға, іскерлік айналым дәстүрлеріне және моральдық-адамгершілік қағидаттарына жауапкершілікпен қарау;
- **Ақұзыреттілік және кәсібилік** – Университет қызметкерлерінің тиісті білімі, жұмыс тәжірибесі, салмақты және жауапты шешім қабылдай білуі.
- **коррупцияға қарсы іс-қимыл** – коррупцияға қарсы субъектілердің өз өкілеттіктері шеңберінде коррупцияны алдын алу, оның ішінде қоғамда антикоррупциялық мәдениетті қалыптастыру, коррупциялық құқық бұзушылықтарға себепші болатын жағдайлар мен факторларды анықтап, жою, сондай-ақ коррупциялық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу, сонымен қатар олардың салдарларын жою бойынша әрекеттері.

6.5 Білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері:

Білім алушылардың құқығы:

- осы Саясаттың мәтінімен танысу;
- оқу үдерісінде жеке пікірін еркін білдіру;
- осы Саясатты бұзғаны үшін негізсіз айыптаудан қорғануға және дәлелдемелер ұсыну.

Білім алушылар міндеттері:

- осы Саясаттың мәтінімен танысу және оны бұзудың салдарын білу;
- бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды орындау кезінде академиялық адалдықты қатаң сақтау;
- басқа адамның сөзі мен ойын авторды, шығарманың атауын және бетін көрсете отырып қолдану;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 16-сі

- бағалау жұмыстарының соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімін көрсету;
- нақты және сенімді ақпарат көздерін пайдалану;
- басқа білім алушыларға өзінің орындалған бағаланатын жұмысын ұсынбау;
- тапсырмалардың барлық түрлерін өз бетінше орындау;
- тесттерге, жаттығулар мен тапсырмаларға дайын жауаптарды, дайын жазбаша жұмыстарды (эссе, дипломдық жұмыс (жоба), магистрлік диссертация (жоба)) пайдаланбау;

- емтихандарда шпаргалкаларды, электронды ақпарат құралдарын және байланыс құралдарын пайдаланбау;

- емтихан тапсыру кезінде білім алушы: сәйкестендіруден өту үшін өзімен бірге жеке куәлігін алып жүруге; мобильді құрылғылар болған кезде оларды жауапты кезекшіге тапсыруға; жеке заттарын (сөмкелер, әмияндар, кітаптар, қарындаштар, электрондық құрылғылар және т. б.) емтихан аудиториясынан тыс немесе кезекші көрсеткен жерде қалдыруға; жазбаша емтиханда отырғызу тәртібі бойынша кезекшілердің талаптарын орындау; бағаланатын жұмыстың жауаптарын кез келген жолмен, соның ішінде аудиториядан шыққан кезде алу; емтихан басталғаннан кейін емтихан алушының рұқсатынсыз аудиторияға кірмеу;

- емтиханның алғашқы 30 минутында аудиториядан шығуға тыйым салынады;
- ұзақтығы 60 минуттан асатын емтихандарда аудиториядан жеке мақсатта бір рет шығуға рұқсат етіледі;

- емтихан аяқталғаннан кейін кезекшіге (оқытушыға) жауап парақтарын тапсыру қажет;

- өзінің дайын жауаптары мен жұмыстарын басқа білім алушыларға бермеуге және оқытудың адалдығы мен шынайылығына күмән келтіретін, басқа білім алушылардың нәтижелеріне нұқсан келтіретін мінез-құлыққа жол бермеуге тиіс.

6.6 ОПК, Университет қызметкерлерінің құқығы:

- білім алушылардан академиялық адалдық негізгі қағидаттарын сақтауды талап ету;

- оқу процесінде өз пікірін еркін білдіру;
- осы Саясатты бұзғаны үшін негізсіз айыптаудан қорғануға және дәлелдемелер ұсыну.

6.7 ОПК, Университет қызметкерлерінің міндеттері:

- білім алушылар арасында ақпараттық жұмыс жүргізу;
- білім алушыларға сенімді және дұрыс ақпарат көздерін таңдауды үйрету және көмек көрсету;

- сілтемелерді, пайдаланылған әдебиеттер тізімін рәсімдеу тәсілдерін үйрету;
- білім алушыларға орындалатын жұмыстың барлық қатысушыларының авторлығын көрсете отырып, қағаз, электрондық, цифрлық жеткізгіштерде жобалық қызмет түрлерін рәсімдеу тәсілдерін үйрету;

- оқу үдерісінде өз пікірін білдіруге үйрету;
- бағаланатын жұмысты орындамас бұрын білім алушылармен академиялық адалдықты сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 17-сі

– осы Саясатта белгіленген талаптарды бұзу мүмкіндіктерінің кез келгеніне тосқауыл қою;

– осы Саясатты бұзудың әрбір жағдайын қатаң есепке алып отыру;

– Саясатты бұзудың әрбір жағдайы туралы мектептерді жазбаша түрде хабардар ету.

6.8 Оқу үдерісіне қатысушылар академиялық адалдық принциптерін бұзғаны үшін моральдық жауапкершілікке ие екенін есте ұстауы керек.

6.9 Плагиат, бақылау жұмыстары, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертацияларды (жобаларды) сатып алу және сату қарапайым ережелерді бұзу шеңберінен шығу ретінде қарастырылады, олар Университет үшін адалдықты бұзушылық болып табылады және басқалардың материалдарын пайдаланғаны үшін жазаға тартылады.

6.10 Оқытушылар бұзушылықтың әрбір жағдайын тіркейді және білім алушының ағымдағы немесе қорытынды жұмысына бағалау рәсіміне жол берілмейді. Білім алушыға сөгіс жарияланады, одан әрі оқудан шығарылғанға дейін шаралар қолданылуы мүмкін.

6.11 Оқытушылар білім алушыларды жұмыстардың веб-жүйенің көмегімен плагиаттың бар-жоғына тексерілетіндігі туралы хабардар етуге кепілдік береді.

6.12 Академиялық адалдықты бұзудың осы тізімі қажеттілік туындаған жағдайда толықтырылуы мүмкін.

6.13 Алдын алу шаралары:

– білім беру үдерісінің қатысушылары арасында академиялық мәдениетті және адалдықты дамыту бойынша тұрақты мақсатты жұмыстар жүргізу;

– барлық оқу үдерісінің қатысушылары тарапынан академиялық адалдықты насихаттау;

– білім алушылардың барлық жазбаша жұмыстарын (ағымдағы, аралық бақылау), дипломдық жұмыстарын (жобаларын), магистрлік диссертацияларын (жобаларын) Университет талаптарына сәйкес плагиатқа тексеру;

– оқытушылар мен қызметкерлердің ғылыми-зерттеу, оқу және оқу-әдістемелік жұмыстарын плагиатқа тексеру;

– Университеттің оқу үдерісінің қатысушылары арасында академиялық адалдықтың бұзылуына барлық түріне төзімсіздік мәдениетін қалыптастыру.

6.14 Бос білім беру гранттарын бөлу кезінде Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында:

– Университет сайтында және білім алушылармен байланыстың өзге де арналарында бос білім беру гранттарының бар екендігі туралы уақтылы хабарлау;

– құжаттардың толық пакетін жинау үшін жеткілікті болатын, ақылға қонымды мерзімді белгілеу;

– ЖЖОКБҰ алқалы органдары шешімдерінің хаттамаларын және өтініш білдірген кандидаттардың құжаттарын әзірлеу.

6.15 Жатақханадағы орындарды бөлу кезінде Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында:

– Университет сайтында және білім алушылармен байланыстың өзге де арналарында жатақханада орын бар екендігі туралы хабарландыруды уақтылы орналастыру;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 18-сі

– нақты білім алушыға жатақханада орын беру туралы шешімді бекітетін құжаттарды әзірлеу;

– жатақханадан орын беру туралы бұйрықтар мен хаттамаларға сәйкес жатақханада тұратын білім алушылардың деректерін талдау.

6.16 Академиялық адалдықты бұзу жағдайлары анықталуы мүмкін:

- ағымдағы бағалау кезінде;
- қорытынды бағалау кезінде.

6.17 Білім алушылардың оқу жетістіктеріне ағымдағы бағалау жүргізу кезінде плагиат, сөз байласу, алдау анықталған жағдайда:

– оқытушы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық және аралық бақылаулар, аралық және қорытынды аттестаттаулар өткізу және жазғы семестрді ұйымдастыру ережесіне» сәйкес ережені бұзу туралы акт жасайды және білім алушыны онымен таныстырады. Тиісті заттай дәлелдемелері бар саясатты бұзу туралы акт және білім алушылардың жұмыстарының көшірмелері Тіркеу кеңсесіне беріледі;

– егер бұзушылық жүйелі түрде (үш және одан да көп рет) орын алса, оқытушы белгіленген форма бойынша Саясатты бұзу туралы акт жасайды. Акт, тиісті заттай дәлелдеме және білім алушының жұмысының көшірмесі мектеп директорының қарауына беріледі, ал директор барлық құжаттарды Тіртiптiк кеңестiң қарауына жібереді.

6.18 Бағалаудың бұрмалануы, бағаланатын жұмыстың деректері анықталған, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын адал емес жолмен алған, білім алушылардың оқу жетістіктерін ағымдағы бағалауды жүргізу кезінде ақпаратты немесе құрылғыларды заңсыз пайдаланған жағдайда оқытушы Академиялық адалдық қағидаларын бұзу туралы акт жасайды, эдвайзердің қатысуымен білім алушымен әңгіме жүргізеді.

6.19 Бұзушылықтар жасаған білім алушыларға тәртіптік жаза (жұмыс үшін бағаны төмендету), жазбаша жұмысты қайта орындау, сөгіс, жазғы семестрге ақылы негізде қалдыру, ата-аналарды хабардар ету, Университет сайтында ақпарат орналастыру, ЖОО-дан шығару шаралары қолданылады.

6.20 Білім алушылар бағалайтын жұмыстарды орындау кезінде парақорлық, алдау, деректерді бұрмалау, дипломдық жұмыстарды/жобаларды, магистрлік диссертацияларды сату анықталған жағдайда, университет оқытушысы/қызметкері жұмыстан шығарылғанға дейін тәртіптік жазаға тартылады.

6.21 Тәртіптік кеңестің жұмысын ұйымдастыру Университеттің ішкі тәртіп қағидалары және ережелерімен реттеледі.

6.22 Академиялық адалдықты бұзғаны үшін Университеттен шығарылған білім алушылар Университет білім алушылар контингентіне қайта қабылданбайды.

6.23 Академиялық тәртіптің дұрыс сақталмауына байланысты еңбек шартын тоқтатқан оқытушылар мен қызметкерлер Университетте қайта жұмысқа алынбайды.

7. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

7.1 Принциптері:

7.1.1 Академиялық еркіндік пен өзара құрмет. Университеттің халықаралық ынтымақтастығы академиялық еркіндікті, мәдени сан алуандықты және шетелдік серіктестермен тең құқылы өзара қарым-қатынасты құрметтеуге негізінделген.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 19-сі

7.1.2 Өзара тиімділік пен жауапкершілік. Барлық халықаралық жобалар мен бастамалар өзара тиімділікке бағытталады, білім алушылар, оқытушылар және серіктес мекемелер үшін ортақ пайда мен мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

7.1.3 Сапа және инновация. Университет білім беру сапасын, ғылыми зерттеулер мен білім беру қызметтерін жақсартуға бағытталған озық халықаралық тәжірибелерді енгізуге ұмтылады.

7.1.4 Тұрақтылық және ұзақ мерзімді қатынастар. Университет ынтымақтастықты дамыту үшін шетелдік білім беру және ғылыми мекемелермен тұрақты әрі ұзақ мерзімді серіктестік қатынастарды қалыптастырады.

7.1.5 Инклюзивтілік және тең мүмкіндік. Университеттің халықаралық ынтымақтастығы барлық білім алушылар мен оқытушыларға әлеуметтік және мәдени ерекшеліктеріне қарамастан, білім беру және зерттеу бағдарламаларына қатысу үшін тең мүмкіндіктер ұсынуды көздейді.

7.2 Міндеттері:

7.2.1 Бірлескен білім беру бағдарламаларын, академиялық алмасулар мен ғылыми жобаларды жүзеге асыру мақсатында шетелдік университеттермен, ғылыми және білім беру мекемелерімен ынтымақтастық туралы келісімдер жасасу.

7.2.2 Халықаралық рейтингтерге қатысу және ғылыми бастамаларды жүзеге асыру мақсатында жетекші шетелдік университеттермен және білім беру қауымдастықтарымен желілік өзара әрекеттестікті кеңейту.

7.2.3 Білім алушылар, оқытушылар және ғылыми қызметкерлер үшін академиялық алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру.

7.2.4 Білім сапасын арттыру және білім алушылардың мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында шетелдік серіктестермен бірлескен білім беру бағдарламаларын, соның ішінде қос диплом бағдарламаларын әзірлеу.

7.3 Мақсаттар:

7.3.1 Білім алушылар мен оқытушылардың академиялық және кәсіби дамуына ықпал етіп, оларды жаһандық сын-талаптарға бейімдеу үшін алмасу және тағылымдамадан өту бағдарламаларының санын көбейту.

7.3.2 Университеттің әлемдік білім беру кеңістігінде беделін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін халықаралық рейтингтерге белсенді қатысу, бұл көбірек халықаралық серіктестерді, студенттер мен зерттеушілерді тартуға ықпал етеді.

7.3.3 Білім беру процесінің сапасын арттыру, мәдени алмасу және инновациялық тәсілдерді енгізу мақсатында шетелдік студенттерді, оқытушыларды және зерттеушілерді тарту арқылы әртүрлі әрі инклюзивті академиялық ортаны қалыптастыру.

7.3.4 Университеттің халықаралық ғылыми және білім беру консорциумдарына қатысуын кеңейту, бұл әлемдік үздік тәжірибелерді енгізуге және бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын дамытуға мүмкіндік береді.

7.3.5 Студенттерге халықаралық деңгейде танылатын біліктіліктер алу мүмкіндігін беру үшін жетекші шетелдік университеттер және институттармен бірлескен білім беру бағдарламаларын, соның ішінде қос диплом бағдарламаларын әзірлеу.

7.3.6 Оқытушылар мен әкімшілік персоналдың кәсіби дамуына қолдау көрсету, оның ішінде халықаралық конференцияларға, семинарларға және курстарға қатысу арқылы олардың құзыреттілігін арттыру және басқару мен оқыту деңгейін жақсарту.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 20-сі

7.3.7 Студенттер мен оқытушылардың халықаралық байқауларға, семинарларға және форумдарға қатысуына жағдай жасау.

7.4. Бағдарламалар:

7.4.1 Білім алушыларға арналған бағдарламалар:

– Шетелдік оқу орындарымен білім алушыларды алмасу бағдарламаларын ұйымдастыру.

– Шетелдік компанияларда, кәсіпорындарда және ғылыми мекемелерде білім алушылар үшін халықаралық тағылымдамалар мен тәжірибелер ұйымдастыру.

– Халықаралық университеттермен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу, соның ішінде қос диплом бағдарламалары.

7.4.2 Оқытушылар мен қызметкерлерге арналған бағдарламалар:

– Шетелдік университеттермен оқытушылар алмасу.

– Оқытушылар мен қызметкерлердің әлемнің жетекші оқу және ғылыми орталықтарында біліктілікті арттыру бағдарламаларына қатысуы олардың кәсіби дағдыларын нығайтуға және білім беру үдерісінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

– Оқытушылар мен қызметкерлердің өзекті ғылыми және білім беру міндеттерін шешуге бағытталған халықаралық ғылыми жобалар мен консорциумдарға қатысуы Университеттің ғылыми қауымдастықтағы позициясын нығайтуға ықпал етеді.

– Оқытушылар мен қызметкерлердің халықаралық конференциялар мен форумдарға қатысуы тәжірибе алмасуға, озық идеяларды енгізуге және Университеттің халықаралық аренадағы беделін арттыруға мүмкіндік береді.

8. УНИВЕРСИТЕТТІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

8.1 Академиялық саясаттың мақсаты мен негізгі міндеттері

8.1.1 Академиялық саясаттың мақсаты Оқытудың кредиттік технологиясына (бұдан әрі – ОКТ) сәйкес оқу процесін ұйымдастырудың негізгі ұғымдарын, тәртібін, сондай-ақ Университетте білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарын айқындау болып табылады.

8.1.2 Академиялық саясаттың негізгі міндеттері:

– сапалы білім беру қызметтерін ұсыну, процестердің нәтижелілігі (білім беру, ғылыми-зерттеу), оқу ресурстарымен қамтамасыз ету;

– оқытудың инновациялық әдістері арқылы студенттік орталықтандырылған оқыту және туризм, қонақжайлылық, тынығу салаларында жоғары білікті шетелдік және отандық мамандарды тарту;

– туризм, қонақжайлылық және тынығу саласында халықаралық жетекші жоғары оқу орындарымен қос дипломды, бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

– қонақжайлылық индустриясы үшін әртүрлі туристік жабдықтармен және жоғары технологиялық оқу зертханаларын құру;

– іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді дамыту, ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау;

– ЖОО-ның халықаралық ынтымақтастық бағдарламасын, оқытушылар мен білім алушылардың академиялық ұтқырлығын кеңейту;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 21-сі

– студент жастардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін үйлесімді дамуға және қажетті жағдайлар жасауға жәрдемдесу.

8.2 Академиялық саясат принциптері

Академиялық саясаттың ережелер мен нұсқаулар жүйесінде оны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін негізгі принциптері:

1) Университеттің білім беру қызметінің (білім беру және оқыту) сапасының әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестігі қағидаты. Осы қағида аясында білім беру бағдарламаларының мазмұны мен іске асыру процесі жасалады. Әрбір білім беру бағдарламасы қол жеткізілген оқу нәтижелерімен өлшенетін біліктіліктің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге арналған және біліктілік талаптары жүйесі ретінде нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін бағдарламаның мазмұны халықаралық танылған ғылыми білімге негізделуі керек.

2) Білім беру процесінің білім алушыға бағытталған принципі. Бұл қағида Университеттің білім беру процесінің келесі параметрлерге сәйкестігін болжайды:

– тиімді оқыту әрекеті арқылы оқытушылар мен білім алушылардың жеке ұмтылыстары мен әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруда белсенділігін арттыру үшін білім алушыға бағытталған оқу ортасын қалыптастыру;

– оқу бағдарламаларының білім алушыға бағыты: білім беру бағдарламасы мәлімдейтін, өзгеріп жатқан еңбек нарығында қажет болатын білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру параметрлерінде күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу;

– жоғары білім деңгейлерінің біліктілік талаптарына, заманауи еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес оқу нәтижелерін қалыптастыруда оқытушылардың, білім алушылардың, жұмыс берушілердің бірлескен жұмысын жақсарту, халықаралық жетістікке жеткен қазіргі ғылыми біліммен қамтамасыз ету.

3) Білім, ғылым және өндірістің интеграциялану принципі. Білім беру бағдарламасының жүйелік мазмұны, ғылым мен өндіріс, әсіресе жоғары технологиялар арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. Принципті іске асыру мыналарға бағытталған:

– салалық құрылымдар мен кәсіби стандарттар негізінде әзірленген Университеттің тәжірибеге бағытталған типтегі білім беру бағдарламаларын көбейту;

– жетекші шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу;

4) Өмір бойы білім алу қағидасы. Осы қағиданы іске асыру:

– басқа ЖОО-да, оның ішінде шетелдік ЖОО-да бағдарламаны орындау процесінде алынған кредиттерді мойындауды;

– жаңа академиялық және кәсіби мақсаттарға жету үшін шетелдік университеттер берген біліктілікті мойындауды;

– азаматтардың барлық санаттары үшін қазіргі заманғы оқыту технологиялары негізінде білім берудің қолжетімділігі, ашықтығы;

– өзін-өзі бағалау, тұрақты кәсіби өсу қабілетін қалыптастыру; өзінің әрі қарайғы білім беру траекториясын, әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығын анықтауы.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 22-сі

5) Білім беруді интернационалдандыру қағидаты. Бұл қағида Университеттің халықаралық білім беру қызметінің түрлері мен нысандары жүйесінде жүзеге асырылады, бұл оның әлемдік білім беру процесіне ену фактісімен расталады. Университет үшін ең перспективалы және маңызды болып табылады:

- білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық еуропалық желілердің мүшелері болып табылатын агенттіктерде білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу;
- мамандарды бірлесіп даярлау бағдарламалары бойынша шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен білім беру қызметіндегі ынтымақтастық (қос дипломды білім беру);
- білім алушылар мен оқытушылардың ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығы.

8.3 Академиялық саясат ресурстары

8.3.1 Университет ОКТ бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асырады, оның негізгі міндеті білім алушылардың оқу процесін регламенттеу және кредит түріндегі білім көлемін есепке алу шеңберінде білім беру траекториясын таңдау негізінде өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі тәрбиелеу қабілеттерін дамыту болып табылады.

8.3.2 Білім беру бағдарламаларын іске асыру процестері мен рәсімдері біліктілік талаптарына сәйкес келетін оқытудың жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізу үшін сапалы орта құруға мүмкіндік беретін ішкі және сыртқы ресурстар жүйелерімен қамтамасыз етіледі.

8.3.3 Ішкі және сыртқы ресурстар білім беру қызметінің субъектілері оны қарым-қатынастардың, өзара байланыстар мен өзара әрекеттестігінің белгілі бір жүйесінде жүзеге асыратын ортаны қалыптастырады: білім алушы – оқытушы; бағдарлама үйлестірушісі – жұмыс беруші, тапсырыс беруші, басқа да мүдделі тұлғалар. Ішкі ресурстарға: ОПҚ кадр ресурсы, инфрақұрылым, білім беру, ғылыми-зерттеу, тәрбие қызметінің өзара байланысты және өзара әрекеттес процестерінің жүйесі, оқу процесінде білім беру бағдарламаларын жоспарлау, іске асыру рәсімдері, оқыту нәтижелерін бағалау саясаты, олардың көрсеткіштерінің өлшенуі негізінде оқыту нәтижелерінің сапасын бағалау рәсімдері, сапаның ішкі мониторингі рәсімдері, ақпараттық-технологиялық сүйемелдеу процедуралары.

8.3.4 Ішкі ресурстар Университеттің білім беру қызметінің тұжырымдамасын құруға мүмкіндік береді: күтілетін нәтижелер жүйесіндегі Дублин дескрипторлары негізінде сипатталған біліктілік талаптары білім беру бағдарламаларының заманауи ғылыми мазмұнымен қамтамасыз етіледі, оларды жоспарлау, іске асыру қазіргі заманның технологиялық және әдістемелік басымдықтарына негізделген білім беру процесін ұйымдастыру әдіснамасымен, сондай-ақ қол жеткізілген нәтижелерді бақылау әдіснамасымен қамтамасыз етіледі.

8.3.5 Академиялық саясат білім беру процесіне қызмет ететін барлық процестер мен рәсімдердің сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған. Білім беру бағдарламаларын сапалы іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған маңызды рәсімдер:

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 23-сі

– ғылыми біліктілік деңгейі, заманауи кәсіптік білім берудің мәніне тұжырымдамалық көзқарастардың қалыптасуы, өзінің білім беру бағдарламасы шеңберінде оқытудың қазіргі заманғы әдіснамаларын пайдалану қабілеті, сондай-ақ оқытудың жаңа технологияларын жеке кәсіптік қызмет саласына генерациялау және трансферттеу қабілеті арқасында оқыту сапасының кепілдігін қамтамасыз етуге қабілетті ОПҚ кадр ресурсын қалыптастыру;

– білім беру бағдарламаларының сапасын жоспарлау, іске асыру және мониторингілеу, оларды ақпараттық-технологиялық сүйемелдеу жүйесін әзірлеу, ол Университеттің миссиясы мен стратегиясында айқындалған қағидаттарға негізделеді, атап айтқанда: сапа деңгейінің тұрақты мониторингі және осы деңгейді арттыруға бағытталған іс-қимылдардың орындалуы; білім алушыларды сапаны бағалау рәсімдеріне тарту; білім беру сапасын бағалау субъектілерінің шеңберінде жұмыс берушілердің, кәсіптік қауымдастықтар мен ғылыми қауымдастықтар өкілдерінің, сапаны бағалау рәсімдерінің ашықтығы және толық объективті ақпаратты талдау негізінде шешімдер қабылдау;

– білім беру ортасын қалыптастырудың оқу және оқу-әдістемелік ресурстарын құру, онда оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін жүзеге асыру.

Білім беру рәсімдерінің мазмұны, нысаны мен функциялары және олардың өзара іс-қимылы академиялық саясаттың құрамдас бөлігі ретінде Ішкі оқу-әдістемелік құжаттама жүйесімен реттеледі және сүйемелденеді. Білім беру бағдарламаларын іске асырудың сыртқы ресурстарына мыналар жатады:

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ), Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ТСМ) нормативтік құқықтық актілері;

– Еуропалық университеттердің Ұлы Хартиясы, Еуропалық біліктілік шеңбері (Дублин дескрипторы), Халықаралық және ұлттық мамандықтар жіктеуіші;

– Еуропалық білім беру кеңістігіндегі қатынастарды дамытып жетілдіруге бағытталған Болон келісімі мүшелерінің мәжілістері мен конференцияларында әр жылдары қабылданған барлық декларациялар, конвенциялар, коммюникелер;

– кәсіби стандарттар контекстінде біліктілік талаптарының жүйесі ретінде білім беру бағдарламалары бойынша оқытудың күтілетін нәтижелерін айқындау процедураларына қатысуын көздейтін тұрақты коммуникациялық негізде құрылған тұтынушылармен (жұмыс берушілермен және мүдделі тұлғалармен) қатынастар; еңбек нарығының қажеттіліктері мен даму үрдістерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын түзету; білім алушылардың ғылыми-зерттеу қызметіне, олардың кәсіби практикасына басшылық ету.

8.4 Білім беру сапасына кепілдік беру жүйесі

8.4.1 Университеттегі білім беру сапасына кепілдік беру жүйесі еуропалық жоғары білім сапасына кепілдік беру қауымдастығының (ENQA) еуропалық стандарттары мен директиваларына негізделген.

8.4.2 Университетте білім беру сапасын қамтамасыз ету саясаты және көрсетілетін білім беру қызметтері сапасының талап етілетін деңгейін айқындайтын, оған қол жеткізуді

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 24-сі

қамтамасыз ететін сапа менеджменті жүйесі (бұдан әрі – СМЖ) бойынша құжатталған рәсімдер рәсімделген.

8.4.3 Университетте білім беру қызметтерінің сапасына мониторинг пен бағалауды Академиялық даму бөлімі Сапаны қамтамасыз ету бөлімімен бірлесіп жүзеге асырады.

8.4.4 Университеттің білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту үшін халықаралық және ұлттық аккредиттеу агенттіктерімен институционалдық, бағдарламалық аккредиттеу жөніндегі іс-шараларды іске асыруды Университет Ректорының бұйрығымен қалыптастырылған аккредиттеуге дайындық жөніндегі жұмыс топтарын үйлестіретін Сапаны қамтамасыз ету бөлімі жүзеге асырады.

Аккредиттеу академиялық қоғамдастық өкілдерінен, жұмыс берушілерден, білім алушылардан және кәсіптік қауымдастықтардан тұратын сараптамалық топ бағалайтын ерекше рәсім және білім беру сапасын қамтамасыз етудің негізгі құралы болып табылатын мемлекеттік емес ұйым.

Университет тұрақты негізде сапа кепілдігі үшін еуропалық стандарттар мен ұсынымдарға сәйкес білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық аккредиттеу арқылы сапаны сырттай бағалау рәсімін жүзеге асырады. Университеттің аккредиттелген білім беру бағдарламаларының халықаралық аккредиттеу агенттіктеріндегі үлесі кемінде 100 пайызды құрауы тиіс.

8.4.5 Университеттің басшылығы, қызметкерлері, ОПК және білім алушылары академиялық саясаттың талаптарын, бекітілген стандарттарды, ережелерді, рәсімдер мен регламенттерді ұстануға міндетті:

- ғылыми-білім беру үдерісін ұйымдастыру;
- ғылыми-білім беру үдерісін іске асыру (оқыту және аттестаттау үдерістерін қоса алғанда);
- білім алушыларды қабылдау;
- ОПК мен қызметкерлерді іріктеу және қабылдау;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сараптау және бекіту;
- ғылыми білім беру процесін ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету;
- Университетте ғылыми білім беру үдерісін іске асыру барысы туралы ақпаратты мониторингілеу және талдау;
- сыртқы және ішкі стейкхолдерлермен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру;
- Университеттегі ғылыми-білім беру үдерісінің іске асырылу барысы туралы қоғамды хабардар ету.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия жұмыс істейді, оның құрамына құрылымдық бөлімдердің, мектептердің, ОПК, жұмыс берушілер мен білім алушылардың өкілдері кіреді. Құрамы жыл сайын жаңартылып, Университет Ректорының бұйрығымен бекітіледі.

8.5 Академиялық сапа жөніндегі кеңес

8.5.1 Академиялық сапа жөніндегі кеңес (бұдан әрі – АСК) мектепте сапаны қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыруды, іске асыруды және бағалауды бақылайтын алқалық ұйым болып табылады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 25-сі

8.5.2 АСК – Университеттегі білім беру қызметінің сапасын Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің талаптарына сәйкестендіру мақсатында құрылады.

8.5.3 АСК қызметінің негізгі бағыттары және міндеттері:

1) *Университеттің сапа саласындағы саясаты:*

- Профессор-оқытушы құрамының, қызметкерлердің назарына Университеттің Миссиясы, Даму бағдарламасы, Даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шара жоспары, Сапа саласындағы саясаты, Академиялық саясаты ағымдағы оқу жылына толық жеткізілген және аталған құжаттардың қолжетімділігі қамтамасыз ету;

- Университет қызметін айқындайтын жоғарыда аталған негізгі құжаттарды мерзімді актуализациялау процестерінде Университет ұжымының ұсыныстарын жинақтау талдау, жұмыс топтарына ұсыну;

- Профессор-оқытушы құрамының, Даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шара жоспарындағы индикаторлық көрсеткіштерге сәйкес жоспарланғанын қадағалау және орындалуын бақылау.

2) *Бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту:*

- Мектептің білім беру бағдарламаларын және басқа да оқу бағдарламаларын әзірлеу мен бекіту талаптарын айқындайтын сыртқы, ішкі нормативтік құжаттардың қолжетімділігін және олардың жарамдылығын қадағалау;

- Мектептегі білім беру бағдарламалары және оқу бағдарламаларының сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес, бекітілуін қадағалау;

- білім беру бағдарламаларының мазмұны мен құрылымы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкестігін, ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы Реестрінің сараптамасынан оң бағаға қол жеткізіп, тіркелуін және мерзімді жаңартылуын қадағалау;

- білім беру бағдарламасы негізінде білім алушылардың жеке оқу жоспарларының, оқу жұмыс жоспарларының, оқу жұмыс бағдарламаларының (силлабустар), элективтік пәндер каталогын және Минор каталогын мерзімінде әзірленіп бекітілуін қадағалау;

- білім алушылардың, жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

3) *Студентке бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау:*

- Мектепте білім беру бағдарламаларын іске асыруды: оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру, қашықтықтан оқыту технологиясын қолдану, аудиториялық сабақтарды жүргізу, кәсіптік практиканы ұйымдастыру, тағы басқа да оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың жарамдылығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етілуін қадағалау;

- оқыту, сабақ беру және бағалау процестерінің бекітілген талаптарға сай жүргізілуіне мониторинг жасау;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 26-сі

– білім алушылардың оқу процессін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында өтетін сауалнаманы ұйымдастыруда көмек көрсетуі.

4) Білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау:

– Мектепте білім алушыларды және олардың үлгерімін анықтау талаптары бекітілген сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың қолжетімділігін, олардың жарамдылығын қадағалау;

– Мектептегі білім алушыларды және олардың үлгерімін анықтау процестерінің бекітілген талаптарға сәйкес жүргізілуін қадағалау;

– Мектепте талапкерлерге кәсіби бағдар беру үшін іс шаралар ұйымдастыруды қадағалау, нәтижелерін талдау;

– Мектепте білім алушыларды ауыстыру, қайта қабылдау кезінде және академиялық ұтқырлық барысында олардың формальды және формальды емес білім беру нәтижелерін тану, бекітілген талаптарға сай іске асырылуын қадағалау.

5) Оқытушылар құрамы:

– Мектептің кадрлық саясатын анықтайтын ішкі нормативтік құжаттардың қолжетімділігін және олардың жарамдылығын қамтамасыз ету;

– Мектепте профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін қадағалау;

– Мектепте профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлердің біліктілігін академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг жүргізу;

– Мектепте профессор-оқытушы құрамы мен қызметкерлердің Университет тарапынан жүргізілетін басқару процесіне, академиялық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік қолдау жүйелерінің қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында өтетін сауалнаманы ұйымдастыруда көмек көрсетуі.

6) Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі:

– Мектептің инфрақұрылымдары (аудиториялары, компьютерлік сыныптары) және Университеттің кітапханасы, спорт залы, жатақханасы, оқу практикалық кешендері білім беру бағдарламаларын іске асыруға толық мүмкіндік беретінін анықтау мақсатында өтетін сауалнаманы ұйымдастыруда көмек көрсетуі;

– Мектептің білім алушыларының академиялық және әлеуметтік қолдау қажет ететін әр түрлі топтарын анықтау, тіркеу және қолдау іс-шараларын жоспарланып жүргізілуін қадағалау.

7) Ақпаратты басқару:

– Мектептің түрлі деңгейдегі құрылымдық бөлімдермен, профессор-оқытушы құрамы және білім алушылар арасында білім беру сапасын қамтамасыз етуге байланысты аспектілер бойынша ақпарат алмасудың сәйкес үдерістерін (сайтқа және оның ақпараттық жүйелеріне қолдау көрсету, электрондық поштаның жұмысы, жеке кабинеттерде ақпарат беру, веб-сауалнама жүйесі т.б.) қолданудың қамтамасыз етілгеніне мониторинг жүргізу;

– Мектеп білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін) тұрақты жұмыс істеуін қадағалау;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 27-сі

– Мектептің өз қызметінде сыртқы және ішкі ортамен үздіксіз алмасатын ақпараттарды тиімді басқару жолдарын жинау, рәсімдеу, тіркеу, сыртқы және ішкі ортада алмасу, сақтау немесе жою тәртіптерін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүргізуін қадағалау.

8) Жұртшылықты хабардар ету:

– Мектепте ұйымдастырылған іс шаралар мен жетістіктері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты ақпарат ағымын қамтамасыз етілуін қадағалау;

– Мектепте жалпы ақпараттар, ғылым және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар Университет сайттында орналастырылуын, олардың мерзімді жаңартылуын қадағалау.

9) Тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау:

– Мектепте білім беру бағдарламаларын (ББ) тұрақты мониторинг жүргізуді және мерзімді қайта қарауды регламенттейтін сыртқы, ішкі нормативтік құжаттардың жарамдылығы мен қолжетімділігін қадағалау;

– Мектепте ББ тұрақты мониторинг жүргізуді ұйымдастыру, жетілдіру;

– ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздеме болатын құжаттар: жаңа кәсіби стандарттар, Қазақстандағы жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы, сауалнама немесе мектептермен бірлесе шаралар өткізу нәтижелері бойынша тұжырымдалған жұмыс берушілердің ұсыныстары, Университет профессор-оқытушы құрамының арнайы ғылым саласы мен заманауи педагогикалық жұмысындағы ғылыми-зерттеу нәтижелері, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын нормативтік талаптардың өзгеруі;

– аталған негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулар бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау;

– қайта қаралған білім беру бағдарламаларының ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы Реестрінде сараптамадан өтіп, тіркелуін және рәсімделіп, қайта бекітілуін қадағалау.

10) Сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету: Мектептің Университетте жүргізілетін түрлі үлгідегі сапаны сыртқы қамтамасыз ету рәсімдеріне дайындық жұмыстарын ұйымдастыру. Сапаны сыртқы қамтамасыз ету түрлері:

– лицензиялау;

– институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу;

– білім беру бағдарламаларын және оларға енгізілген өзгерістерді ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығы Реестріне тіркеу.

8.6 Академиялық комитет

8.6.1 Академиялық комитет Университеттің Академиялық саясатын және сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын жобалаумен, әзірлеумен және жетілдірумен айналысатын Университеттің алқалы органы болып табылады.

8.6.2 Академиялық комитеттің негізгі міндеттері:

– білім беру бағдарламасының қажеттілігін анықтау;

– білім беру бағдарламасының атауын анықтау;

– білім беру бағдарламасының мақсатын сипаттау;

– білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасын анықтау;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 28-сі

- Университеттің білім беру бағдарламасының сапасы мен сұранысын қамтамасыз ету мақсатында барлық сарапшылар мен әзірлеушілердің ұсынысын жүзеге асыру;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеуде шетелдік жоғары оқу орындарының қолданыстағы тәжірибесіне талдау жасау және жүзеге асыру;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және жетілдіру бойынша ұсынымдар дайындау;
- білім беру бағдарламасының паспортын тізілімге тіркеуге ұсынады және тізілім сарапшыларының ескертулері мен ұсыныстары бойынша түзету жұмыстарын жүргізеді;
- постмониторинг жүргізу мақсатында Қазақстандағы және шетелдегі үздік білім беру бағдарламаларының бенчмаркинг нәтижелері бойынша, сондай-ақ соңғы жылдардағы білім беру бағдарламаларының рейтингіне қатысушы бағдарламалар тізімінен өзін-өзі бағалау жүргізу.

8.6.3 Академиялық комитет сапа қамтамасыз ету шеңберінде:

- сапаны қамтамасыз ету үшін қажетті барлық процестердің сапалы орындалуына, енгізілуіне жауап береді;
- Университет басшылығына сапаны қамтамасыз ету мақсатында және оны жақсартудың кез келген қажеттілігі туралы үнемі хабарлайды;
- тұтынушының (білім алушының, магистранттың) талаптарын қанағаттандыруға жауап береді.

8.6.4 Академиялық комитеттің негізгі функциялары:

- білім беру бағдарламаларын жобалау, әзірлеу;
- кәсіптік стандарттар, Қазақстан Республикасындағы жаңа мамандықтар мен құзыреттердің Атласы, Ұлттық және салалық біліктілік шеңбері және еңбек нарығының басқа талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын жаңартады;
- білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңарту және жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді және элективті пәндер каталогының мазмұнын анықтайды;
- Университеттің құрылымдық бөлімдерімен, жұмыс берушілермен және сарапшылармен өзара әрекеттеседі;
- білім беру бағдарламасының негізгі оқу-әдістемелік құжаттарын әзірлейді;
- білім беру бағдарламаларына заманауи педагогикалық технологиялар мен оқытудың жаңа әдістерін, білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру бойынша ұсыныстар береді;
- мектеп директорларымен бірлесіп, бастапқы құзыреттерді пайдалана отырып, жұмыс берушіге арналған сауалнаманы әзірлейді;
- жұмыс берушілер тарапынан кадрларды даярлауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнына сараптама жүргізуді ұйымдастырады;
- білім беру бағдарламаларын әзірлеуге жұмыс берушілерді міндетті түрде тарту және білім беру бағдарламасының модульдерін қалыптастыру кезінде ұсыныстар енгізу бойынша жұмысты ұйымдастырады;
- ресурстарға қажеттілікті, атап айтқанда білім беру бағдарламасын толық жүзеге асыру үшін ресурстардың қажетті және жеткілікті көлемін анықтайды: кадрлық ресурстар, материалдық-техникалық база, ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету, әлеуметтік ресурстар;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 29-сі

– білім беру бағдарламаларын ілгерілету бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады;

– серіктес университеттермен бірлескен және қос дипломдық білім беру бағдарламаларын әзірлеу мақсатында өзара әрекеттесуге қатысады;

– білім беру бағдарламаларына қатысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің және басқа да уәкілетті органдарға жауаптар дайындауға қатысады.

9. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 Құжаттарды қабылдау және білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау (бакалавриат)

9.1.1 Үміткерлерді Университеттің жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының білім алушылар контингентіне қабылдау «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» негізінде жүзеге асырылады.

Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының білім алушылар контингентін қалыптастыру Университетте білім беру гранттарын республикалық бюджет қаражаты есебінен немесе нысаналы трансферттер шеңберінде республикалық бюджеттен түскен қаражат есебінен, сондай-ақ ақылы негізде азаматтардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен орналастыру арқылы жүзеге асырылады. Ұлттық бірыңғай тестілеудің өту балы (бұдан әрі – ҰБТ) және университетке түсу шарттары Университеттің веб-сайтында «Оқуға түсу» бөлімінде орналасқан «Халықаралық туризм және меймандостық университетіне оқуға қабылдау ережелеріне» сәйкес жүзеге асырылады.

9.1.2 Білім беру гранттарын беру конкурсына қатысу үшін өтініштер күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 18 тамызына дейін қабылданады. ҚР ТСМ бөлінген республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, негізгі ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша жинаған адамдар жіберіледі:

- B091 - Туризм білім беру бағдарламасының тобы бойынша – кемінде 65 балл;
- B092 - Тынығу білім беру бағдарламасының тобы бойынша – кемінде 65 балл;
- B093 - Мейрамхана ісі және мейрамхана бизнесі білім беру бағдарламасының тобы бойынша – 65 баллдан төмен емес.

Қазақстан тарихы және екі бейіндік пән бойынша ҰБТ-дан және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылық пәндерінен кемінде 3 балл жинау қажет. Шығармашылық емтиханды тапсыруға өтініштерді қабылдау күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 10 тамызына дейін жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылдың 7 шілдесінен 15 тамызына дейін өткізіледі.

«B092 – Демалыс» білім беру бағдарламалары тобы (бұдан әрі – ББТ) бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсетін тұлғалар Университетте екі шығармашылық емтихан тапсырады. ҰБТ нәтижелері бойынша өту балын жинай алмаған тұлғалар Университетке күндізгі оқу түріне ақылы негізде (шартты түрде)

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 30-сі

қабылданады. Университеттегі академиялық оқу кезеңін аяқтағаннан кейін бұл тұлғалар бір жыл ішінде белгіленген мерзімде қайтадан ҰБТ тапсырады. ҰБТ өткізу ережелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы №204 бұйрығымен бекітілген.

9.1.3 Талапкерлер Университеттің ресми сайтында виртуалды қабылдау комиссиясы арқылы өз құжаттарын күнтізбелік жылдың 5 тамызына дейін тапсыру мүмкіндігі бар <https://talapker.iuth.edu.kz/podat-dokumenty>. Осы кезеңде талапкерлер қабылдау комиссиясының талаптарына сәйкес келетін барлық қажетті сканерлер мен файлдарды жүктей алады. Барлық берілген құжаттардың түпнұсқалары ағымдағы жылдың 15 тамызына дейін Университетке ұсынылуы тиіс. Бұл – берілген деректер мен құжаттардың түпнұсқалығын растауды қамтамасыз ететін маңызды талап. Талапкерлер осы мерзімді ескеріп, өтініш беру процесін аяқтау үшін түпнұсқаларды уақтылы ұсынуды қамтамасыз ету керек.

9.1.4 Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарына, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, басқа мемлекеттер аумағындағы жауынгерлік әрекеттердің ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша теңестірілген ардагерлерге арналған медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілмеген Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, бала кезінен мүгедектерге, мүгедек балаларға, төрт және одан да көп кәмелетке толмаған бала тәрбиеленетін отбасылардан шыққан балалар, осы мәртебесі кемінде үш жыл болатын толық емес отбасылардан шыққан балалар, бала кезінен мүгедек балаларды, бірінші және екінші топтағы мүгедектерді тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар ҚР МСМ бұйрығымен бекітілген квоталар бойынша өткізіледі.

9.1.5 Шетел азаматтары мен тұлғаларды ақылы негізде қабылдау «ZOOM» платформасында әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіптік білім беру бағдарламаларын меңгеру қабілетін айқындау мақсатында жүргізіледі. Әңгімелесу өткізу үшін мектептердің емтихан комиссияларының мүшелері тартылады. Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен ұсынылады. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде адамдарды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен нострификациялау рәсімінен өтеді. Әңгімелесу нәтижелері 100 балдық жүйе бойынша бағаланады. Өту баллы – 65 және одан жоғары. Әңгімелесудің бағасы әңгімелесу ведомостына қойылады және емтихан алушылардың қолымен расталады. Әңгімелесу аяқталғаннан кейін әңгімелесу хаттамасы мен ведомость қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылады.

9.1.6 Студенттерді бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына қабылдауды қабылдау комиссиясы 21-25 тамыз аралығында Университет Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен жүзеге асырады.

9.1.7 Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына түсетін білім алушылар тиісті ББТ білім беру бағдарламасын таңдайды. Әрбір білім беру бағдарламасының мазмұны

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 31-сі

туралы ақпаратты Университеттің веб-сайтында «Оқуға түсу» бөлімінен, сондай-ақ қабылдау комиссиясының кеңесшілерінен алуға болады.

Қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тіл бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

9.1.8 Мемлекеттік грант негізінде бакалавриатқа түсетін Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

9.1.9 Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде жоғары оқу орнының студенттері қатарына қабылданады. Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төлеуге жататын соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

9.2 Магистратураға оқуға құжаттарды қабылдау және білім алушыларды қабылдау тәртібі

9.2.1 Магистратураға жоғары білім беру бағдарламаларын меңгерген азаматтар қабылданады.

9.2.2 Магистратураға түсушілердің өтініштері қабылдау комиссиялары және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 8 шілдесіне дейін және 28 қазанынан 10 қарашасына дейін қабылданады. Магистратураға түсушілерді кешенді тестілеу (КТ) күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін және 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін жүргізіледі.

9.2.3 Магистратураға түсушілер күнтізбелік жылдың 25-28 тамыз аралығында және 26 желтоқсан мен 10 қаңтар аралығында университеттің қабылдау комиссиясына немесе «Электрондық үкімет» интернет-порталы арқылы құжаттар тізімін тапсырады www.egov.kz (Жеке ресімдеу кезінде немесе портал арқылы).

Магистратураға түсуші тұлғалар келесі құжаттар тізбесін тапсырады:

Университетке өтініш берген кезде:

- 1) университет ректорының атына өтініш;
- 2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);
- 4) өлшемі 3x4 сантиметр болатын 6 фотосурет;
- 5) 075-У нысанындағы медициналық анықтама;
- 6) Шет тілі бойынша тест тапсыру туралы сертификат (бар болса):
ағылшын: IELTS Academic-кемінде 6,0; TOEFL IBT-кемінде 60;
- 7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
- 8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізбесі (олар болған кезде).

IELTS, TOEFL IBT, DSH, TestDaF-Prüfung, TFI, DELF, DALF, TCF шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары және стандартталған GRE тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаттары бар адамдар КТ-ға электрондық форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 32-сі

9.2.4 Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер шет тілі бойынша тестті (ағылшын, неміс, француз – таңдау бойынша), білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестті, қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқуға дайындығын анықтау үшін тестті қамтитын КТ тестін тапсырады.

Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейіндік магистратураға түсетін тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуді қамтитын КТ-ны қазақ немесе орыс тілінде таңдауы бойынша тапсырады.

9.2.5 Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсетін адамдар ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттерден тұратын КТ тапсырады.

9.2.6 КТ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларына сәйкес өткізіледі (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде №18657 болып тіркелген).

9.2.7 КТ Ұлттық тестілеу орталығы тарапынан КТ өткізу пункттерінде жүзеге асырылады, оларды Ғылым және жоғары білім министрлігі (МНВО) анықтайды.

9.2.8 КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

9.2.9 КТ-ны өткізген жылы қайта тапсыруға жол берілмейді.

Магистратураға өтініш бергендер өтініште бір білім беру бағдарламалар тобын және үшке дейінгі жоғары білім беру ұйымдарын (ОВПО) көрсетеді.

9.2.10 КТ емтихандарының нәтижелері оларды өткізу күні жарияланады.

9.2.11 Халықаралық GMAT стандартизирленген тестін тапсырған сертификатқа ие тұлғалар, республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен білім гранттарын алу үшін немесе ақылы негізде жоғары білім беру ұйымдарына түсу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі тиіс.

9.2.12 Білім гранттарын алу конкурсына қатысу үшін және жоғары білім беру ұйымдарына қабылдау үшін ұсынылған сертификаттардың түпнұсқалығы мен жарамдылығын жоғары білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиясы тексереді.

9.2.13 Магистратураға түсушілер қалауы бойынша шет тілін меңгеру деңгейін растаушы халықаралық сертификаттың болуына байланысты шет тілінен блоктан босатылады. Бұл сертификаттар жалпыевропалық шет тілін меңгеру құзыреттері (стандарттары) бойынша болуы тиіс, бағаларды аудару шкаласы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына сәйкес, 1-2 қосымшаға сәйкес.

9.2.14 Әскери қызметін өткерген азаматтар үшін жоғары білім беру ұйымдарының профильді магистратурасына ақылы негізде қабылдау әскерден кейінгі үш жыл ішінде емтихансыз, тек қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте әскери қызметін өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күн қалғанда жүзеге асырылады.

9.2.15 Шетелде білім алған және ағылшын тілі мемлекеттік немесе ресми тіл болып табылатын елдерде оқыған, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен аккредиттеу органдарының тізімінде бар немесе Экономикалық

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 33-сі

ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше елдердің аккредиттеу органдарының қауымдастықтарына жататын шетелдік аккредиттеу органдарымен арнайы аккредиттелген адамдар 5 жыл ішінде магистратураға түсуде шет тілінен (ағылшын тілінен) тестілеу блогынан босатылады, егер оқу тілі қазақ немесе орыс тілі болса.

9.2.16 Шетелдік азаматтар магистратураға ақылы негізде қабылданады, қабылдау комиссиясының әңгімелесу нәтижелері бойынша. Әңгімелесу емтиханы қабылдау комиссиясының Төрағасымен бекітілген емтихан бағдарламасына сәйкес өткізіледі. Шетелдік азаматтар қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күн қалғанда қабылданады.

9.2.17 Магистратураға түсетін шетелдік азаматтар қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) Университет басшысының атына жазылған өтініш (еркін формада);
- 2) Жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) Паспортының көшірмесі;
- 4) 3x4 см көлеміндегі алты фотосурет;
- 5) 075/у нысанындағы медициналық анықтама электронды түрде, ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы № МЗ РК-175/2020 бұйрығына сәйкес;
- 6) Шет тілінен тест тапсыру сертификаты (бар болған жағдайда);
7. Еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
8. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар тізімі (бар болған жағдайда).

9.3 Академиялық білім беру бағдарламасы

9.3.1 Университетте кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасы – белгілі бір дәрежені (бакалавр, магистр немесе доктор) тағайындау үшін қажетті модульдердің немесе курс бірліктерінің бекітілген жиынтығы.

9.3.2 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған; білім беру бағдарламасының мазмұны нақты оқу пәндерін ғана емес, сонымен қатар берілген нәтижелерге қол жеткізуге әкелетін оқыту рәсімдері мен жағдайларының құрылымдық жиынтығын қамтиды.

9.3.3 Университеттің білім беру бағдарламалары білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензиясы бар даярлау бағыттары бойынша даярлау бағыттарының классификаторына сәйкес ББТ аясында әзірленеді.

9.3.4 Білім беру бағдарламаларын бітіруші мектептер Ұлттық біліктілік шеңберіне, кәсіби стандарттарға, Дублин дескрипторларына және Еуропалық біліктілік шеңберіне сәйкес әзірлейді.

9.3.5 Университеттің барлық білім беру бағдарламалары белгіленген тәртіппен сыртқы сараптамадан өтеді және Жоғары білім берудің бірыңғай платформасына енгізіледі.

9.3.6 Білім беру бағдарламалары оқу нәтижесіне бағытталған. БББ шеңберінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу және білім беру қызметіне мониторинг жүргізу процесіне барлық мүдделі тараптар, оның ішінде білім алушылар мен жұмыс берушілер қатысады.

9.3.7 Университетте білім беру бағдарламаларын әзірлеудің негізгі принциптері:

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 34-сі

– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудағы әлемдік трендтерге бағдарлану: мультидисциплинарлық, студентке бағдарлану, инновация, жүйелі ойлау мен әлеуметтік коммуникацияны қалыптастыруға бағдарлану;

- ұлттық трендтерге бағдарлану;
- интернационалдандыру, білім, ғылым және өндірісті интеграциялау;
- цифрландыру;
- рухани жаңғыру.

9.3.8 Әрбір білім беру бағдарламасында білім алушылар мен жұмыс берушілерді қоса алғанда, барлық мүдделі тараптарды тарта отырып, біліктілік талаптарына сәйкес оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағдарланған БББ жобалау, әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмысты жүргізетін үйлестіруші болады.

9.3.9 БББ әзірлеу кезінде келесі параметрлер ескерілуі керек: әдістемелік қамтамасыз ету; кадрлық қамтамасыз ету; материалдық-техникалық және ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету; практика базаларымен қамтамасыз ету; БББ іске асыру процесін ақпараттық қолдау.

9.3.10 БББ әзірлеу сапасын бақылау мақсатында Университет ішінде бағалау рәсімінен өтеді және жұмыс берушілердің, жұртшылықтың және академиялық органның өкілдеріне сыртқы сараптамаға жіберіледі. Сараптаманың мақсаты – БББ сапасын арттыру. БББ және әдістемелік құжаттардың сараптамасы бұл жұмысты ұйымдастырудың ашықтығы, объективтілігі, жүйелілігі қағидаттарына негізделеді.

9.3.11 Барлық БББ оларды дәйекті қарауды қамтитын бірыңғай бекіту тәртібіне ие:

- Бітіртуші мектеп мәжілістерінде;
- Академиялық комитет мәжілісінде;
- Оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде;
- Ғылыми кеңес мәжілісінде;
- Директорлар кеңесі мәжілісінде бекіту.

9.3.12 Білім беру бағдарламасы мынадай жағдайларда Университет іске асыратын БББ тізбесінен шығарылады:

- Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен оны жүзеге асырудан бас тартқан кезде;
- ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті орган ресми ұсынған ақпарат және (немесе) заңды күшіне енген сот шешімі негізінде өтінім берушіні даярлаудың тиісті бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензиядан, лицензияға қосымшадан айыру;
- бағдарлама Тізілімге енгізілгеннен кейін 6 (алты) ай ішінде лицензия және (немесе) тиісті даярлау бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға лицензияға қосымша болмаған кезде;
- өзі ресми ұсынған ақпарат негізінде танылған аккредиттеу органдарының Тізіліміне енгізілген аккредиттеу органының бағдарламаны аккредиттеу және/немесе «бағдарламаны аккредиттемеу» шешімін қабылдау туралы пікірлер;
- бағдарламаның өзектілігін жоғалтуы (соңғы 4 (төрт) жыл ішінде білім алушылар контингентінің болмауы);

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 35-сі

– МЖМС, салалық біліктілік шеңбері және/немесе Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 117-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген кәсіптік стандарттар өзгергеннен кейін 1 (бір) күнтізбелік жыл ішінде бағдарламаны жаңартудың болмауы.

9.3.13 Білім алушыларды пәндерге тіркеу және жеке оқу жоспарларын қалыптастыру аяқталғаннан кейін білім беру бағдарламасының мазмұнын өзгертуге (пәндерді өзгертуге) жол берілмейді.

9.4 Білім алушылар мен магистранттардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

9.4.1 Студенттерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің бірінші деңгейіндегі (бакалавриат) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және оқу кезінде қол жеткізілген нәтижелерден байқалатын меңгерілген негізгі құзыреттерді көрсетіледі.

Оқыту нәтижелері барлық жоғары білімнің білім беру бағдарламасы деңгейінде де және жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де тұжырымдалады.

9.4.2 Дескрипторлар студенттердің мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

- 1) осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету;
- 2) кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу;
- 3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру;
- 4) оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану;
- 5) оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары;
- 6) ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану;
- 7) оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну;
- 8) академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну.

ЖЖОКБҰ-да оқыту нәтижелерін бағалау мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде білім алушылардың біліміне срез арқылы жүргізіледі.

9.4.3 Магистрантты даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің екінші деңгейдегі (магистратура) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және қол жеткізілген оқыту нәтижелеріндегі меңгерілген құзыреттерді көрсетеді.

Оқыту нәтижелері барлық магистратураның білім беру бағдарламасының деңгейіндегі сияқты жекелеген модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де тұжырымдалады.

9.4.4 Дескрипторлар білім алушының:

- 1) зерттеу контекстінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 36-сі

2) жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;

4) мамандарға, сондай-ақ маман еместерге ақпаратты, идеяны, қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиянақты түрде хабарлау;

5) зерделеніп отырған салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қабілетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

9.5 Бірлескен және екі дипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру

9.5.1 Бірлескен және екі дипломды білім беру бағдарламасы (ары қарай – ББББ, ҚДБББ) – бұл жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының серіктестері арасындағы білім беру бағдарламаларының сәйкестігіне және синхрондалуына негізделген, сондай-ақ тараптардың бағдарлама мақсаттары мен мазмұнын анықтау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе тағайындалатын біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелер қабылдайтын бағдарламалар.

9.5.2 ББББ/ҚДББ серіктес жоғары білім беру ұйымдары (кемінде екі жоғары оқу орны) арасындағы келісімшарт негізінде әзірленеді, при этом серіктес жоғары оқу орны университеттің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыруы тиіс, сонымен қатар, екі дипломды білім беру бағдарламасын құру үшін қажетті білім беру бағдарламасы бойынша даярлық лицензиясына ие болуы керек. Бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу мен жүзеге асыру мәселелерін реттейтін негізгі құжат – бұл бағдарламаларға қатысушы жоғары оқу орындары арасындағы бірлескен білім беру бағдарламасы туралы келісім. Құқықтық келісім келесі екі талапқа сай болуы тиіс:

– серіктес жоғары оқу орындары орналасқан елдердің қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеуі тиіс;

– бірлескен білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында тараптар арасындағы қатынастарды реттеу үшін қажетті маңызды және басқа да шарттарды қамтуы тиіс.

9.5.3 Университетте ББББ мен ҚДББ іске асырудың мақсаттары: – жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімі бар жоғары білікті кадрларды жетекші серіктес жоғары оқу орындарымен бірлесіп даярлау, тағайындалатын дәрежелер мен біліктіліктерді өзара тану шарттарында;

– Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру жүйесінің халықаралық білім беру кеңістігінде тартымдылығын арттыру;

– университеттердің білім беру бағдарламаларын Болон процесінің принциптеріне сәйкес модернизациялау;

– серіктес жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік, педагогикалық, материалдық-техникалық, ақпараттық және интеллектуалдық ресурстарын біріктіру.

9.5.4 Бірлескен және екі дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру тәртібі:

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 37-сі

1) Мектептер халықаралық ынтымақтастық бөлімімен және академиялық даму бөлімімен бірлесіп, кадрлар даярлау бағыттары бойынша серіктес жоғары оқу орындарын іздеу бойынша әрекеттерді келісіп, олармен хат алмасуды жүргізеді.

2) ББББ/ҚДББ әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік міндетті стандарттар мен серіктес жоғары оқу орнының талаптары ескеріледі.

3) ББББ/ҚДББ бекіту процедурасы университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады, серіктес жоғары оқу орнымен келісілгеннен кейін және Жоғары білім беру платформасына енгізіледі.

4) Дайындалған ББББ/ҚДББ әр серіктес жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесінде талқыланып, бекітіледі.

9.5.5 Білім беру бағдарламалары бірлескен деп есептеледі, егер олар келесі сипаттамаларға сәйкес болса:

- бағдарламалар екі немесе одан да көп серіктес жоғары оқу орындарымен бірлесіп әзірленіп, бекітіледі;
- студент жоғары оқу орындарының бір немесе бірнешеуінде белгілі бір мамандық бойынша оқу курстарын өтеді;
- студенттің оқу мерзімі университеттер арасындағы келісімшартқа сәйкес белгіленеді.

9.5.6 Екі дипломды білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік міндетті стандарттар мен серіктес жоғары оқу орнының талаптарын ескереді.

9.5.7 Екі дипломды білім беру бағдарламалары екі серіктес жоғары оқу орны арасындағы келісім негізінде әзірленеді.

Бұл ретте екі дипломды білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін міндетті шарттар мыналар болып табылады:

- 1) келісілген білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- 2) екі дипломды білім беру бағдарламасына қатысушы студенттердің білім беру бағдарламасының бір бөлігін серіктес жоғары оқу орнында игеруі;
- 3) оқу мерзімдері мен нәтижелерін өзара тану және автоматты түрде қайта есептеу, келісімдерге, жалпы принциптер мен сапаны қамтамасыз ету стандарттарына негізделген;
- 4) оқытушылардың екі дипломды білім беру бағдарламасына қатысуы, білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірлеу, оқыту, жалпы қабылдау және аттестациялық комиссияларда қатысу;
- 5) екі дипломды білім беру бағдарламасын толық игерген студенттерге әр серіктес жоғары оқу орнынан дәрежелер беріледі, немесе келісімдер негізінде бір бірлескен дәрежені тағайындау.

9.5.8 Студенттің екі дипломды білім беру бағдарламасына қатысуы оның өтініші негізінде және серіктес жоғары оқу орнымен жасалған келісімшартқа (келісімге) сәйкес жүзеге асырылады.

9.5.9 Екі дипломды білім беру бағдарламасына қабылданған шетелдік студенттер жалпы студенттер контингентіне қабылдану тәртібімен қабылданады, бірақ «қосымша білім беру» деген арнайы белгімен және оқу мерзімі, оқу кезеңдері, пәндер саны және игерілетін кредиттер көлемі көрсетіледі.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 38-сі

9.5.10 Студенттің жеке оқу жоспары оқу пәндерінің тізімін, олардың жүктемесін (кредиттер мен сағаттарда), семестрлер/триместрлер бойынша бөлінісін, студент білім алатын университет пен серіктес жоғары оқу орнын қамтиды, сондай-ақ қайта есептеу тәртібін көрсетеді. Студенттің жеке оқу жоспары қосымша білім беру модульдерін және жазғы семестрлерді қамтуы мүмкін, серіктес жоғары оқу орындарында оларды игеру және қайта есептеу тәртібімен.

9.5.11 Серіктес жоғары оқу орнында игерілген кредиттерді қайта есептеу, пәндердегі айырмашылықтарды жою тәртібі мен мерзімдері мектеп директорының бұйрығымен ресімделеді және Академиялық және ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың қолымен куәландырылады. Серіктес жоғары оқу орнында қайта есептелген кредиттер академиялық транскриптке енгізіледі.

9.5.12 Екі тараптың білім беру бағдарламаларының пәндер тізімі студенттің жеке оқу жоспарын құру кезінде ескеріледі. Сонымен қатар, студент барлық практикалық курстар мен қорытынды аттестациядан толық өтеді.

9.5.13 Әр оқу жылының соңында серіктес жоғары оқу орны, бағдарлама модулін іске асыратын, студентке транскрипт (сертификат) береді.

9.5.14 Оқу аяқталғаннан және әр бағдарлама бойынша барлық талаптар орындалғаннан кейін студентке академиялық дәрежені тағайындау туралы екі диплом беріледі және екі транскрипт беріледі, немесе келісімдер негізінде бір бірлескен диплом беріледі.

9.5.15 ББББ/ҚДБББ жүзеге асыру тәртібі жоғары оқу орындары арасындағы келісім негізінде және Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттары мен заңнамасына сәйкес анықталады.

9.5.16 Білім алушыны Университетке қабылдау процедурасы

1) Қол қойылған университетаралық келісім және бекітілген бірлескен жұмыс оқу жоспары негізінде ЖЖОКБҰ серіктесінің үйлестірушісі отандық және шетелдік білім алушыларды қабылдауды қарастыру және келісу үшін кандидаттардың тізімі мен толық құжаттар пакетін Университеттің Тіркеу кеңсесіне жібереді.

2) Тіркеу кеңсесі кандидаттар тізімін мектеп директорлары мен академиялық және ғылыми қызмет жөніндегі проректорға келісуге жібереді.

3) Кандидатты қабылдау келісілгеннен кейін мектеп директоры отандық немесе шетелдік білім алушыны қабылдау туралы ұсынысты тіркеу кеңсесіне жібереді.

4) Халықаралық ынтымақтастық бөлімі білім алушының қажетті құжаттарын жинау процесін үйлестіреді (оның ішінде визаға өтініш беру).

5) Университетаралық келісімдер шеңберінде отандық және шетелдік білім алушыларды қабылдау келісілген жағдайда, тіркеу кеңсесі сәйкес бағдарламаға қабылдау туралы бұйрық шығарады.

9.5.17 ББББ/ҚДБББ бағдарламасы бойынша білім алушыларға келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- ЖЖОКБҰ серіктесінің талаптарына сәйкес құжаттар пакеті;
- Басқарма Төрағасы-Ректордың атына өтініш;
- Әр оқу жылы аяқталғаннан кейін транскриптің түпнұсқасын Тіркеу кеңсесіне және транскриптің көшірмесін кураторлық мектепке ұсыну.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 39-сі

9.5.18 Бұйрық шығарылғаннан кейін Халықаралық ынтымақтастық бөлімі шетелдік білім алушыларға қатысты ЖЖОКБҰ-серіктеске ресми шақыру хатын және шетелдік білім алушыларды қабылдау туралы бұйрықты жолдайды.

9.5.19 Тиісті бөлімдер мен мектептер ЖЖОКБҰ-серіктестің сұранысы бойынша қажетті ақпарат пен құжаттарды ұсынуы тиіс.

9.5.20 ЖЖОКБҰ-серіктеске қабылдау процедурасы

1) Қол қойылған университетаралық келісім және бекітілген бірлескен жұмыс оқу жоспары аясында мектептердің жауапты тұлғалары бірлескен/қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша оқуға даярлау бағыты бойынша үміткерлер тізімін Тіркеу кеңсесіне жібереді.

2) Мектептердің сұранысы негізінде Тіркеу кеңсесі бірлескен/қос дипломды білім беру бағдарламалары аясында білім алушыларды қабылдау туралы ресми хатты ЖЖОКБҰ-серіктеске жібереді, ал шетелдік білім алушылардың тізімін Халықаралық ынтымақтастық бөліміне жолдайды.

3) Үміткерлерді шетелдік ЖЖОКБҰ-серіктес қабылдаған жағдайда, шетелдік ЖЖОКБҰ үйлестірушісі Университетке оқуға ресми шақыру жібереді.

4) Халықаралық ынтымақтастық бөлімі қажетті құжаттарды жинау және білім алушыға виза рәсімдеу процесін үйлестіреді.

5) Осыдан кейін Халықаралық ынтымақтастық бөлімі құжаттардың толық пакетін Тіркеу кеңсесіне университетаралық келісім аясында қос дипломды бағдарламаға қабылдау туралы бұйрық шығару үшін жібереді.

9.5.21 ЖЖОКБҰ серіктестерінен келген шетелдік білім алушылардың Университетте болу тәртібі

1) Қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша шетелдік білім алушы Университетке келген кезде, мектептер оның Халықаралық ынтымақтастық бөліміне келуін қамтамасыз етеді.

2) Шетелдік білім алушы Түркістан қаласының көші-қон қызметінде талап етілетін рәсімдерден өтуі тиіс.

3) Эдвайзер шетелдік білім алушыға академиялық және өзге де мәселелер бойынша әдістемелік және кеңестік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

4) Шетелдік білім алушы ішкі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес, мектеп директорының ұсынысы негізінде және Халықаралық ынтымақтастық бөлімімен келісе отырып, оқудан шығарылуы мүмкін.

5) Толық оқу курсын сәтті аяқтаған жағдайда, қорытынды аттестация/кешенді емтихандар нәтижелері мен дипломдық жобаны қорғау бойынша, ББББ /ҚДБ талаптарына сәйкес, шетелдік білім алушыға диплом беріледі немесе жіберіледі.

6) Университет, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмеген жағдайда, шетелдік білім алушының құқыққа қайшы әрекеттері/әрекетсіздігі үшін жауапкершілікке тартылмайды.

9.6 Оқытудың кредиттік технологиясы

9.6.1 Білім беру мазмұнын, оқыту процесін ұйымдастыру және өткізу тәсілін жоспарлау ОКТ негізінде және МЖМС сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 40-сі

9.6.2 Оқытудың кредиттік технологиясы кезінде оқу жүктемесі білім алушыға оқу пәнін, модульді немесе бүкіл ББ оқу үшін талап етілетін және жоғары білімнің білім беру бағдарламасында оқытудың белгіленген нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті уақытпен өлшенеді.

Жүктеме көлемі бірыңғай бірліктермен – академиялық кредиттермен өлшенеді.

Оқу жүктемесі білім алушының барлық оқу қызметін – дәрістерді, семинарларды, зертханалық сабақтарды, кәсіптік практиканың барлық түрлерін, зерттеу жұмысын және бітіру жұмысын орындауды, білім алушының өзіндік жұмысын, оның ішінде оқытушының басшылығымен жұмысты қамтиды.

9.6.3 Мектеп ұсынатын элективті пәндердің мазмұны туралы білім алушылардың кеңінен хабардар болуын қамтамасыз ету үшін элективті пәндер каталогы (бұдан әрі – ЭПК) шығарылады, ол «Platonus» ААЖ электронды түрде орналастырылады.

9.6.4 Қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушыларға қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) – пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері ұсынылады.

9.6.5 Оқу жылы академиялық кезеңдерден тұрады: теориялық оқыту, аралық аттестаттау, практика, ғылыми немесе кәсіби тағылымдама, ғылыми-зерттеу жұмысы (эксперименттік-зерттеу жұмысы), демалыс, қорытынды аттестаттау (бітіру курсына), сондай-ақ қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, оқу пәндерін оқу және кредиттерді игеру үшін жазғы семестрді (бітіру курсына қоспағанда) енгізуге жол беріледі басқа білім беру ұйымдарында білім алушылар өздерінің ЖЖОКБҰ-да міндетті түрде қайта есептей отырып, үлгерімнің орташа балын (GPA) арттыра алады, сабақтас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде дуалды және екі дипломды білім беру шеңберінде игеру. Әр оқу жылының барлық кезеңдерінің ұзақтығы мен мерзімдері жаңа оқу жылы басталғанға дейін шығарылатын және бекітілетін академиялық күнтізбеде көрсетіледі.

9.6.6 Оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитті немесе 1800 академиялық сағатты құрайды. Университет семестрлер/триместрлер бойынша академиялық кредиттерді өзі бөледі.

9.6.7 Орташа балл (GPA) сандық - кредит эквивалент жүйесі негізінде есептеледі. Қорытынды шама модульге берілген кредиттер санына бағалаудың цифрлық баламасы туындыларының сомасынан білім алушы тіркелген кредиттердің жалпы санына бөлінген жеке болып табылады.

GPA есептеу мысалы:

Модуль	Кредит	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквиваленті
Шет тілі	3	A	4.00
Туризмология негіздері	2	B	3.00
Қазақ тілі	3	F	0

Шетел тілі $4.00 \times 3 = 12.00$

Туризмология негіздері $3.00 \times 2 = 6.00$

Қазақ тілі $0 \times 3 = 0$

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 41-сі

Қорытынды шама $= 12 + 6 + 0 = 18.00$

Несиелердің жалпы саны $= 3+2+3 = 8$

$$GPA = \frac{\text{Қорытынды шама}}{\text{Кредиттердің жалпы саны}} = \frac{18.00}{8} = 2,25$$

9.6.8 Егер GPA санау кезінде орташа балл екі ондық таңбалы санмен ұсынылса, онда GPA математика ережелеріне сәйкес оннан бір бөлігіне дейін дөңгелектенуі керек (үтірден кейін бір таңбаға дейін): егер үтірден кейінгі екінші цифр 0,1,2,3 немесе 4-ке аяқталса, онда үтірден кейінгі бірінші цифр өзгермейді; егер үтірден кейінгі екінші цифр 5,6,7,8 немесе 9 аяқталса, онда үтірден кейінгі бірінші сан бірлікке артады, мысалы: 2,23 = 2,2; 2,25 = 2,3; 2,27 = 2,3 және т. б.

9.6.9 Курстан курсқа ауыстыру үшін ең төменгі ауысу балының шамасы оқу курстары бөлінісінде белгіленеді және Ректордың бұйрығымен бекітіледі. Білім алушының GPA, сондай-ақ жеке GPA аударым деңгейі «Platonus» ААЖ-да, білім алушының транскриптіінде көрсетіледі.

Университетте білім алушыны келесі курсқа ауыстыруға мүмкіндік беретін ең төменгі GPA шамасы белгіленген:

Триместр:

- 1-ден 2-ші курс – 1,8;
- 2-ден 3-ші курсқа – 2,2

Семестр:

- 2-ден 3-ші курсқа – 2,0;
- 3-тен 4-ші курсқа – 2,2

Магистрант үшін:

- 1-ден 2-ші курсқа – 2,2

9.6.10 Қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру, академиялық берешекті немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою, оқу пәндерін зерделеу және басқа білім беру ұйымдарында білім алушылардың өз ЖЖОКБҰ міндетті түрде қайта есептей отырып, кредиттерді игеру, оқу үлгерімінің орташа балын (GPA) арттыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді (бітіру курсына қоспағанда) енгізуге жол беріледі немесе қосымша білім беру бағдарламасы, оның ішінде екі дипломдық білім беру шеңберінде. Жазғы семестрде оқуға рұқсат етілген максималды кредиттер саны – 20 академиялық кредит (бітіру курсына өтетін курстар үшін 25 академиялық кредитке дейін рұқсат етіледі).

9.6.11 Академиялық айырмашылықтарды жою үшін білім алушы осы пәндерге академиялық кезең ішінде ақылы негізде тіркеліп, барлық оқу түрлеріне қатысады, барлық ағымдық бақылауларды тапсырады, аралық аттестацияға рұқсат алады. Егер академиялық айырмашылыққа жататын пәндер ағымдағы академиялық кезеңдегі оқу кестесіне енгізілмеген болса, білім алушы жазғы семестрге ақылы негізде тіркеледі.

9.6.12 Курс бағдарламасын толық аяқтаған және GPA балының белгіленген деңгейіне жетпеген білім алушыға жазғы семестр кезеңінде өзінің орташа үлгерім балын арттыру мақсатында белгілі бір пәндерді ақылы негізде қайта зерделеуге және осы пәндер бойынша ақылы негізде қайта емтихан тапсыруға мүмкіндік беріледі.

9.6.13 GPA ең төменгі өту балын жинамаған білім алушы қайта оқу курсына қалады. Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 42-сі

және білім беру грантынан айырылады.

9.6.14 Жазғы оқу семестрінде жойылмаған оқу жұмыс жоспарының (бұдан әрі – ОЖЖ) пәндеріндегі академиялық айырмашылық кейіннен академиялық берешек ретінде ескеріледі және курстан курсқа ауысқан кезде GPA анықтау кезінде нөл жазылады.

9.6.15 Шарттық негізде оқуды жалғастыру үшін қайта курсқа қалдырылған білім алушы келесі оқу жылының 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге шарт жасасуға міндетті.

Курсты қайта зерделеу кезінде оқу ақысы нақты оқылатын академиялық пәндер (игерілетін кредиттер) есебінен жүргізіледі. Бұл жағдайда бұйрық ресімделеді, оның негізі білім алушының өзі мен оның ЖОЖ-нің өтініші болып табылады. Білім беру қызметтерінің құнын төлеу оқудан шығару сәтіне дейін, яғни оқудан шығару туралы бұйрық шыққанға дейін есептеледі. Басқа ЖЖОКБҰ-дан ауысу, қайта қабылдау, академиялық демалыстан шығу кезінде курстың оқу құнын есептеу ағымдағы оқу жылында нақты оқытылатын пәндерден жүргізіледі.

9.6.16 Академиялық демалыстан оралған білім алушыларды аралық аттестаттау кезеңінде немесе жазғы семестр кезеңінде белгіленген нормаларға сәйкес ақы төлей отырып, білім беру бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларындағы (егер бар болса) айырмашылықты жоюға тиіс.

9.6.17 Білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихы (транскрипт) «Platonus» ААЖ-да (Университеттің веб-сайты арқылы кіру) көрсетіледі. Транскрипт кредиттер мен бағаларды әріптік және цифрлық түрде, сондай-ақ кәсіптік практиканың барлық түрлерін көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде игерілген пәндердің тізбесін қамтиды.

Транскриптке емтихандарды қайта тапсырудың оң нәтижелерін қоса алғанда, білім алушының барлық қорытынды бағалары жазылады.

9.6.18 Дипломға (транскриптке) қосымшада академиялық кредиттер мен сағаттарда олардың көлемін көрсете отырып, оқу және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстарының барлық түрлері бойынша бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша соңғы бағалар көрсетіледі.

9.6.19 Транскрипт Тіркеу кеңсесімен белгіленген нысан бойынша және қажеттілігіне қарай беріледі.

9.7 Оқытудан күтілетін нәтижелері

9.7.1 БББ игерудің негізгі мақсаты білім алушыларда күтілетін оқу нәтижелерін, ал олардың негізінде кәсіби құзыреттіліктерді – тиісті кәсіби міндеттерді шешу үшін осы білімді қолдану үшін жоғары мамандандырылған білім мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

Кәсіби құзыреттіліктің даму деңгейі еңбек нарығындағы маманның бәсекеге қабілеттілігін белгілі бір практикалық жағдайда қажетті нәтижені ең аз шығындармен және оңтайлы мерзімде алу үшін қолдана алатын маман ретінде анықтайды.

Кәсіби құзыреттіліктердің оқу барысында қалыптасатын біліммен, білікпен және дағдылармен байланысы өмір бойы білім алуға арналған Еуропалық біліктілік шеңберімен (EQF) қамтамасыз етілген. EQF – біліктіліктерді, дипломдар мен білім туралы куәліктерді ашықтықты, салыстыруды, тануды қамтамасыз етуге бағытталған мета-жүйе. Еуропалық біліктілік шеңбері әр біліктілік деңгейінде оқыту нәтижелерін белгілеуге негізделген.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 43-сі

9.7.2 Білім беру бағдарламасын әзірлеу барысында білім алушыға қалыптасатын білім, білік және құзыреттілік жүйелік сипатқа ие, олар тек оқу барысында ғана емес, сонымен бірге кәсіби тәжірибе, зерттеулер және т.б. барысында қалыптасады.

9.7.3 Оқытудың күтілетін нәтижелері тұтастай алғанда білім беру бағдарламасының деңгейінде де (білім беру бағдарламасының төлқұжатында) және әрбір нақты пән деңгейінде (пәннің силлабусында) төмендегідей сипатталады:

- білім алушыларға оқытудың доминанты ретінде нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған бағдарламаның (модульдің, пәннің) білім беру мақсаттары туралы түсінік беру; оқытудың жеке траекториясын таңдау негізінде жүзеге асырылатын ақпаратты нақтылау;
- оқытушыға білім алушылар мен жұмыс берушілердің күтілетін ұстанымынан пәннің білім беру мақсаттарын анықтауға көмектесу;
- пәннің БББ компоненті ретіндегі рөлін және оны мазмұнды және технологиялық жетілдіру бағытын анықтау;
- БББ үйлестірушілер мен әзірлеушілерді бағдарламаның мазмұнын бағалаудың объективті критерийлерімен, оның модульдер мен жалпы бағдарлама шеңберіндегі қисындылығы мен келісімділігін қамтамасыз ету.

9.7.4 Университетте оқу нәтижелері Б. Блум таксономия деңгейлері бойынша сипатталады: білімді түсіну, қолдану, талдау, синтез, бағалау (танымдық, функционалды және жүйелік құзыреттілік).

Оқыту нәтижелері ретінде оқу және кәсіби қарым-қатынас саласында тұлғааралық және әлеуметтік өзара іс-қимыл қабілеттері (әлеуметтік құзыреттіліктер), сондай-ақ жеке тұлғаны одан әрі жетілдіру бағдарламаларын әзірлеу кезінде жеке білім жетістіктерін талдау және бағалау қабілеттері (метақұзыреттілік) сипатталады.

9.7.5 Оқытудың күтілетін нәтижелері БББ жобалау кезінде де, оқыту мен бағалау әдістерін таңдау кезінде де негізгі бағдар болып табылады.

9.7.6 Барлық жауапты тұлғалар білім алушылардың білім қажеттіліктерін қанағаттандыру және Университеттің білім беру бағдарламаларын үнемі жетілдіріп отыру мақсатында күтілетін оқу нәтижелерін қалыптастыру үдерісінде білім алушылармен үнемі кері байланыс орнатуға міндетті.

9.8 Академиялық күнтізбе (білім беру процесін жоспарлау)

9.8.1 Университетте білім беру қызметін жоспарлау Академиялық күнтізбе негізінде жүзеге асырылады, онда оқу жылы ішінде демалыс күндерін (демалыстар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларының, практикалардың барлық түрлерін өткізу кезеңдері көрсетіледі.

9.8.2 Академиялық күнтізбе оқу жылына оқу нысандары мен сатылары бөлінісінде жыл сайын бекітіледі және білім алушылардың, ОПҚ және қызметкерлердің назарына «Platonus» ААЖ орналастырылады.

9.8.3 Оқу жылы академиялық семестрлер мен триместрлерден тұрады, семестрлік оқыту үшін ұзақтығы 15 апта, триместрлік оқыту үшін 10 апта. Оның құрылымына сондай-ақ аралық аттестация кезеңдері (емтихан сессиялары) кіреді, олардың ұзақтығы 2-3 аптаға дейін, қорытынды аттестация (бітіру жұмыстарын қорғау) ұзақтығы 7 аптаға дейін, сондай-ақ кәсіби практикалар, ғылыми-зерттеу (эксперименталды-зерттеу)

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 44-сі

жұмыстары, тағылымдамалар мен демалыстар кезеңдері кіреді, олардың ұзақтығы оқу жылында кемінде 7 апта құрайды.

9.8.4 Мереке күндеріне түскен барлық оқу сабақтары мектеп директоры бекіткен жеке кестеге сәйкес кейінге қалдырылуы және өткізілуі тиіс.

9.8.5 Оқытушы мектеп директорына қандай да бір іс-шараларды орындау кезеңдерін ұзарту қажеттілігі туралы немесе денсаулығына, қызметтік іссапар және т. б. себептері бойынша оның болмауына байланысты тиісті біліктілігі бар басқа оқытушыны тағайындау қажеттілігі туралы уақтылы хабарлауға жеке жауапты болады.

9.8.6 Оқытушылар академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде оқыту және бақылау іс-шараларының барлық түрлерін уақтылы жүзеге асыруға міндетті. Қажет болған жағдайда оқытушыға Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың атына берілген өтініш негізінде осы ұзарту білім беру процесінің сапасының нашарлауына және білім алушылардың құқықтарына нұқсан келтірмеуі шартымен дәлелді негіздемені көрсете отырып, қандай да бір іс-шараларды орындау кезеңдерін ұзарту мүмкіндігі берілуі мүмкін.

9.9 Пәндерге тіркелу және жеке оқу жоспарларын қалыптастыру

9.9.1 Білім алушы білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қол жеткізу көзделген оқудың нәтижелері мен құзыреттіліктері негізінде өздерінің жеке оқу траекторияларын өз таңдаулары бойынша қалыптастырады. Таңдау компоненті бойынша пәндер таңдау (бұдан әрі – ТК) білім алушының кәсіби бағдарын есепке ала отырып жүзеге асады. Пәндерді таңдау міндетті түрде пәндерді оқу кезектілігін ескере отырып жүзеге асырылуы керек. Егер алдыңғы семестрде осы пәнге пререквизиттерді меңгермеген болса, білім алушы пәнге тіркеле алмайды.

9.9.2 Білім алушының пәндерге тіркелуі «Platonus» ААЖ жүйесінде онлайн түрде Тіркеу кеңсесінің қызметкерлері және эдвайзерлердің бақылауымен жүзеге асырылады. Әрбір білім алушыға сәйкестендіру нөмері (логин, құпия сөз) беріледі.

9.9.3 1 курстан басқа білім алушылардың барлығын пәндерге тіркеу сәуір айында жүргізіледі. Пәндерге қайта тіркеу 1 курстан басқа білім алушылардың барлығы үшін тамыз айының 25 мен 30 аралығында өтеді. 1 курстарды оқу пәндеріне тіркеу оқу жылының алғашқы аптасында жүргізіледі.

9.9.4 1 курс білім алушылары оқу жылының алғашқы аптасында мектеп директорларымен, эдвайзерлермен кездесулерге қатысады. Эдвайзерлер оқytудың кредиттік жүйесімен жалпы таныстырып өтеді.

9.9.5 ТК бойынша топтар білім алушылардың саны жеткілікті болған жағдайда ғана ашылады. Егер де білім алушылардың саны бкітілген шекті мөлшерден төмен болса, онда ол пән ашылмайды. Басқа кейбір пәнге тіркелеген білім алушыларға 3 күннің ішінде пәндерге тіркеуден қайта өту ұсынылады.

9.9.6 Білім алушылар пәндерге тіркеледі және содан кейін ЖОЖ жасалынады.

9.9.7 ЖОЖ «Platonus» ААЖ әр оқу жылына құрылады. Басып шығарылған ЖОЖ (2 дана) білім алушы қол қояды және келісу үшін эдвайзерге ұсынылады. Егер ескертулер жоқ болған жағдайда эдвайзер қол қойып, Тіркеу кеңсесінің қызметкерлерімен келісіледі. ЖОЖ екі данада мектеп директорымен бекітіледі: біреуі – мектепте сақталады және білім алушының кәсіби оқу бағдарламасының орындалуын, игерілуін бақылау үшін қызмет

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 45-сі

етеді, екіншісі – білім алушының қолына беріледі, ал Тіркеу кеңсесінің қызметкерлері ЖОЖ электронды нұсқасын басшылыққа алады.

9.9.8 Білім алушы ЖОЖ құрылуына және білім беру бағдарламасы оқу жоспарының талаптарына сәйкес білім беру курсын толық игеруге дербес жауапты болады.

9.9.9 Мамандыққа жауапты мектептің директоры және эдвайзерлер алдағы теориялық білім беру кезеңінде алғы реквизиттерді игеру принциптерін сақтау мақсатында академиялық қарызы бар білім алушыларға оларды жою мүмкіндіктерін уақытында хабарлап отыруға жауапты.

9.9.10 Академиялық демалыстан оралған, оқуға қайта қабылданған немесе басқа ЖЖОКБҰ ауысқан кезде Тіркеу кеңсесі білім алушыларды жеке өтініштеріне сәйкес бұрын қалыптастырылған пәндік ағындарға/топтарға тіркейді, бұл ретте білім алушылар саны аз топтарға артықшылық беріледі.

9.9.11 Білім алушы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында басқа ЖОО игерген пәндері бойынша кредиттерін, егер олар оқу бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес келген жағдайда қайта есептетуге өтініш бере алады.

9.9.12 Академиялық демалыстан, сонымен қатар басқа ЖОО ауысып келген білім алушылардың пәндер кредитін қайта есептеу оқу бағдарламасы пәндерінің бекітілген эквивалентіне сәйкес жүзеге асады.

9.9.13 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелдік іссапар кезінде игерілген пәндер бойынша кредиттер қайта есептелген жағдайда, өтінім шетелдік іссапардан қайтару туралы бұйрық шыққаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде беріледі. Кредиттерді қайта есептеуге өтінімге растайтын құжаттар (бітіруші мектеп ұсынысы, өткен курстары, оқу жүктемесінің көлемі және алынған бағалары көрсетіле отырып транскрипт) қоса беріледі.

Білім алушы кредиттерді қайта есептеу жүзеге асырылған пәннен өтуден босатылады. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету шарты негізінде оқыған жағдайда оқу құны қайта есептелген кредиттердің құнын шегергенде есептеледі.

9.9.14 Магистратураға түсуді жоспарлаған үміткерлер мектеп мәжілісінің хаттамасынан үзіндіге сәйкес пререквизиттерді зерттеу үшін өтініш береді.

Әрбір даярлық бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мектеп директорлары үміткердің транскрипті негізінде Университет Басқарма Төрағасы – Ректоры бекіткен білім беру бағдарламаларының пререквизиттер тізіміне сәйкес оқытылатын пәндер санын анықтайды.

9.9.15 Пререквизиттердің мазмұны мен оларды зерттеуге арналған уақыт көлемі шығарушы мектептермен айқындалады.

Пререквизиттерді зерттеуге арналған сағаттар көлемін бекіту туралы мектеп отырысының хаттамасынан үзінді Академиялық даму бөліміне және Тіркеу кеңсесіне беріледі.

9.9.16 Магистратураға түсушілер үшін пәндер бойынша пререквизиттерді оқып үйренудің жоспарлау, ұйымдастыру тәртібі, сондай-ақ оқыту нысандары мен технологияларын қолдану Университет тарапынан айқындалады.

Пререквизиттерді оқыту бойынша сабақ кестесін Академиялық даму бөлімі әзірлеп, Академиялық және ғылыми істер жөніндегі Вице-ректоры бекітеді.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 46-сі

9.9.17 Пререквизиттерді меңгеру магистратураның оқу жоспарының пәндерін оқумен қатар бірінші академиялық кезеңде жүзеге асырылады, бұл ретте магистратурадағы оқу мерзімі ұзартылмайды.

Пәндерді оқу аяқталғаннан кейін пререквизиттерді меңгеру нәтижелері ведомостьқа енгізіледі.

9.9.18 Пререквизиттер ретінде магистрант тиісті деңгейдегі бейресми білім беру нәтижелерін ұсыну мүмкіндігіне ие, оларды тану Университет тарапынан «Білім туралы» Заңның 5-бабының 38–3) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады.

9.9.19 Пререквизиттер ақылы негізде меңгеріледі. Пререквизиттерді оқытуға арналған шығындар сметасын Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі айқындап, оны Университет Басқарма Төрағасы – Ректоры бекітеді.

9.9.20 Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде білім алады.

9.9.21 Магистранттың жеке жұмыс жоспары бүкіл оқу кезеңіне арналып жасалады және келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) ИУП (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);
- 2) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 3) практика (бағдарлама, база, мерзімі және есеп беру нысаны);
- 4) магистрлік диссертация (магистрлік жоба) тақырыбының негіздемесі және құрылымы;
- 5) магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;
- 6) ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар жоспары.

9.10 Оқу сабақтарына қатысу

9.10.1 Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес білім алушы барлық оқу сабақтарына қатысуға міндетті. Сабақтарды себепсіз өткізіп алуға жол берілмейді. Сабақты өткізіп алудың дәлелді себептері медициналық мекемеден шыққаннан кейін 3 күн ішінде мектепке берілген анықтамамен расталған медициналық айғақтар, іссапарға жіберу туралы бұйрықпен расталған шетелдік іссапарға шығу, оқу немесе қызметтік іссапар, жақын туыстарының қайтыс болуы, Университет әкімшілігінің келісімімен республикалық деңгейдегі спорттық және басқа да іс-шараларға қатысу болуы мүмкін, ал сондай-ақ, құжатпен расталған форс-мажорлық жағдайлар.

Білім алушы дәлелсіз себеппен оқу сабақтарына қатыспай және ЖОО байланысты үзген жағдайда Университеттен шығарылады.

9.10.2 Оқытушы апта сайын білім беру порталындағы электронды журналды толтыруға міндетті. Электронды журнал – білім алушының сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімін көрсететін ресми құжат.

9.10.3 Академиялық ұтқырлық бойынша шетелдік іссапардан оралған, іссапар қорытындысы бойынша академиялық қарызы болған білім алушылар мектеп директорының атына жеке оқу кестесі бойынша тиісті пәндерді оқу туралы өтініш береді. Бұл ретте олар академиялық қарыз пәндері бойынша қорытынды емтихандарды келесі академиялық кезең басталуынан кем дегенде 5 күн бұрын тапсыруы тиіс.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 47-сі

9.10.4 Егер білім алушының жоспарланған іс-сапары (дуальды оқыту) келесі академиялық семестр/триместр басталып кеткен соң бітетін болса және білім алушы 5 аптадан артық оқу сабақтарын өткізіп алуға мәжбүр болса, онда ол кетемін дегенше келесі семестрдің/триместрдің пәндерін қашықтықтан оқуға ауысуға құжат рәсімдеуі тиіс.

9.11 Білім алушылардың өзіндік жұмысы

9.11.1 Кредиттік оқыту жүйесі талабы бойынша білім алушы оқу бағдарламасын толық игеру үшін екі түрге бөлінетін өзіндік жұмыстың үлкен көлемін орындау керек: біріншісі – оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыс (бұдан әрі – ОБӨЖ), екіншісі – толығымен өз бетінше орындалатын (бұдан әрі – БӨЖ).

9.11.2 Білім алушының оқытушының басшылығымен жүргізетін өздік жұмысы (бұдан әрі – БОӨЖ) оқытушының кеңсе сағаттары кезінде мектеп директоры бекіткен жеке кесте бойынша оқытушымен байланыста орындалады. Бұл жұмыс түріне оқу бағдарламасындағы ең күрделі сұрақтар бойынша кеңестер, үй тапсырмаларын орындау, семестрлік/триместрлік жұмыстарды, есептерді және өздік жұмыстың басқа да түрлерін бақылау кіреді. Білім алушылардың санатына байланысты ол екі түрге бөлінеді: оқытушының басшылығымен білім алушының өздік жұмысы (бұдан әрі – БОӨЖ) және оқытушының басшылығымен магистранттың өздік жұмысы (бұдан әрі – ОМӨЖ).

Білім алушының өздік жұмысы (бұдан әрі – БӨЖ) – бұл өз бетінше оқуға арналған тақырыптар тізімі бойынша орындалатын жұмыс, ол оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген; білім алушылардың санатына байланысты ол білім алушының өздік жұмысы (бұдан әрі – БӨЖ) және магистранттың өздік жұмысы (бұдан әрі – МӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-дің барлық көлемі тапсырмалар арқылы расталады.

9.11.3 Өзіндік жұмыстардың барлық түрлері нақты тапсырмаларымен, тапсырмаларды өткізу кестесі мен бағалау талаптарын көрсете отырып силлабуста сипатталады.

9.11.4 Білім алушыға өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау қиындық тудырмаса кестеге сәйкес аудиториядағы кеңсе-сағатына қатыспаса да болады.

9.11.5 Оқытушы кеңсе-сағатында аудиторияда отыруы міндетті болып саналады. Кеңсе-сағатын семинар, практикалық немесе лабораториялық сабақтармен алмастыруға рұқсат етілмейді.

9.12 Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы

9.12.1 Білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысы оқу үдерісін тереңдету және жалғастыру болып табылады, мектептерде, сонымен қатар Университеттің Ғылыми-зерттеу орталықтарында ұйымдастырылады.

9.12.2 Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі – ҒЗЖ) – білім алушылар игеретін білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылым саласының өзекті проблемасының ғылыми жетекшісінің (консультанттың) басшылығымен дербес зерттеу.

9.12.3 Университет жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) орындауына және мақалалар жариялауына ықпал етеді.

9.12.4 Білім алушыларға бітіру жұмысын дайындау кезеңінде Университет ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдауды қамтамасыз етеді, ол мыналарды қамтиды: білім алушыға жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 48-сі

жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына және жоғары оқу орындарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келетін ғылыми басшыны бекіту; өзекті зерттеу тақырыбын ұсыну; әдістемелік ұсынымдар беру; мәтінді плагиаттың бар-жоғына екі рет тексеру (тегін).

9.12.5 Бакалавриат деңгейінде бітіру жұмысын орындаудың мақсаты:

- мамандандыру саласындағы теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелеу, бекіту, кеңейту, оларды нақты ғылыми және өндірістік міндеттерді, сондай-ақ мәдени мақсаттағы міндеттерді шешуде қолдану;
- өз бетінше ғылыми жұмыс жүргізу дағдыларын дамыту және әзірленіп жатқан мәселелер мен мәселелерді шешуде ғылыми зерттеу, эксперимент жүргізу әдістемесін меңгеру;
- білім алушының дербес ғылыми-зерттеу жұмысына дайындық деңгейін, сондай-ақ оның кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

9.12.6 Магистрлік диссертацияны/жобаны орындаудың мақсаты – магистранттың ғылыми-теориялық және зерттеу-талдау деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқарушылық құзыреттерін жинақтап көрсету, кәсіби міндеттерді орындауға дайындығын және оның дайындығының кәсіби стандарт пен білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін айқындау.

9.12.7 Білім алушылардың ғылыми жетекшіні және бітіру жұмысының тақырыбын таңдауға, сондай-ақ Университет Ректорының атына тиісті өтініш жазу негізінде бекітілген жетекшіні және/немесе тақырыпты ауыстыруға құқығы бар.

9.12.8 Білім алушылардың дипломдық жұмыстарының (жобаларының) және магистрлік диссертацияларының тақырыптары, бітіруші жұмыстардың ғылыми жетекшілері мен рецензенттері Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Университет Ректорының бұйрығымен бірінші желтоқсаннан кешіктірілмей бекітіледі.

9.12.9 Білім алушылардың бітіру жұмыстарын сараптауды біліктілігі қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін басқа ұйымдардың сыртқы мамандары ғана жүзеге асырады.

9.12.10 Білім алушылардың ғылыми жетекшілері білім алушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге жауапты болады:

- қажетті дереккөздер мен ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз етеді;
- білім алушыларда ғылыми жұмыс орындау барысында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізудің этикасын және академиялық шыншылдық стандарттарын қалыптастырады;
- бітіру жұмысты орындау барысында көмек көрсетеді және кеңес береді;
- білім алушыларға ұсынылған материалдар бойынша кері байланыс береді.

9.12.11 Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ (МЭЗЖ)) шеңберінде магистранттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті саладағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда ғылыми тағылымдамадан міндетті өту қарастырылады.

9.12.12 Ғылыми тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына және зерттеу тақырыбына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 49-сі

9.12.13 Шетелде тағылымдамадан өткен жағдайда, тағылымдама халықаралық рейтингтерге енгізілген жетекші ғылыми ұйымдарда және ЖЖОКБҰ-да, соның ішінде тиісті бағытта (by Subject (бай сабджект)) жүзеге асырылады.

9.12.14 Тағылымдаманың ұзақтығы кемінде күнтізбелік 14 күнді құрайды.

9.12.15 Тағылымдама бағдарламасы мен апталық жоспарын Университет тағылымдама өтетін ұйыммен бірлесіп бекітеді.

Тағылымдама бағдарламасы білім беру және ғылыми компоненттердің болуын қамтиды.

Тағылымдамадан өтуге зерттеу тақырыбы бойынша алдын ала зерттеу нәтижелері және (немесе) жарияланымдары бар адамдар жіберіледі.

9.12.16 Шет тілінде тағылымдамадан өткен жағдайда тіл білу туралы сертификаты болуы қажет:

- Ағылшын тілі: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи)) шекті балл – 163 балдан кем емес,

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБиИТи), шекті балл – 60-тан кем емес,

- Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер бэйсед тэстинг) (TOEFL PBT (ТОЙФЛ ПиБиТи)) шекті балл – 498-ден кем емес,

- Test of English as a Foreign Language Paper-delivered testing (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж пэйпер деливеред тэстинг) (TOEFL PDT (ТОЙФЛ ПиДиТи)) – шекті балл – 65-тен кем емес,

- International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем) (IELTS IELTS (АЙЛТС)) шекті балл – 6,0 кем емес;

- және/немесе неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (дойче шпрахпрю фун фюр дейн хохшулцуган) (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (тестдаф-прюфун) (Niveau C1/C1 деңгейі);

- және/немесе француз тілі: Test de Français International™ Тест де франсэ Интернациональ - (TFI (ТФИ)) - оқу және тындау бөлімдерінде B1 деңгейінен төмен емес, Diplome d'Etudes en Langue française Диплом дэтюд ан Ланг франсэз - (DELTA (ДЭЛТА)), B2 деңгейі), Diplome Approfondi de Langue française Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз (DALF (ДАЛФ), C1 деңгейі), Test de connaissance du français Тест де коннэссанс дю франсэ (TCF (ТСФ)) - кемінде 50 балл.

9.12.17 МҒЗЖ (МЭЗЖ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарланады.

9.12.18 Ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін оларды жүргізген әрбір кезеңнің соңында магистрант есеп түрінде ресімдейді.

9.12.19 Ғылыми-педагогикалық магистратурадағы магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

- 1) магистрлік диссертация орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

- 2) өзекті, ғылыми жаңалығының және практикалық маңызының болуы;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 50-сі

3) ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;

4) ғылыми зерттеулердің қазіргі әдістерін қолдана отырып орындалуы;

5) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы;

6) тиісті білім беру саласында алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибеге негізделуі қажет.

9.12.20 Бейінді магистратурадағы магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысына қойылатын талаптар:

1) магистрлік жоба орындалатын және қорғалатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі;

2) ғылымның, техника мен өндірістің қазіргі заманғы жетістіктеріне негізделуі және нақты практикалық ұсынымдарды, басқару міндеттерінің дербес шешімдерін қамтуы;

3) алдыңғы қатарлы ақпараттық технологияларды қолдана отырып орындалуы;

4) негізгі қорғалатын ережелер бойынша эксперименттік-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерінің болуы қажет.

9.12.21 Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін магистрант жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді. Магистранттардың есептері Мектеп отырыстарында тыңдалады. Мектеп отырыстарының хаттамаларында «аттестаттау», «аттестаттамау» белгіленуі қажет.

9.12.22 Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының соңғы қорытындысы магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

9.13 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау

9.13.1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау және күтілетін оқыту нәтижелерін қалыптастыру үшін бақылаудың келесі түрлері қарастырылған:

- ағымдағы бақылау;
- аралық бақылау;
- аралық және қорытынды аттестатау.

9.13.2 Ағымдағы бақылау – бұл академиялық кезең ішінде аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі түрде оқытушы жүргізетін тексеру.

Ағымдағы бақылау тапсырмаларын орындағаны үшін балл пәннің силлабусында орындалатын тапсырмалардың саны мен күрделілік дәрежесіне сәйкес апта бойынша бөлінеді.

Ағымдағы бақылаудың бағалары пән силлабусына сәйкес тиісті оқу аптасы үшін ең жоғары балл санына қатаң сәйкес «Platonus» ААЖ қатысу журналына қойылады.

9.13.3 Аралық бақылау (бұдан әрі – АБ) – академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәні шеңберінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

АБ баллдары білім алушының ағымдағы үлгерімінің жиынтық бағасын (қатысу журналында қойылған балдарға сәйкес) және АБ арнаулы тапсырмаларын орындау нәтижелерін (қажет болған жағдайда) көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 51-сі

АБ бағалары «Platonus» ААЖ аралық бақылау тізімдемесіне қойылады. АБ саны ОЖЖ арқылы анықталады және пәннің силлабусында көрсетіледі; әдетте, оқу пәнін игеру барысында екі аралық бақылау үшін балл қойылады (АБ1 және АБ2).

Алғашқы аралық бақылау (АБ1) кезінде білім алушының семестрдің алғашқы 7 аптасындағы және триместрдің алғашқы 5 аптасындағы үлгерімі бағаланады. Екінші аралық бақылау (АБ2) кезінде білім алушының семестрдің 8-15 аптасы және триместрдің 6-10 аптасы арасындағы үлгерімі бағаланады.

9.13.4 Пән бойынша қорытынды емтихан ұзақтығы кемінде 2 апта аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) кезеңінде өткізіледі. Аралық аттестаттау нәтижелері «Platonus» ААЖ жеке емтихан тізімдемесіне енгізіледі.

9.13.5 Пәннің ерекшелігіне байланысты ағымдағы, аралық бақылау жүргізу нысанын оқытушы белгілейді.

9.13.6 Ағымдағы, аралық бақылаулар тест сауалнамалары, жазбаша (эссе) және ауызша бақылау жұмыстары түрінде, білім алушылардың диспуттарға, дөңгелек үстелдерге, іскер ойындарға қатысу, ситуациялық міндеттерді шешу (жобаларды қорғау) және т.б. түрінде өткізіледі. Ағымдағы және аралық бақылауды өткізу нысаны туралы толық ақпарат силлабуста беріледі және білім алушыға семестрдің/триместрдің алғашқы екі аптасында жеткізіледі.

9.13.7 АБ нәтижелерін жоғарылату мақсатында өзгертуге рұқсат берілмейді.

9.13.8 Барлық баллдарды білім алушы аралық аттестаттауды тапсырғанға дейін пысықтауы тиіс. Аралық аттестаттауды тапсырғаннан кейін АБ1, АБ2 баллдарын өзгертуге жол берілмейді.

9.13.9 Қорытынды бақылау – пәнді оқу аяқталғаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін емтихан сессиясы (аралық аттестаттау) кезеңінде жүргізіледі.

Білімді аралық аттестаттауға аралық бақылау қорытындысы бойынша кемінде 50 балл $(PK1+PK2)/2$ жинаған білім алушылар жіберіледі. Аралық аттестаттау үшін ең жоғары баға – 100 балл.

Пән бойынша қорытынды баға мына формула бойынша есептеледі: $(AB1+AB2)/2 \times 0,6 + (QE \times 0,4)$.

Осылайша, аралық бақылау 60%, аралық аттестаттау пән бойынша қорытынды бағаның 40% құрайды.

9.13.10 Емтихан сессиясына жіберу мектеп директорының өкімімен ресімделеді. Аралық аттестаттауда жол берілмейді:

– АБ қорытындысы бойынша 50 балдан төмен жинаған білім алушылар $(AB1+AB2) / 2$;

– оқу ақысын төлеу бойынша берешегі бар ақылы білім беру қызметтерін көрсету шарты негізіндегі білім алушылар.

9.13.11 Бакалавриат бағдарламасы бойынша барлық білім беру бағдарламалары және дайындық бағыттарының білім алушылары «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқыту аяқталғаннан кейін мемлекеттік емтиханды сол академиялық кезеңде тапсырады.

9.13.12 Емтихан сессияларының ұзақтығы және емтихандар саны бекітілген білім беру бағдарламасының ОЖЖ және академиялық күнтізбеге сәйкес айқындалады. Емтихан сессиясын ұйымдастыру және өткізу үшін жауапкершілік мектеп пен Академиялық даму бөліміне жүктеледі.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 52-сі

9.13.13 Білім алушылар барлық емтихандарды бекітілген пәндердің оқу жұмыс бағдарламалары бойынша және жеке оқу жоспарына сәйкес қатаң түрде тапсыруы тиіс.

9.13.14 Емтихан сессиясын өткізу тәртібі ағымдағы және аралық бақылауларды, аралық және қорытынды аттестацияларды, сондай-ақ жазғы семестрді ұйымдастыру жөніндегі ережелермен реттеледі.

9.13.15 Барлық білім алушылар оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларымен, сондай-ақ оқу жетістіктеріне қорытынды бақылау жүргізу кезінде білім алушылардың мінез-құлқына қойылатын талаптарды белгілейтін Академиялық адалдық саясатымен танысуға тиіс. Білім алушыларды жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттармен уақтылы таныстыруға жауапкершілікті бітіруші мектепке жүктеледі.

9.14 Оқу нәтижелерін бағалау, апелляция, емтихандарды қайта тапсыру

9.14.1 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау күтілетін оқу нәтижелерінің қалыптасу деңгейін анықтауға арналған бағалаудың түрлі нысандары мен әдістерін қолдану арқылы жүзеге асады.

9.14.2 Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін қолданылатын әдістер сенімділік пен жарамдылық критерийлеріне сәйкес келуі және студентке бағытталған сипатқа ие болуы тиіс.

9.14.3 Оқытушы апта сайын «Platonus» ААЖ электронды журналында ағымдағы үлгерім бағаларын 100 балдық шкаламен қойып отырады. Білім алушының қорытынды емтиханға жіберілу рейтинг (ЖР) баллы 50% кем болмауы керек. Академиялық кезең аяқталғаннан кейін емтихан түрінде қорытынды бақылау жүргізіледі.

9.14.4 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімдері, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша балдармен бағаланады (оң бағалар, кемуіне қарай, «А»-дан «D»-ге дейін (100-50) және «қанағаттанарлықсыз» - «FX» (25-49), «F» (0-24) және дәстүрлі жүйе бойынша бағалаулар. «FX» бағасы тек қорытынды емтихан үшін қойылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шәкіле және ECTS аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Балдар (%-дық құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 53-сі

FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

9.14.5 Тілдер (қазақ, шетел, орыс) бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлік модельге және ECTS аудару және дәстүрлі шкалаға сәйкес шет тілдері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес бағаланады.

Тілді меңгеру деңгейі мен сипаттамасы шет тілді меңгерудің жалпыеуропалық құзыретіне (бұдан әрі – ЖЕК) (A1, A2, B1, B2, C1, C2) сәйкес келеді (Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы 2 қосымшаға сәйкес).

9.14.6 Әрбір пән бойынша бағалау шкаласы білім алушыларға автоматтандырылған ақпараттық жүйе ААЖ «Platonus» және университеттің «Moodle» порталында орналасқан силлабустар арқылы қолжетімді.

9.14.7 Оқытушы аралық аттестаттау бағасын «Platonus» ААЖ-не аталған пән бойынша емтихан тапсырылғаннан кейін 24 сағат ішінде, жазбаша түрде қабылданған емтиханның ерекшелігіне байланысты 48 сағат ішінде қою керек.

9.14.8 Пән бойынша аралық аттестаттау нәтижесімен (емтихан үшін баға) келіспеген білім алушы емтихан нәтижелерін «Platonus» ААЖ электрондық тізімдемесіне қойғаннан кейін 24 сағат ішінде дәлелді жазбаша өтініш беруге құқылы.

9.14.9 Апелляцияға өтініш, егер емтиханнан алынған баға білім алушылар көрсеткен оқу нәтижелерінің объективті деңгейіне сәйкес келмеген мына жағдайларда қабылданады:

- емтихан сұрағының дұрыс тұжырымдалмауына байланысты;
- мазмұны бойынша емтихан сұрағы пәннің оқу бағдарламасына сәйкес келмейтіндігіне байланысты.

9.14.10 Апелляциялық бағалау және апелляцияның себебі білім алушының өтінішінде көрсетілуі керек.

Жазбаша және тест нысанында өткізілетін емтихандардың нәтижелері ғана апелляцияға жатады.

9.14.11 Апелляцияларды қарау барысында апелляциялық комиссия мүшелері емтихан тапсыру нәтижелерін бағалау туралы апелляциялық өтініштің мәні бойынша жазбаша дәлелді қорытынды шығарады және белгіленген нысан бойынша хаттама жасайды.

Апелляциялық комиссияның білім алушыға қосымша сұрақтар қоюға құқығы жоқ және жазбаша жұмысқа түзетулер енгізе алмайды.

Апелляциялық комиссия апелляцияны қанағаттандыруға және емтихан бағасына балл қосу туралы шешім қабылдауға не апелляцияны қанағаттандырмауға және бағаны өзгеріссіз қалдыруға құқылы. Бұрын қойылған емтихан бағасын төмендетуге жол берілмейді.

Апелляциялық комиссия міндетті түрде апелляция берген білім алушыға апелляцияны қарау нәтижесінде Комиссия қабылдаған шешімді түсіндіруге тиіс.

Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша апелляцияларды қарау нәтижелері хаттамамен рәсімделеді. Апелляция нәтижелерін Тіркеу кеңсесінің қызметкері

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 54-сі

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор апелляциялық комиссияның шешімін бекіткеннен кейін «Platonus» ААЖ электрондық тізімдемесіне енгізеді.

9.14.12 «FX» белгісіне (25-49) сәйкес келетін «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда білім алушы осы бағалау алынған емтихан сессиясынан кейін бірден арнайы бөлінген уақыт кезеңінде оқу пәні/модуль бағдарламасын қайта өтпей-ақ аралық аттестаттауды қайта тапсыруға мүмкіндігі бар.

9.14.13 «FX» қайта тапсыру кезінде «F» бағасын алған жағдайда білім алушы жазғы семестр кезеңінде ақылы негізде осы оқу пәніне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және аралық аттестаттауды қайта тапсырады.

9.14.14 Егер білім алушы белгіленген кезеңде «FX» бағасын қайта тапсыруға келмеген болса, бұл баға «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасына ауыстырылады және одан әрі академиялық берешек болып есептеледі, оны жою үшін білім алушы келесі семестрде (жазғы семестрде) оқу сабақтарының барлық түрлеріне ақылы негізде қайта қатысуы, бағдарламаға сәйкес пән бойынша оқу жұмысының барлық түрлерін орындауы және аралық аттестаттауды тапсыруы қажет.

9.14.15 Ар-намыс, әдеп және мінез-құлық кодексі (рұқсат етілмеген көмекші құралдарды, ұялы телефондарды пайдалану, себепсіз кешігу және т.б.) оқытудың кредиттік жүйесі бойынша оқыту қағидаларының талаптарын бұзған білім алушыға «F» бағасы шағымдануға және апелляцияға жатпайтын бұзушылық туралы акт негізінде автоматты түрде қойылады. Бұл жағдайда білім алушы осы пәнді ақылы негізде қайта оқиды.

Оқытудың кредиттік жүйесі бойынша оқыту қағидаларын және Ар-намыс, әдеп және мінез-құлық кодексін қайта бұзғаны үшін білім алушы Тәртіптік кеңестің ұсынуы негізінде Университеттен шығарылуға тиіс.

9.14.16 «F» бағасын алған жағдайда білім алушы пәннен қайта оқып, тапсыруға құқылы. Пәнді қайта оқу тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

Сабақ басталғаннан бастап төрт апта өткен соң білім алушының пәнді қайта өту кезінде пәннен бас тартуға құқығы жоқ, әйтпесе білім алушыға пән үшін «F» бағасы қойылады. Пән үшін төленген төлем білім алушыға қайтарылмайды.

9.14.17 Қорытынды бақылаудан (емтиханнан) оң нәтижемен алынған бағаны көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

9.14.18 Оқу ақысын төлеу бойынша берешекке байланысты қорытынды емтихандарға жіберілмеген білім алушылар емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін күнтізбелік 7 күн ішінде қаржылық берешекті өтеп, емтихан тапсыруға тиіс. Әйтпесе, білім алушы академиялық саясат ережелерін бұзғаны үшін Университеттен шығарылады.

9.14.19 Курс бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ ең төменгі ауысу балын жинамаған білім алушыға өзінің GPA жоғарылату мақсатында жазғы семестрде жекелеген пәндерді ақылы негізде қайта зерделеуге және олар бойынша қорытынды емтихандарды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

9.14.20 GPA балының белгіленген деңгейін жинаған білім алушылар Университет Ректорының бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады. Курстан курсқа ауысу үшін қажетті GPA балын Тіркеу кеңсесі белгілейді. Белгіленген GPA балын жинамаған білім алушы ақылы негізде қайта оқу курсына қалады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 55-сі

9.14.21 Қайта оқу курсына қалдырылған мемлекеттік білім беру гранттарының иегері-білім алушылар білім беру грантынан айырылады және одан әрі оқуын тек ақылы негізде жалғастырады. Келесі академиялық кезең сәтті аяқталған кезде оларға қайта стипендия тағайындалуы мүмкін.

9.14.22ьАралық аттестаттау (емтихан сессиясы) қорытындысы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға барлық емтихандарды «А», «А-», «В+», «В», «В-», «С+ «жақсы» бағаларына тапсырған жағдайда мемлекеттік стипендия есептеледі.

9.15 Кәсіби практикаларды ұйымдастыру және өту

9.15.1 Білім алушылар білім беру бағдарламаларын игеру барысында МЖМС сәйкес бағдарламалардың оқу жоспарларында көзделген кәсіптік практикадан өтеді.

9.15.2ьБілім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі оқытудың бүкіл кезеңі ішінде практикалық дағдылар мен құзыреттерді үздіксіз қалыптастыруды көздейтін үздіксіз практикалық даярлық тұжырымдамасына негізделеді.

9.15.3 Білім алушылардың кәсіптік практикасының негізгі және міндетті түрлеріне мыналар болып табылады: оқу, педагогикалық, өндірістік, зерттеу, дипломалды практика.

9.15.4 Практиканың барлық түрлері практика жетекшілерінің басшылығымен практиканы ұйымдастыруға және өту шарттарына қойылатын негізгі талаптарды қамтитын практика бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

Практика бағдарламасын бітіруші мектеп білім беру бағдарламасының бейінін, кәсіпорынның, ұйымның сипатын – практикадан өту орындарын (практика базасын), оқытудың күтілетін нәтижелерін ескере отырып әзірлейді және Университеттің бітіруші мектеп мәжілісінде бекітіледі.

9.15.5 Практиканы ұйымдастырудың барлық кезеңдерінде түлектердің даярлық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес білім алушылардың кәсіби дағдыларды меңгеруінің үздіксіздігі мен дәйектілігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

9.15.6ьБілім алушылардың оқу практикасы Университет бөлімдерінде немесе кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда өткізіледі.

9.15.7 **Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша:** Өндірістік, педагогикалық, дипломға дейінгі практика білім алушыларға практикалық базалармен жасалған келісімдерге сәйкес кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда өткізіледі.

Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша: Педагогикалық практика университетте, зерттеу практикасы диссертацияны орындау орны бойынша өткізіледі.

9.15.8 Ұйымдардың базасында білім алушылардың кәсіптік практикасын өткізу туралы ұйымдармен уақытылы келісім-шарттар жасасуға, практика базасының БББ бейініне және оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкестігіне практиканың тағайындалған жетекшілерінің жұмысын бақылауды жүзеге асыратын бітіртуші мектеп директоры жауапты болады.

9.15.9 Практика жетекшілері білім алушылардың кәсіптік практикаларын өткізуді уақытылы сапалы ұйымдастыруға жауапты болады, білім алушы-практиканттардың практика күнделіктерін уақтылы толтыруын бақылайды, білім алушыларға практикадан өтуге байланысты барлық мәселелер бойынша кеңес береді және аттестаттау

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 56-сі

ведомостарына бағаларды енгізе отырып, практика нәтижелерін аттестаттауды жүзеге асырады.

9.15.10 Білім алушылар кәсіптік практика базасын дербес іздестіруді жүзеге асыруға және практиканың болжамды базасы білім беру бағдарламасының бейініне және практикалық дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру бөлігінде бағдарлама бойынша оқытудың күтілетін нәтижелеріне сәйкес келген жағдайда практикадан өту туралы шарт жасасуға бастамашылық етуге құқылы.

9.15.11 Үздіксіз практикалық даярлық тұжырымдамасын іске асыру мақсатында білім беру бағдарламасын игеру шеңберінде өз базасында жыл сайын түрлі кәсіптік практикадан өтуді қамтамасыз ететін ұйымдармен ұзақ мерзімді ынтымақтастықтар қолдау тауып, осылайша білім алушыларда қажетті кәсіптік құзыреттерді қалыптастыруда үздіксіздік пен сабақтастыққа ықпал етеді.

9.15.12 Практиканы өткізу мерзімдерін Университет оқу жоспары мен академиялық күнтізбеге сәйкес белгілейді.

9.15.13 Білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларында практиканың әрбір түріне сәйкес келетін кредиттер саны айқындалады. Білім алушылар практиканың тиісті түріне тіркеледі және оны өздерінің ЖОЖ қосады.

9.15.14 Практика нәтижелерін білім алушы-практикант академиялық күнтізбеге сәйкес аралық аттестаттаудың тиісті кезеңінде бітіртуші мектеп комиссиясының алдында қорғайтын жазбаша есеп түрінде рәсімдейді.

9.15.15 Білім алушылардың практикадан өту нәтижелерін бағалау теориялық оқыту бойынша бағалауға теңестіріледі, стипендия тағайындау туралы мәселені қарау кезінде, жалпы GPA есептеу және оны келесі оқу жылына ауыстыру кезінде ескеріледі. Практика бойынша баға «Platonus» ААЖ белгіленген мерзімде қойылады.

9.15.16 Білім алушылар ЖОЖ және академиялық күнтізбеге сәйкес кәсіптік практиканың барлық түрлерінен, практика нәтижелерін аттестаттаудан уақтылы өтуге міндетті.

9.16 Дуалды оқытуды ұйымдастыру және өткізу

9.16.1 Дуалды оқыту теориялық және практикалық оқытуға бөлінеді: теориялық оқыту Университет жағдайында, практикалық оқыту шарттарға сәйкес кәсіпорындарда/ұйымдарда ұйымдастырылады.

9.16.2 ДО элементтерін қолдана отырып жүргізген оқу үдерісі оқытудың кредиттік технологиясына сәйкес жүзеге асырылады.

9.16.3 Оқу процесін БББ даярлау бағытына сәйкес келетін нормативтік, техникалық құжаттамамен қамтамасыз ететін кәсіпорын (серіктес ұйым) практикалық сабақтар өткізеді, жұмыс орындарын, кәсіптік практика базаларын ұсынады және тәлімгерлерді тағайындайды.

9.16.4 Университет білім алушыларды практикалық даярлау жоспарланатын кәсіпорындармен/ұйымдармен ДО туралы шарттар жасасады, оқу семестрі/триместрі басталғанға дейін шарт жасасуға жол беріледі.

9.16.5 Университет оқу процесін оқу-әдістемелік материалдармен (бұдан әрі – ОӘМ) (оқулықтар, оқу, оқу-әдістемелік құралдар, оқыту бағдарламалары, білім

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 57-сі

алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтар, электрондық оқулықтар), желілік білім беру ресурстарына қолжетімділікпен қамтамасыз етеді.

9.16.6 Өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту кезеңінде білім алушыға Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес кәсіпорынның еңбек тәртібі қағидалары қолданылады.

9.16.7 Білім алушының еңбек қызметін растайтын құжат – бұл ынтымақтастық туралы келісімшарт (өндірістік оқыту және кәсіби тәжірибе).

9.16.8 Университет білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру процесінің сақталуына, сабаққа қатысуына қатаң мониторинг жүргізеді, білім алушы мен оқытушының цифрлық ізін қадағалау, оның Цифрлық ізі арқылы бағалау жолымен материалдарды зерделеу барысын және тапсырмалардың уақтылы орындалуын бақылайды. Сондай-ақ білім алушыларға консультациялық қолдау көрсетеді (білім алушы нашар меңгерілген тақырыптар бойынша тьютерге жүгінеді).

9.16.9 Білім алушылар Университеттің ресми платформасында жаппай ашық онлайн курстарды (ЖАОК) және (немесе) Университеттің келісімі бойынша халықаралық білім беру платформаларына (Coursera, EdX, FutureLearn, Udacity) жазылуды қолдана отырып, БББ жекелеген пәндерін меңгере алады, олардың нәтижелері барлық оқу кезеңіндегі академиялық кредиттердің жалпы көлемінің 50 пайызынан аспау керек деген Университет қабылдаған қаулы негізінде жүзеге асады.

9.16.10 Аралық және қорытынды аттестаттауды білім алушылар Университетте тапсырады. Аралық аттестаттау аралас форматта өткізіледі.

9.16.11 Өндірістік оқыту және кәсіптік практика жалпы білім беретін пәндерге, аралық және қорытынды аттестаттауға бөлінген уақытты есепке алмағанда міндетті оқытудың оқу уақытының жалпы көлемінің кемінде 40% құрайды.

10. ФОРМАЛЬДЫ ЖӘНЕ ФОРМАЛЬДЫ ЕМЕС БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ АЛЫНҒАН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАНУ

10.1 Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тануды жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары дербес жүзеге асырады. Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған барлық оқыту нәтижелері академиялық кредиттер түрінде өмір бойы жинақталады. Бағдарламалардың көлемін салыстыру кезінде білім беру бағдарламасының бір академиялық кредитінің бастапқы еңбек сыйымдылығы үшін университетте – 30 академиялық сағат қабылданады.

10.2 Формальды емес оқыту адам өмірінің нақты жағдайларына және оның тәжірибесіне тікелей байланысты, формальды білім беру жүйесінің шеңберінен тыс өтетін дербес оқытудың барлық процестерін білдіреді.

10.3 Формальды емес білім беру бағдарламасын білім алушы формальды емес (қосымша) білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдарда немесе формальды білім беру ұйымдарында (оқу орны бойынша не өзге де білім беру ұйымдарында) игереді.

10.4 Білімді бағалау жүйесі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне негізделеді.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 58-сі

10.5 Формалды және формалды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану тәртібі:

1) Формалды және формалды емес білім беру бағдарламасын меңгеру: Білім алушы (тыңдаушы) формалды емес (қосымша) білім беру қызметтерін көрсететін ұйымдарда және (немесе) формалды білім беру ұйымдарында (оқу орны немесе басқа білім беру ұйымында) жүзеге асырылады.

2) Формалды және формалды емес білім беру нәтижелерін тану: Білім беру ұйымдарында формалды және формалды емес білім беру бағдарламасының мазмұны мен (немесе) оқыту нәтижелерінің оқылатын пәннің немесе модулінің мазмұны мен (немесе) нәтижелеріне сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

3) Сәйкестікті бағалау: Формалды және формалды емес білім беру бағдарламаларының мазмұны мен (немесе) оқыту нәтижелерінің оқу пәні немесе модулінің мазмұны мен (немесе) нәтижелеріне сәйкестігі оқу нәтижелері мен біліктіліктерді салыстыру, олардың көлемін (академиялық сағаттар мен (немесе) академиялық кредиттер түрінде), оқыту мақсаттарын, оқу жетістіктерін бағалау арқылы жүзеге асырылады.

4) Сәйкестікті қамтамасыз ету: Формалды және формалды емес білім беру нәтижелерін тану кезінде білім, дағды және біліктіліктерді бағалау жүйесі қолданылады, бұл жүйе формалды және формалды емес (қосымша) білім беруде оқу жетістіктерін бағалаудың балл-рейтингтік әріптік жүйесіне негізделген.

5) Салыстыру процесі: Формалды және формалды емес білім беру нәтижелері мен біліктіліктерін салыстыру оқу бағдарламаларының мазмұнын, олардың мақсаттарын және оқу пәні немесе модулінің силлабусындағы толықтықты зерттеу арқылы жүзеге асырылады.

6) Тану үшін құжаттарды ұсыну: Формалды және формалды емес білім беру нәтижелерін тану үшін білім алушы (тыңдаушы) академиялық кезең басталуға 10 (он) жұмыс күні қалғанда Комиссияға келесі құжаттарды ұсынады:

- Формалды және формалды емес білім беру нәтижелерін тану туралы өтініш, еркін нысанда, Комиссия төрағасының атына;
- Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- Формалды және формалды емес білім беру нәтижелерін растайтын құжат (куәлік, сертификат).

7) Құжаттар алынып болғаннан кейін, Комиссия оларды 3 (үш) жұмыс күні ішінде сараптама жүргізу үшін сарапшылар тобына жібереді (сараптамалық қорытынды).

8) Сарапшылар тобының құрамы Басқарма Төрағасы – Ректор бұйрығымен бекітіледі, оған білім беру бағдарламасының профиліне сәйкес өндірістік қызмет саласында тәжірибелі оқытушылар мен практикалық жұмысшылар кіреді.

9) Сарапшылар тобы құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарастырады, олардың нәтижелерін формалды емес білім беру бағдарламасының нәтижелерімен сәйкестігін тексереді.

10) Қарастыру нәтижелері бойынша сараптамалық қорытынды еркін нысанда жасалады, онда формалды және формалды емес білім беру нәтижелерінің оқу бағдарламасына сәйкес келуін, бағдарламаның мақсаттарын, көлемін және бағалауды

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 59-сі

міндетті түрде бағалау көрсетіледі. Сараптамалық қорытынды Комиссияға қарастыру және шешім қабылдау үшін беріледі.

11) Комиссияның шешімі жалпы отырысқа қатысқан Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысы негізінде қабылданады және еркін нысанда хаттама ретінде рәсімделеді.

12) Комиссия қажеттілік туындаған жағдайда білім алушыдан білім беру бағдарламасы туралы толық ақпарат сұратуға құқылы.

13) Академиялық кредиттердің қайта есептелуі оқу ақысының төмендеуіне әкелмейді.

14) Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді Комиссия хатшысымен оқу бөліміне (техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында) немесе Тіркеу кеңсесіне (жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында) білім алушының (тыңдаушының) оқыған оқу пәндері (модульдері), бағдарламалары, олардың атауы, көлемі академиялық кредиттер мен (немесе) сағаттарда, бағасы және формалды және формалды емес білім беру нәтижелерінің қайта есептелуі туралы мәліметтерді енгізу үшін беріледі.

15) Білім алушы (тыңдаушы) қайта есептелген оқу пәндерінен (модульдерінен) келесі академиялық кезеңдерде босатылады.

16) Жоғары білім беру бағдарламасының профилі бұрынғы білім беру бағдарламасына сәйкес келген жағдайда, бұрынғы деңгейдегі формалды білім беру нәтижелері автоматты түрде танылуы тиіс.

17) Академиялық мобильділік аясында толық меңгерілген және транскриптпен расталған білім беру нәтижелері Университетпен міндетті түрде қайта есептеледі.

18) Формальды білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін растайтын құжаттар алдыңғы білімін растайтын диплом және дипломға қосымша, транскрипт, сондай-ақ НЗМ, БИЛ, РФММ түлектері үшін аттестат және оның қосымшасы болып табылады.

19) Формальды емес білім берудің оқыту нәтижесі келесі ұйымдардан алынған білім, дағды және құзыреттер болып есептеледі:

– оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беретін ұйымдар;

– жаһандық білім беру қауымдастығында танылған жаппай ашық онлайн курстар (әрі қарай – ЖАОК): Coursera, Udacity, EdX, FutureLearn, OpenClassrooms, EduCause, MICROBOL (микрокредиттер);

– жаппай ашық онлайн курстар және QS World University Ranking, Times Higher Education World University Ranking, Academic Ranking of World Universities (ARWU) ағымдық рейтингтері бойынша ТОП 200-ге кіретін жоғары оқу орындарының курстары;

– аккредиттелген ұйымдардың кәсіби курстары;

– ағымдағы сертификаттары бар тіл курстары (емтихан тапсырылған күннен бастап 2 жыл):

а) Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP), 560 балдан төмен емес 90 (А-); 620 балл және одан жоғары 95 (А).

б) Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT), 79 дан кем емес 90 (А-); 96 балл және одан жоғары 95 (А).

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 60-сі

в) Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT), 548 балдан төмен емес 90 (А-), 590 балл және одан жоғары 95 (А);

г) International English Language Testing System (IELTS Academic), шекті балл – 6.5 нан кем емес 90 (А-); 7 және одан жоғары балл 95 (А).

20) Формальды және формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін тану кезінде оқыту нәтижелері және пән сағаттарының сәйкестігі 70 пайызды құраған жағдайда пән толығымен танылады.

10.6 Жаппай ашық онлайн курстарды оқу процесіне интеграциялау және оқыту нәтижелерін тану тәртібі:

1) ЖАОК БББ/пән (модуль) бойынша оқу процесін оңтайландыру мақсатында, оқытуды қарқындатуды қамтамасыз ету мақсатында, БББ вариативтік бөлігін қамтамасыз ету, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін БББ/пәнді (модульді) бейімдеу, оқу процесін қашықтықтан оқыту форматына ауыстыру, жетіспейтін кадр ресурсын немесе өзге де ресурстарды толықтыру мақсатында оқу процесіне енгізілуі мүмкін.

2) ЖАОК-ты оқу процесіне біріктіру келесі мүмкіндіктерді қамтамасыз ете алады:

- пән (модуль) бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізу;
- аралық/қорытынды аттестаттауды қоса алғанда, пәнді (модульді) толық ауыстыру;
- пән (модуль) бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысы;
- пәннің (модульдің) теориялық және (немесе) практикалық бөлігін алмастыру, бөлімді, пән тақырыбын (модульді) алмастыру және т. б.;
- білім алушылардың академиялық шығындарын өтеу.

10.7 Университетте ЖАОК-ты қолданудың келесі модельдері ұсынылады:

1-модель. **«ЖАОК-пен толық ауыстыру»**, яғни пәнді ЖАОК мазмұнына сәйкес келетін және комиссия анықтаған міндетті ЖАОК курстарымен толық ауыстыру

2-модель. **«ЖАОК-қолдау»** – ЖАОК дәстүрлі оқытуда білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БАӨЖ) ретінде пайдаланылған кезде «төңкерілген сынып» технологиясын пайдалана отырып қолдау

3-модель. **«+ЖАОК» аралас оқыту** - аудиториялық сабақтарды (негізінен дәрістерді) ЖАОК-қа ішінара ауыстыру, сондай-ақ «төңкерілген сынып» технологиясын пайдалана отырып, ЖАОК-тың жекелеген тақырыптарын ішінара қайта есептеу

4-модель. **«ЖАОК+» аралас оқыту**: дәрістердің, практикалық және семинарлық сабақтардың бір бөлігі дәстүрлі форматта іске асырылады, ЖАОК-та оқыту нәтижелері пән бойынша ағымдағы аттестаттау және қорытынды бақылау үшін пайдаланылуы мүмкін

10.8 Міндетті және элективті пәндерге сәйкес келетін МООК тізімі оқу семестрі/триместрі басталғанға дейін мектеп директорларының ұсыныстары негізінде Оқу-әдістемелік кеңес отырысында бекітіледі.

10.9 Пән оқытушылары интеграция моделін таңдау үшін ЖАОК талдауын жүргізу қажет: ЖАОК оқыту нәтижелерін пән бойынша оқу нәтижелерімен байланыстыру, сондай-ақ білім алушының оқу жүктемесін анықтау қажет.

10.11 ЖАОК оқу процесінде білім алушының болжамды оқу жүктемесін есептеу

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 61-сі

кезінде ұсынылатын онлайн калькулятор (3-қосымша) пайдаланылуы мүмкін. Онлайн калькулятордың көрсеткіштері курсты оқуға қажетті сағат санына, материалдың күрделілік деңгейіне және оқу тіліне негізделген, бұл ЖАОК сыйымдылығын кредитке аудару кезінде ескеріледі.

10.12 Онлайн калькуляторды пайдаланған кезде пән оқытушылары Coursera каталогында (сілтеме бойынша <https://docs.google.com/spreadsheets/d/1Hs5IK4tAoBayRhDrqUSTK2j1ShHUJznw/edit?usp=sharing&ouid=110555595960974096293&rtpof=true&sd=true>) бар деректерді калькуляторға енгізеді, және осы мәліметтер негізінде академиялық кредиттердің санын есептейді.

10.13 ЖАОК-ты білім алушының ЖОЖ-на қосу және кейіннен пән (модуль) бойынша ЖАОК-ты игеру нәтижелерін тану үшін білім алушы пәнді (бірқатар пәндерді) ЖОЖ-ға енгізу туралы (оның ішінде элективті пәндер ретінде) және пән (модуль) бойынша аттестаттау кезінде ЖАОК-ты оқыту нәтижелерін тану туралы өтініш толтырады.

10.14 «ЖАОК-пен толық ауыстыру» 1-модель бойынша пәнді оқыту нәтижелерін тану үшін білім алушылардың құжаттарын «Формальды және формальды емес білім беруді оқыту нәтижелерін тану жөніндегі Комиссия» қарайды.

10.15 «ЖАОК-пен толық ауыстыру» 1-модель бойынша пәнді оқыту нәтижелерін тану үшін білім алушылардың ұсынылған құжаттарын талдау қорытындысы бойынша комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1-модель. «Тек қана ЖАОК» – ұсынылған құжаттарды талдау нәтижелері бойынша комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- ЖАОК оқу кезінде игерілген оқу нәтижелерін мойындамау;
- Ж АОК оқу кезінде игерілген оқу нәтижелерін тану және оларды тиісті білім беру компоненті бойынша қорытынды бақылаудың (емтиханның) нәтижесі ретінде санау;
- Комиссия бағалаудың қосымша түрлерін тағайындай алады: ауызша бағалау, (оны бетпе-бет, сондай-ақ қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы, сондай-ақ сұхбат түрінде жүргізуге болады), жазбаша бағалау жеке және/немесе онлайн режимінде прокторингпен жүргізілуі мүмкін.

10.16 ЖАОК-ты игеріп жүрген білім алушыларға консультациялық, әдіснамалық және техникалық қолдау көрсету үшін жауапты тұлғалар тағайындалады. Жауапты тұлға ЖАОК-ты оқу процесіне енгізу тиімділігіне мониторингті және бағалауды үнемі жүзеге асырады, білім алушылардан кері байланыс жинайды.

10.17 Оқу нәтижелерін танудың негізгі талаптары ЖАОК оқыту нәтижелерінің және академиялық сағаттар санының оқу нәтижелеріне және Пәннің еңбек сыйымдылығына (сағаттар мен кредиттерде) сәйкестігі болып табылады. ЖАОК үшін жауапты тұлға және пән оқытушысы сертификатта көрсетілген сілтеме бойынша сертификатқа верификация жүргізеді және білім алушының оқу процесіне қатысу дәрежесін (content engagement) тексереді.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 62-сі

10.18 Курстарға қатысу коэффициенті 60% - дан асқан кезде «материалға қатысу» жеткілікті деп саналады.

10.19 Университет ЖАОК арқылы алынған оқыту нәтижелерін белгілі бір білім беру бағдарламасының жалпы сағат көлемінің 20%-ынан аспайтын көлемде тануы мүмкін.

11. АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ ЖӘНЕ КРЕДИТТЕРДІ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

11.1 Болон процесінің негізгі қағидаттарының бірі – академиялық ұтқырлыққа сәйкес қағидатын іске асыру үшін Университет белгілі бір академиялық кезеңде басқа оқу немесе ғылым ұйымдарында (еліміздің ішінде немесе шетелде) өткізген оқу немесе ғылыми зерттеулерді жүргізу жұмыстарынан игерілген кредиттерді міндетті түрде қайта есептеу арқылы қолданады.

11.2 Академиялық ұтқырлық – білім алушыларды белгілі бір академиялық кезеңге: семестрге немесе оқу жылына басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымына (ел ішінде немесе шетелде) өзінің ЖЖОКБҰ кредиттер түрінде немесе басқа ЖЖОКБҰ игерген кредиттерін міндетті түрде қайта есептей отырып оқуын жалғастыру (ұтқырлық кезеңінен кейін білім алушылар жоғары оқу орнынан кейінгі оқуды аяқтау үшін өзінің білім беру ұйымына оралады).

11.3 Білім беру (академиялық) тағылымдама – білім алушының жеке жоспары немесе халықаралық (оның ішінде бірлескен) білім беру бағдарламасы негізінде оқыту, біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау, онда зерделеу басқа отандық немесе шетелдік ЖОО болжанатын пәндер көрсетіледі.

11.4 Академиялық ұтқырлық түрлері: ішкі академиялық ұтқырлық, сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық, екі жақты академиялық ұтқырлық.

11.5 Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы жоғары оқу орындары арасындағы шарттар/келісімдер немесе бірлескен жобалар: ішкі академиялық ұтқырлық үшін жіберетін және қабылдайтын білім алушының үш жақты келісімі/шарты және халықаралық академиялық ұтқырлық үшін шақыру шеңберінде жүзеге асырылады.

11.6 Кредиттік ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа ұйымда болу кезеңін және кредиттерді кейіннен қайта есептей отырып оқуға арналған пәндер тізбесін білім алушылар білім беру бағдарламасының оқу жоспарын ескере отырып, бітіртуші мектептің келісімі бойынша айқындайды.

11.7 Кредиттерді қайта есептеу (аудару) – білім алушының басқа оқу орнында, оқу бағдарламасының оқу жоспарына сәйкес пәндердің/ғылыми-зерттеу бағдарламасында оқыған/жүргізген пәндердің немесе ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі мен мазмұнының кредиттермен және ЖОЖ көрсетілген кредиттермен сәйкестігі танылып, көрсетілген пәндер бойынша бағалар/зерттеу жұмысы академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде студент орналасқан ұйымның құжаты (транскрипт) негізінде студенттің транскриптіне енгізіледі.

11.8 Кредитті қайта есептеуді мектеп директоры кеңсе тіркеушісімен бірге студенттің өтініші және бітіруші мектепті растайтын құжаттарымен таныстыру негізінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 63-сі

11.9 Бітіруші мектеп оқытылатын пәндердің немесе жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі мен мазмұнының білім беру бағдарламасының оқу жоспарының талаптарымен баламалылығын объективті түрде белгілеуге жауапты.

11.10 Студенттің ұтқырлық бағдарламасы бойынша оқуын растайтын қорытынды құжат транскрипт немесе қабылдаушы елдегі оның баламасы болып табылады. Транскрипт оқу бағдарламасы туралы ақпаратты қамтиды: пәндердің атаулары, бағалар, орындалған академиялық кредиттер саны.

11.11 Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа ЖОО болу оқуды қаржыландыру көзіне қарамастан, тиісті оқу семестрі басталғанға дейін 30 күннен кешіктірілмей тиісті бұйрықпен ресімделеді.

11.12 Халықаралық академиялық ұтқырлыққа қатысу үшін қабылдаушы білім беру ұйымы ұсынған деңгейде шет тілін білу қажет.

12. ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

12.1 Университетте қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқытуды ұйымдастыру «PLATONUS» ААЖ оқытуды басқарудың желілік жүйесінде және «Moodle» Университет порталында жүзеге асырылады (<https://tng.iuth.edu.kz>). АИС «PLATONUS» және «Moodle» бағдарламалары ҚББТ қолдана отырып, оқытуды басқарудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін қамтамасыз етеді. Оларға білім алушыларды әкімшілендіру және оқу үдерісін қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы қолдау қосалқы жүйелері кіреді.

12.2 «PLATONUS» ААЖ және «Moodle» бағдарламасына сәйкес білім беру контенттері жасалады және әрбір білім алушының оларға тікелей және (немесе) жанама қол жеткізуін қамтамасыз ету мүмкіндігі бар.

12.3 ҚББТ қолдану арқылы білім алушы:

- цифрлық білім беру ресурстары арқылы оқу курстарын өз бетінше оқиды;
- тапсырмаларды орындап, офлайн және онлайн режимінде кеңес алады;
- білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарларына сәйкес бекітілген кесте бойынша байланыс сабақтарына қатысады;
- Университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсырады.

12.4 Университетте ҚББТ төмендегілерге байланысты қолданылады:

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру базасында қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға;
- денсаулығына байланысты дәрігерлік-консультациялық комиссиясының (әрі қарай – ДКК) қорытындысы бар білім алушылар: ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғалар, оның ішінде мүгедек балалар, бала кезінен мүгедектер, I және II топ мүгедектері және ДКК қорытындысы бойынша басқа санаттағы тұлғалар. Қашықтықтан оқу кезеңі мен ұзақтығы дәрігерлік-консультациялық комиссияның медициналық көрсеткіштеріне негізделіп анықталады. Денсаулығының уақытша шектеулері бар және жоғары және/немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын (әрі қарай – ЖОО) тұрақты түрде бара алмайтын тұлғалар үшін оқу сабақтары асинхронды

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 64-сі

және/немесе синхронды оқу форматында, сондай-ақ оқу материалдарын өздігінен меңгеру арқылы ұйымдастырылады;

- халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, интеллектуалдық және шығармашылық байқаулар мен фестивальдерге қатысу уақытында;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың алмасу, академиялық мобильдік, қос дипломды бағдарламалар мен дуальді оқыту формасы бойынша шетелге шығуы.

12.5 Қашықтықтан оқытуға оқу кезеңінің жалпы пәндердің елу пайызынан аспайтын бөлігіне ауысуға рұқсат етіледі.

Академиялық мобильдік бағдарламалары бойынша білім алушыларды дайындау үшін оқу кезеңі бойы жалпы академиялық кредиттердің жиырма пайызынан аспайтын бөлігіне қашықтықтан оқыту форматына ауысуға рұқсат етіледі.

Қос дипломды бағдарламалар мен білім алушыларды алмасу бағдарламалары бойынша дайындау үшін оқу кезеңі бойы жалпы академиялық кредиттердің елу пайызынан аспайтын бөлігіне қашықтықтан оқыту форматына ауысуға рұқсат етіледі.

12.6 ҚББТ сондай-ақ формальды емес, қосымша білім беру, қайта даярлау және біліктілікті арттыру салаларында да қолданылады:

- білім алушылар ЖЖОКБҰ келісімі бойынша білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін бейресми білім беру арқылы, оның ішінде нәтижелері ЖЖОКБҰ белгілеген тәртіппен дербес танылатын жаппай ашық онлайн-курстар (бұдан әрі – ЖАОК) арқылы меңгереді, бүкіл оқу кезеңі ішінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің жиырма пайызынан аспайды.

12.7 ҚББТ Blended Learning (аралас оқыту) технологиясы бойынша білім алушылар үшін де қолданылады.

12.8 Университетте ҚББТ бойынша оқығысы келетін білім алушылар тиісті растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс, осы құжаттардың негізінде мектеп директорларының өкімі және Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығы шығарылады.

12.9 ҚББТ бойынша оқуға ниет білдірген білім алушылар тиісті растайтын құжаттарды ұсынады:

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар, оның ішінде мүгедек балалар, балалық шақтағы мүгедектер, I және II топтағы мүгедектер және басқа да санаттар – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы;

- халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, интеллектуалдық және шығармашылық байқаулар мен фестивальдерге қатысушылар, қатысу кезеңінде, бұйрық негізінде;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар, ұзақ мерзімді шетелдік іс-сапарда, жиындарда немесе жарыстарда (2 айдан астам) жүргендер үшін спорт федерациясының хаты және т.б. сәйкес бұйрық негізінде;

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 65-сі

бойынша білім алушылардың ұзақ мерзімге шығуы - алмасу бағдарламалары, академиялық ұтқырлық, қос дипломды бағдарламалар және дуалды оқыту бойынша бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады.

12.10 Білім алушылардың ҚББТ пайдалану туралы Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығына:

- 1) растайтын құжат;
- 2) білім алушының жеке жоспары;
- 3) білім беру бағдарламасын игерудің жеке кестесі

12.11 Білім беру бағдарламасын меңгерудің жеке кестесін мектептер құрады. Кесте бір академиялық кезеңге немесе бір оқу жылына жасалады.

12.12 ҚББТ-на ауысу туралы бұйрық шығарылғаннан кейін бағдарлау аптасы кезеңінде білім алушыларды:

- 1) мектептер құратын жеке кестемен таныстырады;
- 2) ҚББТ қолдана отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру ережелерімен танысу бойынша кіріспе курсы өткізеді;
- 3) Цифрландыру бөлімі білім алушы білім беру порталына кіретін жеке аккаунтын жасайды, логин мен құпия сөзді береді, сондай-ақ оларға желілік қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Тіркеу ақпараты (логин және құпия сөз) үшінші тұлғаларға берілмейді.

12.13 Университетте ҚББТ аралас оқыту кезінде желілік технологияның көмегімен жүзеге асырылады.

12.14 Университетте ҚББТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру үшін төмендегілер қызмет етеді:

- 1) білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпаратты қамтитын білім беру порталы;
- 2) деректер базасын сақтау серверлері, желіге шығатын жабдық;
- 3) мультимедиялық, компьютерлік кабинеттер және электрондық оқу залдары;
- 4) оқу-әдістемелік кешен;
- 5) тестілеу кешені;
- 6) оқытуды басқарудың желілік жүйелері.

12.15 Оқу сабақтары цифрлық технологияларды (вебинарлар, бейнеконференция, интернет желісі арқылы хабар алмасу арқылы) қолдана отырып, нақты уақыт режимінде синхронды түрде оқу өзара іс-қимыл процесін көздейтін онлайн режимінде өткізілуі мүмкін.

12.16 Офлайн режимдегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасы электрондық пошта арқылы асинхронды түрде өтетін оқу өзара іс-қимыл процесін, білім алушының оқытушының тапсырмасы бойынша оқулықпен жұмысын, одан кейін тапсырмаларды тапсыруды көздейді.

12.17 Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, оқу процесін ұйымдастыру кезінде оқу сабақтары бейне-дәрістер, онлайн-дәрістер, мультимедиа-дәрістер түрінде; электрондық оқу басылымдары және өзге де цифрлық білім беру ресурстары бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысы түрінде өткізілуі мүмкін. Оқу сабақтарын ұйымдастыру үшін компьютерлік тестілеу жүйелері қолданылады. «Platonus» ААЖ, «Moodle» жүйелері арқылы форумдар, чаттар және электрондық пошта арқылы консультациялар ұйымдастырады.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 66-сі

12.18 Білім алушының цифрлық ізі Университеттің білім беру порталдарында тіркеледі.

12.19 *Шектеу шаралары жағдайында оқыту (карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар):*

1) ҚР ҒЖБМ бұйрығы негізінде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайларда, ҚББТ қолдану барлық білім алушылар контингентіне қатысты қолданылады және оқытушы мен білім алушының аудиторияда тікелей өзара әрекеттесуі арқылы өткізілетін оқу сабақтарының болмауын қарастырады.

2) Университет оқу жоспарында белгіленген сағаттардың жалпы көлеміне зиян келтірмей, оқу және өндірістік практикадан өту мерзімдеріне байланысты академиялық күнтізбеге өзгерістер енгізе алады.

3) Арнайы білім беруді қажет ететін тұлғаларды оқыту кезінде қашықтықтан білім беру технологиялары ақпаратты олардың қолжетімді формаларында қабылдау және беру арқылы жүзеге асырылады.

4) Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде, оның ішінде халықты аурулардан алдын ала ескерту және емдеу, санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық шаралар жүргізу жағдайында, академиялық мобильділік бағдарламалары және қос дипломды және (немесе) бірлескен бағдарламаларды іске асыру аясында білім алушыларға қашықтан оқыту арқылы академиялық кредиттер көлемін ұлғайтуға рұқсат етіледі.

12.20 *ҚББТ қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру-әдістемелік және техникалық қамтамасыз ету:*

1) «Platonus» ААЖ ұйымдық-әкімшілік ақпаратты, білім алушылардың дерекқорын (оқуға қабылдау, ауыстыру, қалпына келтіру туралы бұйрықтар, ағымдағы үлгерім туралы мәліметтер) қамтитын қашықтықтан оқыту (бұдан әрі – ҚО) басқарудың ақпараттық жүйесі болып табылады.

2) Университетте ҚО жүйесінде пайдаланылатын білім беру порталы, білім алушылар үшін оқу-әдістемелік ақпаратты қамтитын «Platonus» ААЖ және Moodle жүйелері болып табылады. Қашықтықтан оқыту процесін қолдау бағдарламалық платформасы автоматтандырылған ақпараттық жүйе «Platonus» ААЖ және Moodle жүйелерінің өзара әрекеттесуі негізінде жүзеге асырылады.

3) ҚББТ бойынша оқу процесін жүзеге асыру үшін телекоммуникациялық желіге (Интернетке) шығатын жабдық, мультимедиялық кабинеттер, кітапханадағы электрондық оқу залы пайдаланылады, олардың жұмысын ЦБ және кітапхана қамтамасыз етеді.

4) Оқу-әдістемелік ақпаратты, цифрлық білім беру ресурстарын дайындауды, ДО цифрлық контентін толтыруды білім беру бағдарламасына сәйкес мектеп оқытушылары жүзеге асырады.

12.21 ҚО цифрлық білім беру ресурстарының міндетті құрамдас бөлігі төмендегілерді қамтитын контент болып табылады:

– пәннің мазмұнын, күнтізбелік-тақырыптық жоспарды, ұсынылатын әдебиеттер тізімін қамтитын силлабус;

– дәрістерге арналған оқу материалдары (бейнедәрістер, әзірлемелер, презентациялар);

– практикалық сабақтарға арналған оқу материалдары;

– білім алушының өзіндік жұмысына арналған тапсырмалар;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 67-сі

– білім алушының оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар.
12.22 Оқытуды ұйымдастыру кезінде барлық қолжетімді бағдарламалар мен сервистер қолданылады:

- Zoom-да бейнеконференциялар;
- Microsoft Teams;
- Platonus білім беру порталы;
- Moodle білім беру порталы.

12.23 Оқу семестрі/триместр кезеңінде білім алушылар мен ОПК, мектеп қызметкерлері арасында ақпаратты жедел жеткізу үшін WhatsApp топтары қолданылады.

12.24 Білім алушылардың сабақтарын ұйымдастыру мақсатында Университет ОПК пән бойынша бейнедәріс пен контент дайындап, Университеттің білім беру порталына жүктейді.

12.25 Университеттің білім беру порталына жүктелген бейнедәрістер білім алушыларға қолжетімді.

12.26 *Кадрлық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар*

ҚББТ қолдану арқылы жұмыс істейтін оқытушы:

- ҚББТ оқыту және қолдану әдістемесін меңгеру;
- ҚББТ қолдану арқылы дидактикалық құралдарды жасай білу;
- жеке оқу кеңестерін беру техникасын (әдістері мен тәсілдері) меңгеру, соның ішінде интернет арқылы кеңестер беру;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ең алдымен ақпараттық желілерде жұмыс істеу әдістерін меңгеру.

Білім беру ұйымдарының қашықтықтан оқыту жүйесінің профессорлық-оқытушылық құрамына ҚО қолдану арқылы білім беру процесін жүргізетін ҚР өңірлерінен және шетелдерден оқытушылар тартылуы мүмкін.

12.27 *Қауіпсіздік талаптары*

1) Қашықтықтан оқыту ақпараттық жүйелері ақпаратты қорғау және ақпараттық ресурстарға қауіпсіз қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін компьютерлік жүйелердің өнеркәсіптік стандарттары мен қауіпсіздік салаларын қолдауы тиіс, қашықтан оқыту жүйесімен қауіпсіз өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуі қажет, сондай-ақ ақпараттық ресурстарды техникалық және технологиялық қорғау құралдарына ие болуы тиіс.

2) Жүйенің инфрақұрылымы ішкі аудит жүргізу және жүйеде орын алатын оқиғаларды тіркеу құралдарымен жақсы қамтамасыз етілуі тиіс.

3) Білім беру ұйымдарында білім алушылар туралы деректердің сақтық көшірмесін жасау және апаттық жағдайда қалпына келтіру тетіктері пысықталуға тиіс.

13. ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

13.1 Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру ережесі мыналарды айқындайды:

– Университетте мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытуды ұйымдастыру мәселелерін;

– Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқыту үшін жағдай жасау шараларын: кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру; білім беру үдерісін кешенді басқару және денсаулық сақтау; мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды инклюзивті оқытудың ақпараттық-технологиялық базасын дамыту және қызмет көрсету;

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 68-сі

мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін электронды оқытуды, қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын дамыту және қызмет көрсету; әлеуметтік-мәдени оңалту, кедергісіз орта құру; білім беру процесін кадрлармен, оның ішінде тиісті біліктілігі бар профессорлық-оқытушылық құрам санаттарымен қамтамасыз ету; бейімделген білім беру бағдарламаларын әзірлеу, мүгедектер үшін оқу-әдістемелікпен қамтамасыз ету.

13.2 Мүгедек талапкерлермен жұмысты ұйымдастыру:

1) Мүгедек талапкерлермен кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыру Университеттің қабылдау комиссиясына жүктеледі.

2) Кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі нысандары кәсіптік бағдарлау тестілеуі, Ашық есік күндері, мүгедектер мен ата-аналарға қабылдау және оқыту мәселелері бойынша кеңес беру, оқушылардың ЖОО олимпиадаларына қатысу, мүгедектерге арналған жарнамалық-ақпараттық материалдар, арнайы (түзету) білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл болып табылады.

3) Мүгедек-талапкерлерге арналған арнайы қосымша білім беру-оңалту бағдарламаларын іске асыру кезінде аталған бағдарламаларға пәндердің екі тобын қосу ұсынылады: түсу сынақтарын тапсыру үшін қажетті пәндік даярлық пәндері және одан әрі инклюзивті оқытуға бағытталған бейімдеу пәндері.

4) Мүгедек талапкерлерді кәсіби бағдарлау олардың саналы және барабар кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етеді. Мүгедектерді кәсіптік бағдарлауға мүгедектердің денсаулығы мен психикасының ерекшеліктерін диагностикалау қажеттілігімен, бейімсіздіктің сипатымен, оларды оңалту және өтеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырумен байланысты ерекше белгілер тән. Кәсіптік бағдарлау кезінде мүгедекке денсаулық жағдайына, оңалтудың жеке бағдарламасында көрсетілген ұсыныстарға, оның жеке мүдделеріне, бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қол жетімді бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын таңдаудың ерекше маңызы бар.

5) Мүгедек талапкерлердің Университетке түсуі оқуға қабылдау қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

13.3 Университет ғимараттарының қолжетімділігі

1) Университетте жүріп-тұруы шектеулі білім алушылардың кедергісіз, қауіпсіз және ыңғайлы жүріп-тұруына, ғимараттар мен құрылыстарға қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасалады. Университеттің сәулет кеңістігінде мүгедектерді бағдарлау және шарлау үшін кешенді ақпараттық жүйе визуалды, дыбыстық және тактильді ақпаратты қамтиды.

2) Университетте пандустарды, көрсеткіштерді пайдалану арқылы ғимараттардың қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

3) Университет білім алушылары үшін кедергісіз орта құру кезінде мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдардың келесі санаттарының қажеттіліктері ескеріледі: көру қабілеті бұзылған, есту қабілеті бұзылған, қозғалтқыш функциялары шектеулі.

4) Ғимарат ішіндегі кабинеттер үй-жағдайындағы сияқты, білімгерлердің еркін жүріп тұруына ыңғайлы (жұмсақ жихаз бен, теледидарлар, т.б.) аймақтарға және қызмет көрсету орындарына қозғалыс жолдары адамдарды ғимараттан эвакуациялау жолдарына қойылатын нормативтік талаптарға сәйкес жабдықталады.

13.4 Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету:

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 69-сі

1) Мүгедек білім алушылар мен мүгедек адамдардың оқу-әдістемелік материалдар мен ақпараттық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз ету аясында арнайы инклюзивті білім беру кабинеттерінің жұмыс істеуі арқылы ұйымдастырылады.

2) Инклюзивті білім берудің арнайы кабинеттері компьютерлік техникамен, оқытудың техникалық құралдарымен, қолмен және электронды үлкейткіштермен, сондай - ақ экрандық қол жеткізу бағдарламасымен - экрандық ұлғайту бағдарламасымен жарактандырылады.

3) Тірек-қимыл функциясы бұзылған адамдар үшін тиісті бағдарламалық қамтамасыз етілген арнайы компьютерлік техниканы, оның ішінде экрандық клавиатура сияқты операциялық жүйелердің арнайы мүмкіндіктерін және ақпаратты енгізудің баламалы құрылғыларын қолдану көзделеді. Windows амалдық жүйесінің арнайы мүмкіндіктерін пайдалану ұсынылады, мысалы, мәтінді енгізуге болатын экрандағы пернелер тіркесімі, пернетақта немесе тінтуір арқылы теру кезінде Windows әрекеттерін конфигурациялау қолданылады.

4) Соқыр немесе нашар көретін білім алушылар үшін қолжетімді орындарда және бейімделген нысанда (олардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып) анықтамалық ақпаратты орналастыру ірі рельефті-карама-қарсы қаріппен (АҚ және сары фонда) орындалады және Брайль қарпімен қайталанып жазылады.

13.5 Білім беру процесін ұйымдастыру:

1) Мүмкіндігі шектеулі жандар мен мүгедектер үшін бейімделген білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері тиісті құрылымдық бөлімдерге жүктелген.

2) Тіркелген әр мүмкіндігі шектеулі жан үшін тиісті құрылымдық бөлімдермен бірлесіп, мамандандырылған бейімдеу пәндерін (модульдерін) енгізудің, оқыту әдістерін таңдаудың, мамандандырылған білім беру ресурстарымен қамтамасыз етудің, практикадан өтудің, «Дене шынықтыру» пәнін игерудің, білімге ағымдағы бақылаудың, аралық және мемлекеттік қорытынды аттестаттау жүргізудің ерекше рәсімдерін анықтап, қажет болған жағдайда жеке оқу жоспарлары мен жеке кестелерді әзірлейді.

3) Оқыту әдістерін таңдау оқытудың мазмұнымен, педагогтердің кәсіптік даярлық деңгейімен, әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен, мүгедектер мен мүгедек адамдардың оқу ақпаратын қабылдау ерекшеліктерімен және т.б. айқындалады.

4) Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі адамдарды арнайы білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету оқу материалын визуалды, аудио түрінде ұсыну мүмкіндігін ескере отырып жүзеге асырылады. Оқу материалдарын іріктеу және әзірлеу бұл материалды есту қабілеті бұзылған мүгедектер ақпаратты көзбен шолып, көру қабілеті бұзылған мүгедектер ақпаратты аудиальді түрде (мысалы, сөйлеу синтезатор – бағдарламаларын пайдалана отырып) немесе тифлоақпараттық құрылғылардың көмегімен алатындай етіп әр түрлі нысанда беруді ескере отырып жүргізілуге тиіс.

5) Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін практикадан өту орындарын таңдау білім алушылардың осы санаты үшін олардың қолжетімділік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. Мүгедектер мен мүгедек адамдар үшін оқу және өндірістік практика орындарын анықтау кезінде білім беру ұйымы мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасында көрсетілген медициналық-әлеуметтік сараптаманың ұсынылған еңбек

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 70-сі

жағдайлары мен түрлеріне қатысты ұсыныстарын ескеруі керек. Қажет болған жағдайда практикадан өту үшін мүгедектің мүмкіндігінің шектелу сипатына сәйкес, сондай-ақ кәсіптік қызмет түрін, мүгедектің еңбек функциялары орындайтын қызмет түрі мен еңбек сипатын ескере отырып, арнайы жұмыс орындары құрылады.

6) Мүгедектер мен мүгедек адамдардың білімін ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттау өткізуді мектеп директорларының ұсынысы негізінде анықталады.

7) Мүгедек түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі іс-шаралар халықтың мемлекеттік орталықтарымен, коммерциялық емес ұйымдармен, мүгедектердің қоғамдық ұйымдарымен, кәсіпорындармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырылады. Мүгедек түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесудің негізгі нысандары жұмыс берушілердің жоғары курс мүгедек білім алушыларымен презентациялары мен кездесулері, білім алушылар мен түлектердің жұмысқа орналасу мәселелері бойынша жеке консультациялары, мастер – кластар мен тренингтер болып табылады.

14. ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

14.1 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде және ББ бекітілген оқу жұмыс жоспарларында көзделген мерзімдерде жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағыттары үшін жүргізіледі.

14.2 Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының білім алушыларын қорытынды аттестаттау дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтиханды дайындау, тапсыру нысанында жүргізіледі.

14.3 Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу үшін білім берудің барлық нысандары үшін білім беру бағдарламасы мен оқыту бағыттары бойынша аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – АК) құрылады.

14.4 Мектеп директоры күнтізбелік жылдың 20 қазанына дейін Университеттің Ғылыми кеңесінің қарауына АК төрағалығына кандидаттарды, Университетте жұмыс істемейтін, профессорлар, доценттер, ғалымдар арасынан, өндірісте тәжірибесі бар, түлектердің профиліне сәйкес келетін тәжірибелі өндіріс мамандары арасынан кандидаттарды ұсынады.

14.5 АК төрағалығына кандидаттар күнтізбелік жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

14.6 Бітіру курсының білім алушылары қорытынды аттестаттауға жіберуді қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей алады. Білім алушылардың тізімдік құрамымен рұқсат беру туралы бұйрықтар (өкімдер) аттестаттау комиссияларына ұсынылады.

14.7 Қорытынды аттестаттауға БББ оқу жоспарының талаптарына сәйкес білім беру процесін толығымен аяқтаған және ғылыми жетекші тарапынан қорғауға рұқсат алған білім алушылар жіберіледі.

14.8 БББ оқу жоспарының талаптарын орындамаған бітіру курсының білім алушылары жазғы семестрге жіберілмей қайта оқу курсына қалдырылады.

14.9 АК жұмысының кестесі Ректордың бұйрығымен бекітіліп, қорытынды аттестация басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей жалпыға жарияланады.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 71-сі

14.10 Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша кешенді емтихан бағдарламалары дайындық жүргізетін мектептер тарапынан әзірленіп, Оқу-әдістемелік кеңесте қаралып, Университеттің Ғылыми кеңесімен күнтізбелік жылдың 1 қарашасынан кешіктірілмей бекітіледі.

14.11 Дипломдық жұмыс/жоба мен магистрлік диссертация/жобаны қорғау АҚ-ның ашық отырысында өткізіледі.

14.12 Білім алушы ғылыми жетекшінің оң пікірі болған жағдайда бітіру жұмысын (дипломдық жұмыс/жоба) қорғайды. Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген теріс қорытынды берген жағдайда, білім алушы бітіру жұмысын қорғамайды және қорытынды аттестаттауға жіберілмеген ретінде Университеттен шығаруға ұсынылады.

14.13 Дипломдық жұмыстар/жобалар мен магистрлік диссертация/жобаны қорғауға дейін плагиаттық тексеруден міндетті түрде өтеді.

14.14 Кешенді емтихандарды тапсыру және бітіру жұмыстарын қорғау нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады. Қорғауды бағалау туралы, сондай-ақ біліктілік беру, дәреже беру және диплом беру туралы шешімдерді (үздік емес, үздік) АҚ жабық мәжілісінде Комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылдайды.

14.15 Оң бағаны арттыру мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе бітіру жұмысын қайта қорғауға жол берілмейді.

14.16 Қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушыларға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде кешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін АҚ ұсынылған денсаулық жағдайы туралы құжаттар қаралмайды.

14.17 Білім алушының денсаулық жағдайына байланысты қорытынды аттестаттау мерзімдерін ауыстыру туралы шешімді аттестаттау комиссиясының төрағасы растайтын құжаттардың негізінде қабылдайды. Бұл ретте бітіртуші мектеп директорының ұсынысы бойынша Басқарма төрағасы-Ректордың бұйрығымен қорытынды аттестаттаудың жаңа мерзімдері тағайындалады.

14.18 Кешенді емтиханын қайта тапсыру, сондай-ақ қорытынды аттестация кезеңінде «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушылардың бітіру жұмыстарын қайта қорғауына рұқсат берілмейді.

14.19 Қорытынды аттестация нәтижесі бойынша «қанағаттанарлықсыз» баға алған білім алушы «білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған» және «дипломдық жұмысты/жобаны қорғамаған» немесе «кешенді емтиханын тапсырмаған», магистранттар үшін «магистрлік диссертацияны/жобаны қорғамаған» ретінде Ректордың бұйрығымен оқудан шығарылады.

14.20 Қайтадан қорытынды аттестаттау қорытынды аттестаттаудың келесі кезеңінде алдыңғы қорытынды аттестаттауда «қанағаттанарлықсыз» деген баға алынған нысандар бойынша ғана жүргізіледі. Бұл ретте аталған емтихандарды тапсыра алмаған тұлғалар үшін кешенді емтиханға ұсынылатын пәндер тізбесі білім алушы теориялық курсты бітірген жылы бекітілген оқу жоспарымен айқындалады.

14.21 Қорытынды аттестаттаудан қайта өту үшін Университеттен шығарылған білім алушы келесі оқу жылының қорытынды аттестаттауы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей Университет Ректорының атына «F – қанағаттанарлықсыз» деген баға

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 72-сі

алынған нысандарға (кешенді емтихан немесе диплом/жоба қорғау) рұқсат беру туралы өтініш жазады.

14.22 Білім алушы кешенді емтиханды қайта тапсыруға немесе бітіру жұмысын қайта қорғауға тек ақылы негізде жіберіледі.

14.23 Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары білімнің білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыға АҚ шешімімен «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесі беріледі немесе тиісті білім беру бағдарламасы бойынша біліктілік беріледі және бітіру туралы бұйрық шығарылған күннен бастап бес күн ішінде қосымшасы бар диплом тегін негізде беріледі.

14.24 Дипломға (транскриптке) қосымшада академиялық кредиттер мен сағаттар көлемін көрсете отырып, барлық оқу пәндері, кәсіптік практика түрлері, қорытынды аттестаттау бойынша балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар көрсетіледі.

14.25 Бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен анықталады. Белгіленген академиялық кредиттер көлемі игеріліп, тиісті дәрежені алу үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда, білім беру бағдарламасы толық игерілген болып есептеледі.

14.26 Оқуды аяқтаудың негізгі критерийі білім алушының игерген академиялық кредиттерінің көлемі болып табылады: бакалавриат үшін – кемінде 240 академиялық кредит; ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура үшін – кемінде 120 академиялық кредит; стандартты оқу мерзімі 1 жыл болатын бейіндік магистратура үшін – кемінде 60 академиялық кредит, ал 1,5 жылдық мерзім үшін – кемінде 90 академиялық кредит. Барлық кредиттер оқу кезеңіндегі барлық оқу қызметін қоса алғанда, толық игерілуі тиіс.

14.27 Оқу пәндері және оқу қызметінің басқа түрлері бойынша (қорытынды аттестаттауды қоспағанда) А, А – «өте жақсы», В-, В, В+, С+ «жақсы» қорытынды бағалары бар, үлгерімнің орташа балы (GPA) 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ қорытынды аттестаттаудан өткен жоғары білім БББ бойынша білім алушыға А, А – «өте жақсы» бағаларымен үздік диплом беріледі (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағаларды есепке алмағанда).

Бұл ретте оқудың барлық кезеңінде пәнді қайта тапсырған немесе қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырған білім алушыға үздік диплом берілмейді.

14.28 Диплом немесе дипломға қосымша жоғалған жағдайда түлек білім туралы құжаттың көшірмесін алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына немесе e-Gov порталы арқылы тиісті өтініш негізінде жүзеге асады.

14.29 Университет түлектерге білім туралы құжаттарды бергеннен кейін бір ай ішінде бұл деректерді ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне енгізеді.

14.30 Университет білім туралы берілген құжаттар бойынша ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және білім туралы, оның ішінде бұрын берілген құжаттардың электрондық базасын (мұрағатын) құрады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 73-сі

15. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ УНИВЕРСИТЕТТЕН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕМАЛЫС БЕРУ

15.1 Білім алушы Университеттен келесі жағдайларда шығарылады:

- 1) Жеке оқу жоспары бойынша барлық пәндерден қатарынан 5 және одан да көп апта сабаққа дәлелсіз себептермен қатыспау;
- 2) Академиялық адалдық қағидаларын бұзу;
- 3) Ішкі тәртіп ережелері мен ЖОО Жарғысын бұзу;
- 4) Білім беру қызметтерін көрсету шартының талаптарын бұзу, соның ішінде оқу ақысының төленбеуі;
- 5) Өз қалауы бойынша;
- 6) Академиялық демалыс мерзімі аяқталғаннан кейін оқуға келмеу, сондай-ақ курста қалған білім алушының хабар-ошарсыз кетуі.

15.2 Бітіртуші мектеп шешім қабылдау үшін Университет Ректорына ұсыныс дайындайды. Университеттен оқудан шыққысы келетін білім алушы Университет Ректорының атына оқудан шығару туралы өтініш жазып, оқудан шығару себебін көрсетіп, оны бітіртуші мектепке ұсынуы керек.

15.3 Оқудан шығару туралы өтінішті студенттер Университеттен шығару туралы шешім қабылдағаннан кейін дереу береді, өтініш берген және оқудан шығару туралы бұйрық шығарылған жағдайда, төлем ақыны студенттер төлейді және қайтарылмайды.

15.4 Студент сабаққа қатысуын тоқтатқан кезде өз еркімен оқудан шығару туралы өтінішті уақтылы бермеген жағдайда, студент оқу тәртібін бұзғаны үшін оқудан шығарылуы мүмкін, яғни, оқу сабақтарына дәлелді себепсіз келмегені үшін. Бұл жағдайда оқуға төленген қаражат қайтарылмайды.

15.5 Өз қалауы бойынша оқудан шығатын жағдайда білім алушы Университет Ректорының атына өтініш береді, мектеп директорының, бухгалтерияның, академиялық даму бөлімі басшысының, академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректордың келісімін (визасын) алады.

15.6 Университеттен шығарылған білім алушыға академиялық транскрипт беріледі.

15.7 Мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқып жүрген білім алушылар оқудан шығарылған жағдайда білім беру грантынан айырылады.

15.8 Академиялық демалыс білім алушыларға келесі негізде беріледі:

1) науқастануы бойынша ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі амбулаториялық-емханалық ұйым жанындағы дәрігерлік-кеңестік комиссияның (бұдан әрі – ДКК) қорытындылары;

2) әскери қызметке шақыру туралы шақыру қағаздары;

3) бала туылып, оның 3 жасқа толғанға дейін, бала асырап алуы.

15.9 Академиялық демалысты рәсімдеу үшін білім алушы Ректордың атына өтініш береді және ДКК қорытындысын (түпнұсқасын); не Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақыру туралы анықтаманы; не баланың тууы, асырап алуы туралы анықтаманы ұсынады. Өтініш оң шешімін тапқан жағдайда білім алушыға оның басталу және аяқталу мерзімдерін көрсете отырып, академиялық демалыс беру туралы бұйрық шығарылады.

15.10 Академиялық демалыстан оралғаннан кейін білім алушы жеке өтініші негізінде Университет Ректорының бұйрығымен білім алушылар контингентіне қайта

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		АС-01-2025
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 74-сі

қабылданады. Бұл ретте ол ағымдағы тиісті оқу курсына БББ оқу жоспарының пәндеріне тіркеледі.

15.11 Білім алушыларға академиялық демалыстан кейін пайда болған академиялық айырмашылық пәндерін оқу жылының соңына дейін тегін зерделеуге бір реттік мүмкіндік беріледі. Оқу жылы аяқталғаннан кейін академиялық айырмашылықтың игерілмеген пәндері тек ақылы негізде одан әрі зерделенуге жататын академиялық берешек пәндеріне ауыстырылады.

15.12ь Академиялық демалыстан оралған мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушыларға мемлекеттік стипендия тағайындау академиялық айырмашылық толық жойылған жағдайда, академиялық демалыстан оралғаннан кейін бірінші академиялық кезең нәтижелерін аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

16. КУРСТАН КУРСҚА АУЫСТЫРУ, ҚАЙТА ЖӘНЕ ҚОСЫМША ОҚЫТУ

16.1ь Осы курстың оқу жоспарының талаптарын толық орындаған, кредиттердің талап етілетін көлемін игерген және GPA өту балының белгіленген деңгейін жинаған білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

16.2 Оқу жұмыс жоспарының талаптарын орындамаған және белгіленген GPA өту балын жинамаған білім алушылар ақылы негізде қайта оқу курсына қалады.

16.3 Білім алушылар мына жағдайларда қайта немесе қосымша оқуға тіркеледі:

- академиялық берешек пәндері – аралық аттестаттау (емтихан сессиялары) қорытындылары бойынша «қанағаттанарлықсыз» бағаланатын пәндер болған жағдайда;
- басқа жоғары оқу орындарынан немесе басқа білім беру бағдарламаларынан ауысу кезінде, оқудан шығарылғаннан, ұзақ шетелдік іссапардан немесе академиялық демалыстан кейін білім алушылар контингентіне қайта қабылдау кезінде академиялық айырмашылық пәндері болған кезде;
- GPA жоғарылатуға арналған шешім;
- оқу жоспарынан тыс пәндер бойынша қосымша білім мен дағдыларды алуға арналған дәріс.

16.4ь Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша академиялық демалыстан немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапардан оралуына байланысты қалыптасқан академиялық айырмашылық пәндерін зерделеуді қоспағанда, қайта немесе қосымша оқыту білім беру қызметтерін көрсету шарттары негізінде жүзеге асырылады.

16.5ь Академиялық қарызды жою мақсатында қайта оқытуды мектеп және Тіркеу кеңсесі тиісті бұйрық негізінде және оқу ақысын төлегеннен кейін білім беру қызметін көрсетуге арналған шартқа сәйкес қайта тапсыруға өтініш бекітілгеннен кейін ұйымдастырады.

16.6 Белгіленген мерзімде (ағымдағы жылдың 10 қыркүйегі / 5 ақпанына дейін) білім беру қызметтерін көрсету шартын жасаспаған білім алушылар академиялық саясат қағидаларын бұзғаны үшін оқудан шығарылады.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 75-сі

17. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АУЫСТЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ

17.1 Білім алушыларды бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір оқу тобынан екіншісіне, бір тілдік бөлімнен екіншісіне, бір жоғары оқу орнынан екіншісіне ауыстыру және қайта қабылдау Академиялық күнтізбеге сәйкес демалыс кезеңінде жүзеге асырылады.

17.2 Білім алушы қабылдау кезінде оқудан шығару мерзіміне қарамастан кез келген ЖОО ауыстырылады немесе қайта қабылданады.

17.3 Білім алушының игерілетін бағдарламаның бірінші академиялық кезеңін ЖОЖ сәйкес аяқтауы ауыстырудың міндетті шарты болып табылады. Оқытудың бірінші семестрінің пәндері бойынша бір немесе одан да көп «қанағаттанарлықсыз» бағалары бар білім алушылар ауыстыруға, қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

17.4 Университетке ауысу үшін білім алушыға ҰБТ немесе КТ сертификаты болуы керек, қабылдаудың үлгілік қағидаларында белгіленген балл саны жеткілікті және GRA үлгерімінің орташа балы Университет белгілеген ауысу балынан төмен емес болуы керек.

17.5 Шетелдік білім беру ұйымынан ауысқан немесе қайта қабылданған кезде білім алушы игерілген оқу бағдарламалары туралы құжатты (академиялық анықтама, транскрипт), сондай-ақ белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс алдыңғы білім беру деңгейін аяқтау туралы құжатты ұсынады.

17.6 Қазақстан Республикасында жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік білім алған адамдар шетелдік жоғары оқу орнынан ауысу немесе қайта қабылдау кезінде шетелдік жоғары оқу орнында түсу сынақтарының нәтижелерін ұсынады.

17.7 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу кезінде грантты сақтай отырып, білім алушыларды бір БББ шеңберінде бір БББ екіншісіне бір рет ауыстыруға жол беріледі, алайда академиялық айырмашылық пәндерін зерделеу бұл ретте тиісті шарт негізінде білім алушының есебінен ақылы негізде жүзеге асырылады.

17.8 Оқытудың барлық нысандарына білім алушылар қатарына қабылдау оқудан шығару мерзімдеріне қарамастан жазғы және қысқы демалыс кезеңінде Ректордың бұйрығымен жүргізіледі.

Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде оларды одан әрі оқыту курсы пререквизиттер ескеріле отырып айқындалады.

Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олар алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған оқу жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылық айқындалады.

17.9 Оқу жұмыс жоспарлары пәндеріндегі академиялық айырмашылық игерілген пәндер тізбесінен, олардың бағдарламалары және транскрипте көрсетілген академиялық сағаттар немесе кредиттер көлемімен немесе білім алуды аяқтамаған білім алушыларға берілетін анықтама негізінде айқындалады.

17.10 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – Типтік ережелер) сәйкес белгіленген шекті балдан төмен емес баллмен ҰБТ сертификаты болған кезде білім алушыны

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 76-сі

шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің ББТ басқа ББТ ауыстыру жүзеге асырылады.

17.11 Академиялық айырмашылықты жою ақылы түрде жүзеге асырылады, басқа ЖОО-дан мемлекеттік білім беру грантын сақтай отырып ауысу жағдайларын қоспағанда. Бұл жағдайда грант иегері болған білім алушыға ауысқаннан кейінгі оқу жылының ағымдағы семестрі/триместрінде мұндай пән болған жағдайда, академиялық айырмашылық пәндерін тегін игеруге бір реттік мүмкіндік беріледі. Егер мұндай пән болмаса, білім алушы академиялық айырмашылықты жазғы семестрде ақылы түрде жояды.

18. БОС БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫНА АУЫСУ

18.1 Жоғары білім алу процесінде бос білім беру гранттары оқитудың білім беру бағдарламалары бөлінісінде осы білім беру бағдарламасы бойынша ақылы негізде білім алушылар үшін конкурстық негізде беріледі.

18.2 Конкурс аралық аттестаттау нәтижелері бойынша білім беру грантын беру туралы куәлік беріле отырып өткізіледі.

18.3 Білім алушыларды аралық аттестаттау қорытындысы бойынша бос білім беру гранттары туралы ақпарат аралық аттестаттау қорытындысы шығарылғаннан кейін бірден Университеттің веб-сайтында жарияланады.

18.4 Бос білім беру гранттарын алуға конкурс өткізу кезінде үлгерімнің орташа балының көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, барлық оқу кезеңінде тек А, А- («өте жақсы»), содан кейін А, А- («өте жақсы») бастап В+, В, В- («жақсы») дейінгі бағалары бар білім алушылар басым құқыққа ие болады.

18.5 Жоғары білім алу процесінде бос білім беру гранттарын беру жазғы және қысқы демалыс кезеңінде, конкурстық негізде бар бос орындарға мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- ақылы негізде оқитын білім алушы мектепке одан әрі білім беру гранты бойынша оқуға Ректордың атына өтініш береді;

- Университет аталмыш өтінішті конкурстық негізде қарап, Ғылыми кеңестің шешімімен бірге ағымдағы жылдың 5 тамызы мен 25 қаңтарына дейінгі мерзімде оны ҚР МСМ және ҚР ҒЖБМ жолдайды.

- білім алушының өтінішіне Ғылыми кеңестің шешімімен бірге білім алушының транскрипті, оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және Университеттен шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқасы) қоса беріледі;

- бос білім беру гранттарына үміткерлер туралы ақпарат Университеттің веб-сайтында жарияланады;

- ҚР ҒЖБМ мәселені оң шешкен жағдайда білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады;

- ҚР ҒЖБМ бұйрығымен бос білім беру гранттары берілген білім алушылар қатарынан үміткерлер туралы ақпарат мүдделі тұлғалардың назарына Университеттің веб-сайтында орналастырылады;

- Университет Ректоры атынан білім беру грантын беру туралы берілген куәлік негізінде білім беру гранты бойынша одан әрі оқуға бұйрық шығарылады.

Бұл құжатты «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 77-сі

19. ОҚУ АҚЫСЫ

19.1. Оқу ақысы білім беру процесін қамтамасыз етудің нақты шығындары негізінде қалыптасады.

19.2. Оқу ақысын төлеу тәртібі білім алушы, білім беру қызметтеріне тапсырыс беруші және Университет арасында жасалатын ақылы білім беру қызметтерін көрсету шартына сәйкес реттеледі.

19.3 Білім беру қызметтеріне тапсырыс берушілер жасалған шарттарға сәйкес төлем мерзімдерін қатаң сақтауға міндетті. Оқу ақысы төленбеген жағдайда Университет білім беру қызметтерін ұсынуды тоқтатуға, білім алушыны оқудан шығаруға құқылы.

19.4 Оқу ақысы келісім-шартқа сәйкес белгіленеді және білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеруінің барлық кезеңінде өзгеріссіз қалады.

20. БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТ

20.1 Университет түлектеріне жоғары білім туралы өз үлгісіндегі құжат беріледі.

20.2 Жоғары білім туралы құжатты білім алушылардың оқуды аяқтағаны туралы бұйрық негізінде беріледі.

20.3 Университеттен шығарылған білім алушыға Университет Ректоры қол қойған және Университеттің мөрімен куәландырылған транскрипт жазылады, оған «FX» және «F» қанағаттанарлықсыз бағаларын қоса алғанда, қорытынды бағаларды көрсете отырып, білім алушы игерген барлық оқу пәндері енгізіледі.

20.4 Жоғары білім туралы құжаттарды, сондай-ақ дипломға қосымшаларды (транскрипт) рәсімдеуді және беруді Тіркеу кеңсесі жүзеге асырады.

21. ТҮЛЕКТЕРДІҢ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУЫ

21.1 Университет түлектерінің (бакалавриат, магистратура) табысты жұмысқа орналасуын білім беру қызметінің тиімділігінің басты көрсеткіші ретінде қарастырады. Университет еңбек нарығының сұраныстарына сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру мақсатында жұмыс берушілермен ұзақ мерзімді көпжақты ынтымақтастықты қолдайды; жұмыс берушілер қатарынан тәжірибелі оқытушыларды оқу сабақтарын өткізуге, соның ішінде сырт ұйымдардың базасында, сондай-ақ түлектердің қорытынды аттестациясына қатысуға тартады. Бұл түлектердің бәсекеге қабілеттілігін және сұранысқа ие болуын қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады.

21.2 Білім алушылардың әрі қарай жұмысқа орналасуына жәрдемдесу үшін Университетте құзыреттілік, мансап және жұмысқа орналастыру бөлімі жұмыс істейді. Бұл бөлім жұмыс берушілерді білім алушылар мен түлектерді жұмысқа орналасу және кәсіби тәжірибеден өту мүмкіндіктері туралы хабардар ету мақсатында Университет базасында түрлі іс-шаралар өткізуге тартады.

21.3 Түлектерді тарату түлектерді орналастыру жөніндегі арнайы құрылған Комиссия арқылы жүзеге асырылады, оның отырысы жыл сайын 1 шілдеден кешіктірілмей өткізіледі.

21.4 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған, бірақ міндетті түрде жұмыс істеуден бас тартатын түлектер оқуға жұмсалған қаржыны толық көлемде ҚР ҒЖБМ Қаржы орталығына қайтаруға міндетті. Егер бұл орындалмаса, мемлекеттік

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ академиялық саясаты		
Бекітілген 22.01.2025 ж.	Басылым №4	78 беттің 78-сі

бюджеттен олардың оқытуына жұмсалған қаражатты Қаржы орталығы сот тәртібімен өндіріп алады.

21.5 Міндетті түрде жұмыс істеуден босату Қазақстан Республикасының заңнамасымен, атап айтқанда, ҚР «Білім туралы» Заңының 47-бабының 17-тармағымен және «Маманды жұмысқа орналастыру, бюджет қаражаты есебінен жұмсалған шығындарды өтеу, Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған жағдайда жұмысқа өз бетінше орналасу құқығын беру, міндетті жұмыс істеу міндетінен босату немесе тоқтату тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.